

Б. ӘРІНОВА, Қ. МОЛДАСАН, А. БАЙШАҒЫРОВА

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық

8

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұсынған

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
сарапшыларымен келісілді














Алматы «Атамұра» 2018

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2Қаз-922
Ә 72

Оқулық Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бекіткен негізгі орта білім беру деңгейінің 5–9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінің жаңартылған мазмұндағы Типтік оқу бағдарламасына сәйкес дайындалды.

Шартты белгілер:

	– ойтүрткі		– жұптық жұмыс
	– тыңдалым		– топтық жұмыс
	– айтылым		– сұрақ-тапсырма
	– оқылым		– өздік жұмыс
	– жазылым		– шығармашылық тапсырма
	– диалог		– ойтаразы

Әрінова Б. т.б.
Ә 72 **Қазақ тілі:** Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық / Б. Әрінова, Қ. Молдасан, А. Байшағырова. – Алматы: Атамұра, 2018. – 128 бет.

ISBN 978-601-331-152-4

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2Қаз-922

ISBN 978-601-331-152-4

© Әрінова Б., Молдасан Қ.,
Байшағырова А., 2018
© «Атамұра», 2018

АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті оқушы!

Бұл оқулық ұлттық құндылығымыздың бірі – тілімізді оқытуға арналған. Халқымыздың мәдени-әлеуметтік өмірінде туған тіліміздің орасан зор мәні бар. Әр халық өзінің тілін сыйлап, оны мақтан тұта білуі керек. Өйткені халықтың даналығы, даралығы, тарихы мен шежіресі сол халықтың тілінде жазылып, сол тілде ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып қалады. Ең бастысы, туған тіл арқылы ұлттық сана, ұлттық бейне қалыптасады. Тіл ұлттың тарихын, өткен өмірін және барлық болмысын танытатын құрал ретінде өз топырағында дамып өркендейді. Қазіргі қазақ тілі – қоғамның білімділігін, сауаттылығын танытатын құндылықтардың бірі.

Тіл – қасиетті, құдіретті ұғым. Бұл сыныпта тілдің мәнін ұғына отырып, оның қоғамдық-әлеуметтік өмірдегі қажеттілігін түйсінетін боласың. Тіл арқылы ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы жинақтаған асыл мұраларымен танысасың. Қазақ тілін оқып-үйрену негізінде қазіргі таңда болып жатқан сан алуан ғылыми, әлеуметтік жетістіктер туралы көптеген мағлұмат аласың.

Танымдық мәтіндер сенің жас ерекшелігіңе сай құрастырылды. Орындауға ұсынылған тапсырмалар мен сұрақтар шығармашылық қабілетіңді дамытуға, жаңаша ойлауға, көрсетілген мәселе бойынша тез шешім қабылдай алуға жетелейтін жұмыс түрлерінен тұрады. Сабақта қолданылатын интербелсенді әдістер, инновациялық технологиялар сенің оқулықтағы тілдік білімді ұтымды меңгеруіңе көмектеседі деп сенеміз. «Қазақ тілі» деп аталатын ғажап әлемге басқан қадамыңа сәттілік тілейміз!

(Авторлар)

КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБАЛАРЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЖАЗУЫ

1-бөлім

1–2-сабақ

КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІ



1-тапсырма. Көне түркі жазба ескерткіштері туралы сұрақтарға жауап бер.

- Неліктен көне түркі ескерткіштері деп аталады?
- Өзің тұратын аймақта қандай ескерткіштер бар?
- Ол ескерткіштердің құпиясы неде?



2-тапсырма. Мәтінді мұқият тыңда. Тыңдалған мәтін бойынша көтерілген мәселені болжап, түйіндеме (аннотация) жаз.

Тілдік бағдар

Бас әріппен жазылатын күрделі-құрама атаулар

- Халықаралық ұйымдардың аттары;
- жеке мемлекет ретіндегі республика аттары;
- мемлекеттік мекемелердің, жоғары ұйымдардың күрделі атаулары;
- жоғары дәрежелі қызмет атаулары мен берілген атақтардың әр сөзі бас әріппен жазылады.

Бас әріппен жазылатын сөздер	Мысалы
Жалқы есімдер	Теміртау, Айболат
Ең жоғарғы мемлекеттік қызмет атаулары	Президент Әкімшілігі
Мемлекет, республика, жоғарғы мекемелер мен ұйымдардың күрделі атаулары	Қазақстан Республикасы
Қысқарған сөздер	БҰҰ, ТМД
Мекемелер мен білім орындары күрделі атауларының бірінші сөзі	Қазақ Ұлттық университеті
Кітап, газет, журнал аттары	«Егемен Қазақстан», «Абай жолы»



3-тапсырма. Ойды оятуға арналған жаттықтыру сұрақтарына жауап беріп, тапсырмаларды орында.

- Көне түркі жазбалары туралы қандай мәлімет қосар едің?
- Тыңдалған мәтіннің мазмұны бойынша өз ойыңды дәйектеп айт.
- Көне жәдігер деген не? Өз анықтамаңды ұсынып көр.
- Тыңдалған мәтіннен бас әріппен жазылатын күрделі-құрама атауларды тауып жаз.



4-тапсырма. Берілген мәліметтер бойынша көне түркі жазба ескерткіштерін тұңғыш зерттеуші ғалым ретінде рөлге бөлініп, күрделі-құрама атауларды байланыстырып, сұхбат құрындар.

- Дания елінің ғалымы В. Томсен.
- Түрколог В.В. Радлов.
- Түрколог С.Е. Малов.
- Швед офицері Ф.И. Страленберг.
- Орыс ғалымы Н.М. Ядринцев.
- Түрколог, әдебиеттанушы М. Жолдасбеков, түрколог Қ. Сартқожаұлы.
- Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінің табылған жерлері.
- Ежелгі дәуір әдебиетіне жататын ескерткіштер, шығармалар.
- Көне түркі әдебиеті.
- Орхон жырларының негізгі ойы.
- Құлшытастағы жазулар.
- Күлтегін жырының батырлар жырына ұқсастығы.
- Ескерткіштерде суреттелетін, баяндалатын оқиғалар.



5-тапсырма. Тыңдалған мәтіннен көтерілген мәселе негізінде бас әріппен жазылатын күрделі-құрама атауларды қатыстыра отырып, өз пікіріңді жаз.



6-тапсырма. Берілген пікір негізінде өз ойыңды жалғастырып жаз.

Шын мәнінде, ешбір халықта жазу мәдениеті қалыптаспаған кездің өзінде біздің бабаларымыз өз тарихын тасқа қашап жазып кеткен.

(Олжас Сүлейменов)



7-тапсырма. Сабақтан алған әсеріңді жаз. Бас әріппен жазылатын күрделі-құрама атаулардың орфографиялық нормаға сай болуын ескер.

3–4-сабақ

ЕНИСЕЙ, ТАЛАС, ОРХОН ЕСКЕРТКІШТЕРІ



1-тапсырма. Мәтінді оқып, тақырып қой. Мәтінді жалғастыр.

Орхон-Енисей жазба ескерткіштеріне «Күлтегін» және «Тоныкөк» жырлары жатады. Бұл жыр түркілердің ерлігін, елдігін дәріптейтін тұңғыш батырлар жыры болып саналады. Түркілердің өз елі, жері үшін жүргізген соғыстарын атап көрсетеді де, сол жеңістердің оңайға түспегені, оған Тоныкөктің ақыл-кеңесімен және ерлік істерімен үлес қосқаны суреттеледі. Тоныкөк жырында дидактикалық сарындағы қанатты сөздер, афоризмдер, мақал-мәтелге айналып, халықтық тілге біржолата сіңісіп кеткен сөз тіркестері жиі кездеседі. Әсіресе *Тәңір, түркі, бек, бай* деген ұғымдар тілімізде күні бүгінге дейін алғашқы мағынасында қолданылады. Бұны көне түркі мәдениеті мен бүгінгі қазақ мәдениеті сабақтастығының белгісі деуге болады.


(«Қазақтың тәлімдік ойлары» антологиясы)



2-тапсырма. Мәтін бойынша жоспар құрастыр.

Тілдік бағдар

Күрделі сөз деп кемінде екі я одан да көп дара сөзден құралып, ырғақ жағынан бірыңғай, лексика-семантикалық жағынан біртұтас, лексика-грамматикалық жағынан бір бүтін тұлға болып бірлесіп тұрақталған құрама сөзді айтамыз. Күрделі сөздер жасалу жолына қарай төрт түрлі болады.





3-тапсырма. Тіл тазалығын сақтау жолдарын қарастырып, төмендегі сұрақтарға жауап бер.

- 1) Көне түркі ескерткіштерінің зерттелуі қаншалықты маңызды?
- 2) Тілді қолданудың өзіндік талаптары бар ма?
- 3) Әркімнің өз бетінше сөйлей беруі сөздің мағынасына әсер ете ме?
- 4) Тіл тазалығын қалай сақтап қалуға болады?



4-тапсырма. Мәтін бойынша сұхбат құрыңдар.

Азамат үшін өз өмірін өрелі мақсат жолында сарп етуден артық мұрат жоқ. Азаматтық белсенділік тек елдің алдымен білегін түріп шыға келетін елгезектік емес, ол – бүгінгі күн пәрменінен ертеңгі келешектің көкейтесті мүддесін тапжылтпай танып барып, қайратқа жүгініп, әрекетке жүгіретін қапысыз көрегендік. Мұндай өресі биік күресте сара ақылмен қоса, салқын сабыр – таптырмас қару. Ұрпақтың ұрпаққа қалдырар ең асыл мұрасы – өзі бастан кешкендерден түйген азды-көпті рухани тәжірибесі. Одан қол үзген қауым – өзінің келешегінен күдер үзген қауым.

(Әбіш Кекілбаев)

1. Еліңнің тағдыры – өзіңнің тағдырың.
2. Бүгін сен түзелсең, ертең ел түзеледі.
3. Еліңнің жұты болма, құты бол.
4. Бақ атадан қалған мұра емес.

(Мырзатай Жолдасбеков)

Зиялылар өз халқына қызмет етудің, халықпен ортақ тіл табыса білудің неғұрлым тиімді жолдарын таба білуі тиіс.

Ұлттық рухтың негізі – ұлттық тіл.

Тіл – халықтың перзенті.

Ұлттық зиялылар қатарына тек өз халқының саяси-экономикалық және әлеуметтік дамуына қалтқысыз қызмет ете алатын адамдар ғана кіре алады.

(Мұстафа Шоқай)



5-тапсырма. Күрделі сөздерді қатыстыра отырып, шағын мәтін жаз.



6-тапсырма. Берілген сөз тіркестерін қатыстыра отырып, «Менің елім» тақырыбында пікірлесіңдер.

Мәдени орындар, құпия жазу, сұлу табиғат, тарихи оқиға, ұлттық ою-өрнек, қара шаңырақ.



7-тапсырма. Баспасөз беттеріндегі «Латын әліпбиіне көшу» туралы ақпараттар негізінде пікірлесіңдер.



8-тапсырма. «Шығу парағын» толтыр.

- Бүгінгі сабақтан не білдің, бұрын қандай мәлімет білетін едің?
- Бас әріппен жазылатын қандай күрделі-құрама атауларды білесің?

5–6-сабақ

ҚАЗАҚ ЖАЗУЫ



1-тапсырма. Берілген сұрақтарға жауап бер.

1. Көне түркі жазба ескерткіштерін зерттеген ғалымдардың еңбегі туралы не білесің?
2. Орхон ескерткіштері қай жерден табылған?
3. Көне түркі ескерткіштерінің құндылығы неде?
4. Жазбаша әдебиеттің дамуы туралы не білесің?



2-тапсырма. Сызба бойынша қазақ жазуы туралы мәліметтер жина.





3-тапсырма. Берілген суреттер бойынша «Тарихи жәдігерлер» тақырыбына күрделі сөздерді қатыстырып, мәтін құрап жаз.



Тілдік бағдар

Кез келген сөз қысқартыла бермейді, тек күрделі атаулар қысқарады. Шартты түрде қысқарту арқылы жасалған күрделі атауларды **қысқарған сөз** деп атаймыз.

Қысқарған сөздер төрт түрлі жолмен жасалады:

1. Күрделі атаудың әр сөзінің басқы дыбысы алынады: **АҚШ** – Америка Құрама Штаттары, **БҰҰ** – Біріккен Ұлттар Ұйымы, **ҚХР** – Қытай Халық Республикасы. Бұған тек өлшем атаулары бағынбайды: **м** – метр, **кг** – килограмм, **мм** – миллиметр, **г** – грамм т.б.

2. Күрделі атаудың бірінші сөзінің алғашқы буыны және қалған сөздерінің басқы дыбысы алынады: **ҚазҰПУ** – Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті, **ҚазҰУ** – Қазақ Ұлттық университеті.

3. Күрделі атаудың алғашқы сөзінің алғашқы буыны алынып, келесі сөз түгел айтылады: **педколледж**, **мединститут**.

4. Қысқарған сөздердің бұл айтылғандардан басқа **ТУ-114**, **АН-24**, **см**, **км**, **мм**, **дм** т.б. сияқты түрлері бар.

Қысқарған сөздердің құрамындағы әріптердің, буындардың, буын мен сөздердің араларына ешқандай белгі қойылмайды.



4-тапсырма. Мәтінді мұқият оқы. «Қазақ жазуы» тақырыбында сыныптасыңмен пікірлес.

Қазақ жазуы

Қазақ жазуы – қазақ халқының мәдени өмірінде басқа да түркі халықтарымен бірге пайдаланып келген әртүрлі әріп таңбаларынан тұратын дыбыстық жазу жүйесі. Қазақстан жерін жайлаған көне ғұн, сақ тайпалары (б.з.б. 5–4 ғ.) пайдаланған көне («Есік жазуы») жазу сол тайпаларға тән мәдениеттің (жазуының да) тарихи мұрагері – қазақ халқының негізін құраушы үйсін, қаңлы, қыпшақ т.б. тайпалардың көне жазуы болып саналады. Көне замандағы қазақ ру-тайпаларының түркі дүниесіне ортақ Орхон-Енисей, Талас ескерткіштеріне негіз болған руна жазуы (5–12 ғ.), көне ұйғыр жазуы, 8 ғасырдан бастап бүгінге дейін қолданылып келе жатқан араб жазуы, Қытай қазақтары ағарту жүйесінде бір кездерде (1929–1940; Қытай 1960–1970) қолданыста болған латын жазуы, кирилл жазуы (1940 жылдан кейін) – осылардың бәрі қазақ жазуының негізі болып табылады. Араб графикасына негізделген қазақ әліпбиін кезінде А. Байтұрсынов реттеп, тіл ерекшеліктеріне сай жетілдіріп, ол 30-жылдарға дейін «төте жазу» деген атпен қолданылып келді. Бұл жазудың емлесі морфологиялық дәстүрге негізделген. 1940 жылы орыс графикасы негізінде қалыптасқан қазақ әліпбиі мен орфографиялық емлесіне әр кезде (1957, 1970) түрлі өзгерістер енгізілді. Кирилл жазуының қазақ тіліне тән ерекшеліктердің барлығын дұрыс көрсете алмауына байланысты 2018 жылдан бастап, қазақ ұлттық жазуы латын графикасына көшіріле бастады.

(«Қазақ әдебиеті» энциклопедиялық анықтамалығы)



5-тапсырма. Жалғастырып жаз.

1. Қазақ тілі – ең бай тіл.
2. Қазақ тілі –



6-тапсырма. Мәтін негізінде сөз өнері туралы өз ойларыңмен бөлісіндер.

Сөз өнері

Сөз өнеріне жұмсалатын зат – сөз.

Сөз шумағы «тіл» деп аталады. Сөз өнеріне жұмсалған сөз шумағы да тіл я лұғат деп аталады... Сөз өнері деп, асылында, нені айтамыз? Бір нәрсе турасындағы пікірімізді, яки қиялымызды, яки көңіліміздің

күйін сөз арқылы айта білсек, сол сөз өнері болады. Ішіндегі пікірді, қиялды, көңілдің күйін тәртіптеп қисынын, кестесін келістіріп, сөз арқылы тысқа шығару – сөз шығару болады. Шығарма дегеніміз – осылай шығарған сөз. Сөзді бұлай етіп шығаруға көп өнер керектігі жоғарыда айтылды. Сөз шығару өнерді қорек қылса, өнер ғылымды қорек қылады. Мұнан сөз өнерінің ғылымы туады...

(Ахмет Байтұрсынов)



7-тапсырма. Кестені толтыр.

Тарихи орындар	Тарихи ескерткіштер	Көне қалалар	Көне кесенелер	Еліміздің көрікті жерлері



8-тапсырма. Мәтін бойынша сөйлемдерді толықтырып жаз.

1. Сөз өнеріне ...
2. Бір нәрсе турасындағы ...
3. Шығарма дегеніміз – ...
4. Сөз шығару ...



9-тапсырма. «Көне түркі және қазақ жазуы» деген тақырыпта қысқарған сөздерді қатыстыра отырып, әссе жаз.

7–8-сабақ

ЕСКЕРТКІШТЕР – ЕЛ ТАРИХЫ



1-тапсырма. Өз қалаңдағы немесе ауылыңдағы мәдени ескерткіштер туралы шағын мәтін құрастыр және мәтіннің орфографиялық нормаға сай жазылғанын дәлелде.



2-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтін бойынша өз ойыңды жаз.



3-тапсырма. Көне түркі жазба ескерткіштері туралы өз болжамыңды жаз.



4-тапсырма. Сұрақтарға жауап жаз.

1. Түркі халықтарының әлемге танымал ойшылдары туралы не білесің?
2. Ұлы ойшылдардың қандай еңбектерін білесің?
3. Тарих қойнауындағы құпия деректер қызықтыра ма?
4. Тарих қойнауындағы деректер еліңнің ертеңі жайлы сыр шерте ме?
5. Көне түркі жазба ескерткіштері неше топқа бөлінеді?
6. Енисей, Талас, Орхон ескерткіштері қай жерден табылған?



5-тапсырма. Көне түркі жазбалары туралы ғалымдардың пікірін тауып, сызба жаса.



6-тапсырма. Сурет бойынша пікір алмасыңдар. Өз ойларыңды дәлелді пікірмен қорғандар.



Д. Қасымов. «Күлтегін»



7-тапсырма. Сабақтан алған әсеріңді, ойыңды жаз.

1. Не ұнады?
2. Не ұнамады?
3. Нені өзгерткің келеді?
4. Саған не қиын болды?
5. Саған ең пайдалысы не болды?

АДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ ӘЛЕМ МӘДЕНИЕТІ

2-бөлім

1–2-сабақ

ҚҰНДЫЛЫҚТАР ӘЛЕМІ



1-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап бер.

- Құндылық дегенді қалай түсінесің?
- Сен үшін не құнды?



2-тапсырма. Мәтінді мұқият тыңда. Төмендегі сұрақтарға жауап бер.

- Құндылықтарды қалай бөлуге болады?
- Мәдениетті неліктен «құндылық» дейді?
- Рухани құндылықтар туралы не білесің?
- Материалдық құндылықтар деп нені айтамыз?
- Құндылықтар мәселесі басқа қай пәнде қарастырылады?



Қазақстан Республикасы әрбір азаматының бақытты өмір сүруіне қажетті саяси-әлеуметтік құндылықтар мынадай үш топқа жіктеледі:

1. Қазақстанның тәуелсіздігі, мемлекеттегі бейбітшілік пен тыныштық, азаматтардың құқығы мен еркіндігінің кепілі, экономикалық қауіпсіздік, ұлтаралық келісім.
2. Отбасындағы береке, денсаулық, жеке және отбасы қауіпсіздігі, еңбекақысы жоғары және сүйікті кәсіп, саламатты өмір салты.
3. Жеке кәсіпкерлік үшін жағдайлардың жасалуы, қызметтік мансап, өмірлік жетістіктер, өмірдің тұрақты және қалыпты деңгейі.

Тілдік бағдар

Интонация – дауыс ырғағы. Түрлі интонациямен айтылған әр сөйлем әртүрлі мағына береді. «*Интонация*» термині латынның «қатты сөйлеу» деген сөзінен шыққан.

Интонация айтылған пікірлердің мағыналық және эмоциялық айырмашылығын көрсетеді, сөйлеушілердің көңіл күйін, олардың әңгіме тақырыбына, бір-біріне деген көзқарасын білдіреді.

Интонация лексикалық құрылым, синтаксистік қатар мен фразаның стильдік ерекшелігін танытып, дыбыстық әрі негізгі әуеннің, дауыс пен ырғақтың, кідіріс пен екпіннің өзгеруімен танылады.

Әр халықтың сөйлеу интонациясына сәйкес өзіне тән ішкі ерекшелігі бар. Олар: *әуен, әуез, (тембр), қарқын, ұзақтылық, кідіріс.*



3-тапсырма. Мәтінге әдеби тілдік норма бойынша талдау жаса. Мәтінді дауыс ырғағына қарай оқы.

Баршамызға белгілі, жер-әлемдегі құбылыстар сөт санап, әр кезде, күнде өзгеріске түсіп, жаңғырып жатыр. Бұл – заңдылық. Өзгермейтін бір ғана заңдылық – адами қарым-қатынас пен адамгершілік ілімі. Ол – қайырымдылық, көмек-жәрдем, адал мен арамды айыра білу, кішіпейілділік, көркем мінез, инабаттылық, кісі ақысын жемеу, өсім алмау, өсек-өтірік айтпау, ғайбат сөйлемей, уәдеде тұру, сараң да, ысырапқор да болмау, ата-анаға кіршіксіз мейірім, ағайын-туысқа қолғабыс, рухани және ар-ұждан тазалығы, көршіңмен татулық, сыйластық, үлкенге құрмет, кішіге қамқорлық, Отан алдындағы парыз, қоғамдық міндет-борыш, отбасымыздағы шынайы қарым-қатынас, ер-азаматтардың жоғары жауапкершілігі, қоршаған ортаны аялау, хайуанаттар әлеміне деген аяушылық.

(*Бейбіт Сапар Али*)



4-тапсырма. Мәтінді оқып, автордың ойын жалғастыр. Дауыс интонациясына, оқылу әуеніне мән бер. Мәтін бойынша сұрақ құрастырып, жауаптарыңды дәлелде.

Кімнің Отаны болса, сол халық болады

(Үзінді)

Қазақтың «кіндік қаны тамған жер» деген сөзі – қасиетті ұғым. «Туған жер», «Атамекен» – адамзаттың өшпес махаббатының символы, кез келген халық үшін қасиетті ұғым. Ол барлық халық өндеріне, аңыз-өңгімелерге, дастандарға арқау болып келеді. «Атамекен – алтын бесік» жыры – адам баласының құдіретті әуені. Ол әрбір адамның қанымен беріледі. Адам осы жерде өмірге келіп, осы жерде өмірден өтетінін ежелден түйсіне білді. Бұл – заңды да әділ қағидат. Болмыстың мәңгілік айналымы осындай. Бұл – ата-бабаңның адал тері мен кіндік қаны тамған сенің жерің. Сондықтан да ол саған қымбат. Оны туған аңадай риясыз жақсы көресің, Muttererde – Жер-Ана дейміз.

Отан дегеніміз не? Бәрін бір ауыз сөзбен жеткізе алуымыз қиын шығар. Ол – махаббат сияқты ғаламат ұғым. Ол – өлшеусіз құндылық. Мен мынадай ақиқатқа көз жеткіздім: Отан дегеніміз – сенің өткенің, қазіргің және болашағың. Отаннан тыс өмір сүру – тек қазіргі өмірің ғана, өткенің, болашағың жоқ. Тегінде, кімнің Отаны болса, сол ғана халық, қалғандары – ел-жұрт.

(Герольд Бельгер)



5-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқып, дауыс ырғағыңа мән бер. Ең басты құндылықтарға назар аудар. Сен үшін адамзаттық құндылыққа не жатады? Өз жауабыңды автор көзқарасымен салыстырып, байланыстырып айт.

Тағдырыңды тамырсыздық індетінен қалқала,
Мазмұн жоқта мазмұнсыздық шыға келер ортаға.
Әр адамда өз анасынан басқа да,
Ғұмырына етер мәңгі астана,
Демеп жүрер, жебеп жүрер арқада,
Болу керек құдіретті төрт ана:
ТУҒАН ЖЕРІ – түп қазығы, айбыны,
ТУҒАН ТІЛІ – мәңгі өнеге айдыны,
ЖАН БАЙЛЫҒЫ, САЛТ-ДӘСТҮРІ – тірегі,
Қадамына шуақ шашар үнемі
Және ТУҒАН ТАРИХЫ.
Еске алуға қаншама
Ауыр әрі қасіретті болса да,
Құдірет жоқ төрт анаға тең келер,
Онсыз санаң қаңбаққа ұқсап сенделер.
Өзге ананың ұлылығын танымас,

Төрт анасын менсінбеген пенделер.
 Төрт анадан сенім таба алмаған
 Тамырсыздың басы қайда қалмаған?!
 Төрт анасын сыйламаған халықтың
 Ешқашан да бақ жұлдызы жанбаған.
 Қасиетті бұл төрт ана – тағдырыңның тынысы,
 Төрт ана үшін болған күрес – күрестердің ұлысы.

(Мұхтар Шаханов)



6-тапсырма. Сөйлемдегі ойды жалғастырып, мәдениет туралы өз пікіріңді жаз. Интонация түрлерін анықта.

Мәдениет дегеніміз – адамдардың өмірі мен іс-әрекетінен, олардың материалдық және рухани байлықты жасауынан көрінетін қоғам мен адамның белгілі бір тарихи даму дәрежесі.



7-тапсырма. «Адамзаттық құндылықтар» тақырыбына төмендегі сөйлемдерді қолданып, пікірлесіңдер. Сөйлеу интонациясына мән беріңдер.

1. Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілік, құрмет – азаматтықтың көрінісі.
2. Елін, жерін сүйетін адам туған топырағының кешегісін бүгінімен, бүгінгісін ертеңімен жалғастыра алады.
3. Бойында ұлттық намыс пен ұлттық мақтанышы бар адам өз еліне адал қызмет етіп, оның жарқын болашағына сенеді.
4. Отанын қастерлеп, білімі мен еңбегін елінің мүддесіне, игілігіне жұмсайды.



8-тапсырма. Газеттердің бірінен құндылықтар туралы жазылған бір мақаланы таңдап алып, онда көтерілген мәселені түсіндіріп жаз. Тезистік жоспар құр. Интонация компоненттерінің астын сыз.



9-тапсырма. Төмендегі нақыл сөздерде айтылған ойға сәйкес ана тілінің адамзаттық құндылық екенін дәлелдеп айтыңдар.

Ана тілі... – жүректің терең сырларын, басынан кешкен дәуірін, қысқасы, жанның барлық толқындарын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, сақтап отыратын қазына.

(Жүсіпбек Аймауытов)

Бұл дәуірде өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам толық мәнді интеллигент емес деуге болады. Себебі онда қандай мамандықтың білімі болса да, рухани ой тәрбиесінде сыңаржақ азамат болады. Ана тілін білмейтін адам мәдениетті адам санатына қосылмайды.

(Мұхтар Әуезов)

Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту.

(Бауыржан Момышұлы)



10-тапсырма. Төменде берілген мәтіннің авторын, шығарманың атын тап. Жазушының ойын өз пікіріңмен жалғастырып, мәселені құндылық тұрғысынан дәлелдеп жаз.

Парижде болдым – Париж түсіме кірмеді. Мысырда болдым – Мысыр түсіме кірмеді. Қытай, Моңғолия, Үндістан, Пәкстан, Иранға бардым. Мұхиттың арғы бетіндегі Техаста, Чикагода, Нью-Йоркте болдым – олар да түсіме кірмеді. Баяғыда Мәскеуде бес жыл оқыдым – оны да түсімде көрмедім. Түсімде ылғи балалық шағымды көрдім. Түсіме күн сайын Мыңбұлақ кіреді. Түсімде Ақсу-Жабағылыны көремін. Түсімде ылғи туған үйімді көремін.



11-тапсырма. «Мен үшін құндылық деген ...» сөйлемін қолданып, бүгінгі сабақтан алған білімдеріңді, әсерлеріңді өз ойларыңмен жеткізіндер. Сөйлемдегі интонацияға мән беріндер.

3–4-сабақ

АДАМ – ЕҢ ЖОҒАРЫ ҚҰНДЫЛЫҚ



1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, төмендегі сұрақтарға сәйкес өз ойыңды жалғастыр.

- Адам өмірінің мәні мен мағынасы неде?
- Неліктен адамды «ең жоғары құндылық» дейді?



2-тапсырма. Өлеңді дауыс ырғағына салып, мәнерлеп оқы. Өлең мәтіні бойынша сұрақ құрастыр, ойыңды дәлелде.

Аман болсын адамдар!

Айналайын Адамдар,
Болашаққа аман бар!
Жұмыр жерде ғұмыр бар,
Ғұмырлы бол, Адамдар!

Балдан төтті балаң бар,
Бала баққан анаң бар.
Шошытпаңдар екеуін,
Айналайын Адамдар!


Айналайын Адамдар,
Келер күнге адал бар.
Бөбек өсіп келеді,
Алды-артыңа қараңдар!

Бала үшін өлеңім,
Ана үшін өлеңім.
Айналайын Адамдар,
Аман болсын бөбегің!

(Оспанхан Әубәкіров)

Тілдік бағдар

Интонацияның ең басты компоненті *әуен* (мелодика) деп аталады. Әуеннің сөйлемдегі атқаратын қызметі әр алуан.



Интонация-
ның компо-
ненті – дауыс
диапазоны

1

- Негізгі әуеннің жиілігімен қатар жүреді.
- Әуеннің кеңдігі мен тар деңгейін анықтайды.

2

- Дауыстың кең шығуының адамға әсері ерекше.
- Көбінесе эмоциямен тығыз байланысты.

3

- Ұранмен айтылған сөздердің, лепті сөйлемдердің дауыс диапазоны көлемді болады.

Дауыс диапазоны *кең, тар, орташа* деген үш түрлі деңгейде болып келеді.



Ұзақтылық – интонацияның уақыттық өлшемі. Сөйлемнің айтылу ұзақтылығы қарқынмен тығыз байланысты.



3-тапсырма. Мәтінді оқып, түсінгеніңді айт. Көтерілген мәселені өз ойыңмен жалғастыр. Сөйлеу барысында интонацияға назар аудар. Әуен, қарқын, ұзақтылық, кідіріс, әуез (тембр) бойынша мәтінді оқуға жаттық.

Ұлт намысы

Адам... Адам болу – қасиетті атақ. Адам атың болған соң, сен – ата-анаңның, еліңнің, Отаныңның перзентісің. Отан алдындағы қарызың мен парызың – ең ұлы жауапкершілігің.

Адами қасиеттердің арқауы – Ар, Ұят, Намыс. Намыс адам өмірінің әр сатысында әртүрлі байқалады. Ол мен деген сәби намысы, ол – өзін-өзі

біле бастаған балғын жастың жігіттік намысы, ол – бойжеткен ару намысы, ағайынның аты озғандағы, ауылдастың тайы озғандағы ер намысы, азаматтық намыс, ұлттық намыс. Ұлт намысына мінсең, сен алмайтын қамал жоқ. Отанын сүюдің негізі – ұлттық намыс. Намысы бар ұл айбынды келеді, айдынды келеді, жоғалғанды табады, ұмытылғанды алады, өркениет төріне жол салады.

(Манаш Қозыбаев)



4-тапсырма. Мәтінді оқындар. Мәтіндегі мақалдар бойынша интонация компоненттерін анықтаңдар. Мәтін бойынша ой бөлісіндер.

Ұят – ең қадірлі қасиет. Адамзат бойында табиғи берілетін ұлы құндылық. Ұят – жасаған әрекетіңнің жөнсіздігін түсінушілік. Намысқа кір келтірушілік, моральдық рухтың асқақтығын қорлау – масқара болушылық. Қазақта «Өлімнен ұят күшті», «Ақылың болса, арыңды сақта: ар-ұят керек әр уақытта», «Еңбек өмірді ұзартады, ұят бетті қызартады», «Бар барын жейді, ұятсыз арын жейді» деген мақалдар қазіргі уақытта жиі қолданылады. Бала тәрбиесінде де, отбасында да осындай тілдік құндылықтар арқылы ұлттық болмысымызды дұрыс сақтауға тырысып келеміз.

Ұят туралы ұлыларымыз да айтып кеткен. Хакім Абай атамыз отыз алтыншы қарасөзінде: «Кімнің ұяты жоқ болса, оның иманы да жоқ» деген. Халық жазушысы Әзілхан Нұршайықов: «Мен ұят деген сөзді өте жоғары бағалаймын. Ұят дегенді ұлы күш деп ойлаймын. Адамшылықтың, адалдықтың, уәдешіліктің, тұрақтылықтың, тазалықтың түп қазығы – ұят деп білемін. Ұяты жоқтан үміт күтпеймін. Ұры-қары, қарақшы, қаныпезерлер ұяты жоқтан шығады. Ұят – ең қымбат қасиет, ұяттыда иман бар» деп дәйектеп көрсеткен болатын. Махмұд Қашқари «Ұяты бармен – ұрысыс, ұятсызбен – ұстаспа» десе, Жүсіп Баласағұн «Бар бөледен ұят сақтайды. Барлық жақсы істің байламы да ұятта», «Ұят – жаман ойдың жүгені», «Пәле-жала жолын ұят кеседі. Ұятсыздық – ердің емсіз кеселі» деп даналық айтқан еді. Саиф Сарай «Ұятсыз адам иттен де жаман» деп теңеген болатын. Әлішер Науаи «Опасызда ұят жоқ, ұятсызда опа жоқ» деген еді.

Шынында, ұяты мол адам жамандыққа бармайды. Себебі оның бойына ізгілік қасиет ұялаған. Ата-бабамыз жас ұрпақты әдепсіз қылықтардан аулақ болу үшін «ұят болады» деген ырым-тыйымдармен тәрбиелеп отырғаны да белгілі. Қазақы дәстүріміздегі әрбір салт-жоралғы, тыйымдардың дұрыс орындалуының өзі – ұят пен адалдықтың өлшемі.

(Айгүл Әмірбаева)



5-тапсырма. «Тілдік бағдар» айдарындағы ережелердің өзіне тән ерекшелігін, қасиетін, қызметін, маңызын талда.

Семантикалық карта		
Тілдік бағдар	Сұрақтар	Жауаптар, мысалдар
<i>Интонация</i>	Қандай компоненттері бар?	
<i>Әуен</i>	Басты ерекшелігі неде?	
<i>Дауыс диапазоны</i>	Қандай деңгейлерге бөлінеді?	
<i>Ұзақтылығы</i>	Интонация ұзақтылығы деген не?	



6-тапсырма. «Адамзаттық құндылықтар әлемі» тақырыбына диалог құрыңдар. Интонация компоненттеріне мән бер.

1-қадам: Сұхбат алу.

2-қадам: Орындарымен алмасу.

3-қадам: Диалог құру.



7-тапсырма. Суреттерге қарап, мәтін мен сұрақтар құрастыр. Мәтінде бұлардың құндылық екенін білдіретін сипаттамалар болуы тиіс.





8-тапсырма. «Адамзаттық құндылықтар» тақырыбына эссе жазу үшін тезистік жоспар құр. Жазба жұмысына алынған мәліметтер деректі болуы шарт. Мәселені ашу үшін өз ойыңды дәлелдеп тұжырымда.



9-тапсырма. «Құндылық» сөзіне бес жолды талдау жаса.

1. Зат есім. Не? Құндылық.
2. Сын есім. Қандай? Баға жетпес, асыл.
3. Етістік. Не істейді? Құрметтейді, сыйлайды.
4. Синоним. Байлық, рухани қазына, мұра.
5. Сөйлем ...



10-тапсырма. Сабақтан алған әсеріңмен және мәліметтермен бөліс.

«✓» – білемін	«+» – білмеймін	«-» – мен үшін жаңа ақпарат	«?» – мені таңғалдырды

5–6-сабақ

ӨМІРЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР



1-тапсырма. Мәтінді мұғаліміңнің оқуында тыңдап, өз ойыңды жалғастыр. Дауыс ырғағына мән бер.

Адам қоғамда өмір сүргендіктен, өз құндылықтарын қоғамдық нормаларға сай дамытып отырады. Өмірлік құндылықтар барша адамзат баласына төн рухани қажеттіліктер болып саналады.

Рухани қажеттіліктер – әрбір адамның жан дүниесінің тереңінде жатқан, оны түрлі әрекеттерге ұмтылдыратын өмірдің идеалды формасы. Бұл өмірге, сұлулыққа талпынудан, тұрмыс қуанышынан, адамдар арасындағы қайырымдылық пен өзара түсіністіктің мәнін және өзінің өзгелерге керектігін сезінуден туындайды. Жақсылық үшін, адам игілігі үшін жасалған іс-әрекет рухани құнды деп саналады.

Өмірлік құндылықтар адамның өзін, айналасындағы адамдарды, әлемді және адамзаттың рухани тәжірибесін тануына байланысты қалыптасады. Өмірлік құндылықтардың қалыптасуында адамның ішкі жан дүниесінің даралығы мен тазалығы, төн мен жанның үндестігі маңызды рөл атқарады.

(Бақыт Айтұқызы)

Тілдік бағдар

Интонация туралы

Интонацияның келесі бір компоненті – сөйлеу қарқыны

Қарқын – сөйлеу кезіндегі айтар ойдың маңызды және маңызсыз тұстарын ажыратуға септігін тигізеді.

Ұзақтылық – уақыттық өлшемі.

Интонация – сөйлеу жылдамдығы

Қарқын көбінесе әуенмен, дауыс диапазонымен бірлесіп қызмет етеді.

Жалпы сөйлеудің өз деңгейінде өтуіне септігін тигізеді.

Пауза (кідіріс)

Интонацияның маңызды бөлігі

Сөйлеуде болатын үзікті кідіріс

Жазуда кідіріс орнын тыныс белгілері ажыратып отырады:

- 1) нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі, көп нүкте;
- 2) үтір, нүктелі үтір, қос нүкте, көп нүкте, сызықша



2-тапсырма. Берілген сөйлемдердегі астарлы ойдың мағынасын түсіндіріңдер. Интонация компоненттеріне мән беріңдер.

1. Әр адам – өз өмірінің суретшісі, әр адам өз бақытын өзі іздеп табады, әр адам өз өміріне өзі жауапты. 2. Сол себепті өмірлік құндылықтарды таңдауда да адам өзіне-өзі басшылық жасайды. 3. Адамның өмірлік бағыты қоғамның материалдық, рухани және мәдени дәрежесімен анықталады. 4. Сондықтан адам өмірінің көп жағдайы өмірдің бағытына байланысты. 5. Әр адам өз өмірінің бағытын өзі анықтауға тиісті.



3-тапсырма. Мәтінді бір-біріңе сұрақ қоя отырып, талдап оқыңдар. Өздерің білегін басқа дәстүрлер туралы пікірлесіңдер. Қарқын, кідіріс және т.б. интонация компоненттеріне мән беріңдер.

Жақсы дәстүр жайында

Балаға деген махаббатқа ештеңе теңдесе алмайды, ол – суынбайтын махаббат. Бұл қасиет – әр адамның бойына ана сүтімен бірге сіңген ұлы құндылық, мыңдаған жыл сақталып келе жатқан дәстүр. Осы белгілі жайды қайта-қайта айтудан, жастардың құлағына құя беруден жалықпаймыз. Көрілердің жағымды қылық, өнегелі істерін, жақсы дәстүрлерін жастар дамыта отырып, өзінен кейінгілерге табыс етуін арман етеміз.

Жақсы дәстүр ұзақ уақытқа сақталады, ұзақ өмір сүреді. Кейінгілерге даңғыл жол болып қалады. Дәстүр жайында мұнша сөз етуіміздің үлкен мәні бар, өйткені оны халық жасаған. Қазақ дәстүрі ата-ананы ғана емес, жалпы адамды сыйлауға баулиды. Үлкенге сәлем беру, орын беру, жол беру, кимелеп баса-көктеп өтпеу, үйіне келе қалса, атын байлап, есік ашу, төрге шақырып, жақсы қабақпен аттандырып салу, меймандос, жолдас-жораға қайырымды болу сияқты салт-дәстүрлердің бірі де ескірген жоқ. Бұлар – өмір бойы ескірмейтін, адам іштей әркез дәмәтіп тұратын табиғи құлық-мінездер. Біреулер сыйласуды, қайырымдылықты адамдық борышым деп істейді. Міне, бұл – ең қымбат қасиет. Жастар осы қымбатқа ұмтылуы керек.

Біз жастарымыздың азаматтық сипаты келісті болуын, дос сүйсініп, дұшпан күйінетіндей болуын тілейміз. Шыңды шың еткен төбе-шоқылар болса, ұлы сипат та ұсақ сипаттардан құралып, ұлылыққа жетеді. Әрбір жас – ол дәстүрді қорғаушы, орындаушы әрі дамытушы болғай-ақ.

(Ғабиден Мұстафин)



4-тапсырма. Төменде көрсетілген қағидаларды интонацияның компоненттерін қолданып, мәтінге айналдырып айт.

- Өмірде қандай жақсылық болса, соны көре біл!
- Барлық құбылысты жүрекпен қабылда!
- Өмірде кездесетін ұсақтыққа назар аударма!
- Өмірдің ең құнды жақтарын алуға тырыс!
- Қай жағдайда болмасын сабырлық сақта!



5-тапсырма. Мәтінді оқындар. Берілген ақпаратты мәселе ретінде талқылап, диалог құрындар. Тыныс белгілеріне сай пауза жасауға мән беріңдер.

Бақыт дегеніміз ...

Бақыт әркімнің өзіне, өмір сүрген ортасына, жағдайға байланысты. «Бақыттымын» деп паңданып, аяғын еріне басып жүрген көп кісілердің бақытсыз екенін өздері сезбеген. Тарихта дәулетке, атаққа паңданып, мәз болып, өмірін ақымақтықпен өткізгендер аз емес...

Бақыт дегеніміз – өз орнында, өз қалпында шамасы келгенше үлгілі өмір сүру, адал болу, ұсақтықтан, іштарлықтан қашық болу. Мұршасы, әлі жеткенінше өз заманын түсіне білу, өз қоғамымен бірге алған мақсатқа шын көңілімен адал қызмет істей білу. Өмірде кедір-бұдыр толып жатыр. Олар әр адым сайын ұшырасады. Олардан именбеу, жасқанбау, азаматтық міндетін қоғам алдында адал ақтай білу – мен білетін бақыт. Өз қамын ойлағандар толып жатыр. Олардың онысы – жай әурешілік.

Біреу бақытты оттан, біреу судан табады. Күйем-ау, тереңге батып кетем-ау деп қорықпастан барады. Ар-намысты қорғау – бақыттың шыңы. Қиыншылықтармен санаспастан азаматтық міндетті орындап шығу – ол да бақыттың шыңы. Жеңсең, бақыт.

(Бауыржан Момышұлы)



6-тапсырма. «Тілдік бағдар» айдарындағы ережелердің өзіне тән ерекшелігін, қасиетін, қызметін, маңызын талда.

Семантикалық карта		
Тілдік бағдар	Сұрақтар	Жауаптар, мысалдар
<i>Қарқын</i>	Қалай байқалады?	
<i>Кідіріс</i>	Басты ерекшелігі неде?	
<i>Жазудағы кідіріс</i>	Тыныс белгілері қалай қойылады?	



7-тапсырма. Суретке қарап, «Уақыт – баға жетпес құндылық» тақырыбына мәтін құрап жаз. Сөйлемдердегі интонацияның түрлерін ажырат.



8-тапсырма. Кестеге мұқият қара. Құндылықтарды өз қажеттілігіңе қарай топтастырып, сызба, кесте, диаграмма түрінде жаз.

Құндылықтар туралы түсініктер сонау ежелгі грек ойшылдарынан бастау алады. Қазақ халқының ұлттық дүниетанымында құндылықтар жүйесі адамгершілік пен ізгіліктен құралады. Қазіргі ғылымда «құндылықтарды» ұғым ретінде мынадай түрде қарастырады:

Құндылықтар жіктемесі	Құндылықтар
Өмірлік құндылықтар	Өмір, денсаулық, өмірдегі қуаныш, адамдармен қарым-қатынас, еркіндік, адамгершілік, отбасы, жеке бақыт, ұрпақ көбейту, күнкөріс көзі және жеке әрекет мәні ретіндегі жұмыс, игілік, уақыт, беделділік, заңдылық, мейірімділік, тәуелсіздік
Материалдық құндылықтар	Тамақ, киім, баспана, техника
Әлеуметтік-саяси құндылықтар	Қоғамдық тәртіп, қоршаған әлем, бостандық, қауіпсіздік
Рухани құндылықтар	Білім, ғылым, өнер

Мақсат құндылықтар	Махаббат, сұлулық, бостандық, отбасы, денсаулық, жұмыс
Әлеуметтік-мәдени құндылықтар	Саяси мүдделер, мемлекет тарихы, мемлекет мәдениеті, мемлекеттік ше-гара, аймақ дәстүрлері, тіл және т.б.
Жалпыадамзаттық құндылықтар	Отан, отбасы, тәрбие, білім, махаб-бат, достық, бейбітшілік, теңдік, бостандық, ана, дін, өнер, сенім, жауапкершілік, адалдық, ерлік т.б.
Ұлттық құндылықтар	Ар, намыс, ана тілі, діл, рух, тәуба-шылдық, ризашылдық, Отанының тарихы, туған жер, ізеттілік, парасаттылық, рақымшылдық, қанағатшылдық, ата салты, дәстүр
Этно-мәдени құндылықтар	Тіл, дін, діл, тарих, құқық, өнер
Абсолютті мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтар	Ақиқат, сүйіспеншілік, ішкі тыныштық, дұрыс әрекет, қиянат жасамау



9-тапсырма. Төменде берілген тұжырымдарға сәйкес «Бағалай білсең уақытты...» тақырыбында өз ережеңді ұсынып жаз. Тыныс белгілеріне сай кідірістің (пауза) екі түрін ажырат.

1. Бір күннің қадірін ауырып жатқан науқас біледі.
2. Бір сағаттың қадірін кездесуге асыққан адам біледі.
3. Бір минуттың қадірін жолдан қалып қойған жолаушы біледі.
4. Бір секундтың қадірін жеңіске жете алмай қалған спортшы біледі.



10-тапсырма. Төмендегі сөздердің анықтамасын түсіндірме сөздіктен тауып, кестені толтырып жаз.

Адамзаттық құндылықтар	
Ұлттық құндылықтар	
Мәңгілік құндылықтар	
Мәдени құндылықтар	
Отбасылық құндылықтар	
Әлеуметтік құндылықтар	



11-тапсырма. Сабақтан алған әсеріңді, ойынды жаз.

1. Бүгінгі сабақтан қандай әсер алдың?
2. Нені үйрендің?
3. Бірлескен жұмыс түрлері қызықты болды ма?

7–8-сабақ

ӘЛЕМ МӘДЕНИЕТИ



1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Мәдениет дегенді қалай түсінесің?
- Әлемдік мәдениетке нелер жатады?
- Мәдениетті құндылық деп санайсың ба?



2-тапсырма. Мәтінді мұқият тыңдап, өзің білетін мәліметтермен жалғастыр.

Тілдік бағдар

Түрлі халықтың сөйлеу тілінде өзіндік интонация бар.

Интонация белгісінің бірі әуез (тембр) деп аталады. Әуез дегеніміз – адамның әртүрлі көңіл күйін, эмоциясын білдіретін дауыс реңкі. Әуез арқылы қуаныш пен мысқыл т.б. сезімдер беріледі. Ол көбінесе сөйлемнің сезімдік (эмотивтік) мазмұнын жеткізеді.

Тембр одағайларда көрініс табады. Мысалы, *Ойпырым-а-ай!*
Бәрекезде-е-е-е! Дауыс реңкі көбінесе көркем әдебиет стилінде, ауызекі сөйлеу стилдерінде көрінеді. Ал публицистикалық, ғылыми стильдерде көп байқала қоймайды.



3-тапсырма. Мәтіндегі кейбір сөйлемдерді әуез арқылы өзгертсе, оның сөйлемнің сезімдік (эмотивтік) мазмұнын өзгеше беруге әсер ететінін дәлелдеп айт.

Әлем таныған Абай

Абай Құнанбаев – қазақ халқының ғана емес, бүкіл адамзаттың ақыны. Сондықтан ЮНЕСКО шешімі бойынша 1995 жыл «Абай жылы» деп аталды. Ұлы ақын Абайдың 150 жылдық мерейтойының аталып өтуі туралы ЮНЕСКО-ның бас директоры Федерико Майор былай деді: «Абай – әлемдік маңызы зор тұлға. Ол оқырманға өзінің ақындық сезімімен ғана әсер етіп қойған жоқ, ол – азаматтың санасына даналықтың дәнін сепкен данышпан, ойшыл... Оның гуманистік идеялары Еуропаның классикалық философиясымен қалай үйлесіп, өріліп жатқанына таңғалмасқа шара жоқ. Бір кезде қазақ ақынын толғандырған мәселелер қазіргі таңдағы кез келген халық өкілінің көкірегінде күмбірлеп жатыр десем, артық айтқандық емес. Егер біздің уақытымыз тұрғысынан қарасақ, Абай – әлемдік поэзия алыптарымен қатар тұрған ғаламат тұлға. Сондықтан біз Абайдың 150 жылдығын 1995 жылы ЮНЕСКО-ның штаб-пәтерінде салтанатты түрде атап өтуді дұрыс деп таптық. Әлем таныған Абай өмірі, оның шығармалары – келешек ұрпақ үшін үлгі, өнеге».

(«Қазақ тілі» хрестоматиясы)



4-тапсырма. Мәтінді оқы. Әміре Қашаубаев туралы газет-журналдардан, энциклопедиялардан қосымша материал жинастырып, жинақы мәтін жаз. Интонация компоненттеріне мән бер.

Әнші Әміре туралы шындық

...Жалпы, Әміре жайлы жазылған мақалаларды екі тұрғыда айшықтауға болады. Әуелгісі – әншінің көзі тірісінде жазылғандар. Қаныш Сәтбаев пен Әлкей Марғұланның Әміре туралы жариялағандары, Ромен Ролланның, Анри Барбюстің айтқан пікірлері, Александр Затаевичтің жазғандары және «Еңбекші қазақ» газетінде шыққан Мұхтар Әуезовтің әнші шығармашылығына арналған мақалалары Әміренің көзі тірісінде берілген шынайы баға әрі оған деген құрмет еді. Әміре жайлы жазылған мақалалардың екінші бір шоғыры ол қайтыс болғаннан кейінгі жылдары жазыла бастады. Ол кезең қырқыншы-елуінші жылдары еді. Бұған басты себеп – Біріккен Бас саяси басқарма (ОГПУ) тыңшыларының Әміре 1925 жылы Парижге барғанда Мұстафа Шоқаймен жолыққаны, екеуін бір-бірімен байланысы бар адамдар деп, тізімге іліктіріп жәнсіз көп мазалай бастағаны. Сөзіміз дәлелді болуы үшін ҰҚК-нің отставкадағы полковнигі

Әмірхан Бөкірұлы мұрағаттан тапқан Әміре Қашаубаевтың 1927 жылғы 6 маусым күні басқармаға шақыртылып, тергеушілер алдында берген жауабын келтіре кетейік. «...1925 жылы маусым немесе шілде айының бірінде мен барлық ұлттық республикалардан жиналған 14 актермен бірге Парижге бардым. Барған бойда «Дория» отеліне орналастым. Екінші күні қонақүйге Мұстафа Шоқаев келіп, менімен әңгімелесті. Ол Қазақстанда болып жатқан жағдайларды сұрады. Арасында: «Үкімет басында кімдер тұр? Қазақтар бар ма?» деген сауалдар да қойды. Мен «бар» деп жауап бердім. Бірақ олардың кімдер екенін айтқаным жоқ, ол да менен сұраған жоқ. Сосын ол менің білімімді сұрады. Мен оған «ешқандай білімім жоқ» деп жауап бердім. Әңгіме үстінде ол Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовтың хал-жағдайларын және немен айналысып жүргендерін сұрады. Мен: «Байтұрсынов Қызылордада мұғалім, ал Дулатов әдебиетпен айналысып жүр», – дедім...

Осылайша Әміреден сан рет қолхат алынады. Сан рет үйін тінтіпті. Сан рет соққыға жығыпты. Сан рет қорқытып үрейлендіріпті. Сол тұста Әміре жайлы жазуға да шектеу қойылыпты...

(Жарқын Шәкәрім)

Тілдік бағдар

Мәтін оқылымындағы кідіріс түрлері

Логикалық кідіріс. Сөйлемде негізгі ой түскен сөздің көтеріңкі айтылуы логикалық кідіріс (екпін) деп аталады.

Психологиялық кідіріс. Мәтіннің мазмұн-мағынасына, ондағы қатысатын кейіпкердің іс-әрекетіне, оның көңіл күйінің құбылуына байланысты оқылады. Психологиялық кідіріс кейіпкердің көңіл күйіне, іс-әрекетіне қарай жасалады.

Грамматикалық кідіріс. Мәнерлеп оқуда көбірек қолданылатын, жиі ұшырайтын кідірістер – *грамматикалық кідірістер* немесе *нормативтік дауыс ыргағы*. Оқу барысында сөйлемдегі сөздер арасына ешқандай тыныс белгілері қойылмаса да, сөз бен сөздің, сөз тіркестерінің арасына қысқа кідіріс жасала береді.



5-тапсырма. Берілген суреттерді пайдаланып, «Қазақстан халықтарының мәдениеті» тақырыбында диалог құрастырыңдар. Сөйлемдеріңде интонацияның компоненттерін дұрыс қолданыңдар. Кідіріс түрлеріне мән беріңдер.



6-тапсырма. «Әлемдік мәдениет» тақырыбына материал жинап, постермен қорғандар. Қорғау кезінде лайық деп тапқан сөзге, сөз тіркесіне белгілі бір кідіріс жасауға дағдыланыңдар және оның себебін анықтаңдар.

1-топ: «Көркем әдебиет».

2-топ: «Бейнелеу өнері».

3-топ: «Сахна өнері».

4-топ: «Болашақтағы өнер».



7-тапсырма. Қазақстандағы әлемдік құндылық болып бағаланатын мұралар туралы ақпарат құралдарынан, энциклопедиялардан мәліметтер алып, интонация компоненттерін қатыстырып, деректі эссе жаз.



8-тапсырма. 29-беттегі «Әлем таныған Абай» мәтінін негізге ала отырып, кейіпкерге хат жаз. Хат мәтінін өзара тексеріп, оқу барысында интонация компонентінің сақталуына мән бер.



9-тапсырма. Төмендегі мәтінде айтылған ойға сәйкес мәдениеттің адамзаттық құндылық екенін дәлелдеп жаз. Интонацияның түрлерін қолдануға назар аудар.

Мәдениет туралы толғансам...

Мәдениет – адамгершілік, имандылық.

Мәдениет – ұлттың рухы.

Мәдениет – жанашырлық, туған тілге деген жанашырлық.

Мәдениет – білімде ғана емес, біліктілікте.

Мәдениет – зиялы деген атауда емес, иман ұялаған инабатты бетте.

Мәдениет – ақиқат пен шындықта.

Мәдениет елді, халықты, ұжымды басқару емес, ол – елді, халықты, ұжымды сыйлау, олармен санасу.

Мәдениет – баршамызға ортақ дүние. Ендеше баршамыз жұмыла мәдениетті, төл мәдениетімізді көтеруге атсалысайық!

(Дидахмет Әшімханұлы)



10-тапсырма. Аталған туындының әлемдік мәдениеттегі маңызын ашатын материал жинақтап, жоспар құр. Ақпаратты жалғастырып жаз.

«Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры 2015 жылы А. Жұбанов пен Л. Хамидидің «Абай» операсының жаңартылған нұсқасын сахналады. Ол қоюшы-режиссер Джанкарло Дель Монако мен бас дирижер Алан Бөрібаевтың көркемдік жетекшілігімен жүзеге асты. Либреттосын М. Әуезов жазып, алғашқы премьерасы 1944 жылы өткен бұл шығарма – ұлттық операмыздың үздік туындысы.



11-тапсырма. Сабақта алған әсеріңді, ойыңды жаз.

1. Не ұнады?
2. Не ұнамады?
3. Нені өзгерткің келеді?
4. Саған не қиын болды?
5. Саған ең пайдалысы не болды?

КӘСІП ПЕН ЕҢБЕК. БОЛАШАҚ МАМАНДЫҚТАР

3-бөлім

1–2-сабақ

КӘСІП ПЕН ЕҢБЕК



1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Еңбек адамға не үшін қажет деп ойлайсың?
- Қандай адамды еңбекқор дейміз?
- Еңбек ету арқылы жетістікке жету дегенді қалай түсінесің?
- Қазіргі таңда өз кәсібінің жетістігін көруге қандай мүмкіндіктер бар?



2-тапсырма. Мәтінді мұғалімнің оқуында мұқият тыңда. Мұғалімнің дауыс ырғағына зер сал, интонация компонентінің сақталуына мән бер. Төмендегі сұрақтарға жауап бер.

Өмірде әрбір адамның мамандық таңдауда қателеспегені абзал. Себебі **зейнет жасына** дейін **еңбек етіп**, материалдық жағдайыңды жақсартатын, сүйіп атқаратын кәсібің және ынтымақ пен **берекеге ұйыған**, жарастығы сақталған отбасың болса ғана өмірің маңызды да мағыналы болмақ. Сондықтан да **еліміздің ертеңгі тірегі**, сенім артар болашағы саналатын, егемен Қазақстанымыздың дамуы мен гүлденуі жолында аянбай еңбек ететін келешек маман иесі – жастарымыз мектеп бітірген сәттен өз мамандықтарын дұрыс таңдауы керек. Әсіресе әрбір мектеп бітіруші түлек өз мамандығын **жүрек қалауымен** таңдайтын болса, болашағы жарқын болары сөзсіз.

Сұрақтар:

1. Мәтіндегі қарамен жазылған сөздер қандай мағына береді?
2. Еліміздің болашағы кімдердің қолында болмақ?
3. Жүрек қалауымен таңдалған мамандықтың қандай пайдасы болады?



3-тапсырма. Мақалдарды толықтырып жаз, еңбек туралы өз ойыңды айт.

1. Еңбек ерлікке жеткізер,
2. Еңбек етпей елге өкпелеме,
3. Еңбек етсең, емерсің,

4. Еңбегіне қарай – құрмет,
5. Еңбек – адамның көркі,
6. Еңбек – ата,
7. Еңбек ет те, мақтан,
8. Еңбекке жастан,

Тілдік бағдар

Сөздік қор – сөздік құрамның ең тұрақты бөлігі, негізгі ұйытқы. Сөздік құрамға тілде бұрыннан бар, сондай-ақ кейін пайда болған барлық сөздер енсе, сөздік қорға қалыптасқан ұғым-түсініктер, сол тілде сөйлейтіндердің бәріне түсінікті сөздер ғана кіреді. Сөздік құрамға қарағанда, сөздік қордағы сөздердің көлемі шағын болады. Қазақ тілінің сөздік қорында түркі тілдеріне ортақ, бір буынды және көп мағыналы байырғы сөздер бар.

Негізгі сөздік қорға қазақтың ғасырлар бойы қалыптасқан байырғы төл сөздері енеді: туыстық атаулар (ата, құда, нағашы); мал атаулары (сиыр, түйе, құлын); хайуанат атаулары (қасқыр, түлкі, қоян); ағаш атаулары (қарағай, емен, тобылғы); киіз үй құрылымының атаулары (шаңырақ, кереге, уық); заттың сапалық, сындық атаулары (жақсы, қатты, жылы) т.б.



4-тапсырма. Мәтінді оқы. Мәтін бойынша сұрақ құрастырып, жауабыңды дәлелде.

Шағын кәсіпкерлік – елдің әлеуетті тірегі

Дамыған елдерде экономиканың қуатты күші ретінде шағын бизнес ерекше рөл атқарады. Шағын және орта бизнес өркендесе, халық кәсіпкерлікпен шұғылдануға бейімделсе, мемлекеттің экономикасының да қарқын алатынын дамыған елдер әлдеқашан түсінген. Жыл санап ішкі жалпы өнім (ІЖӨ) үлесінің өсіп келе жатқанына, еліміздегі кәсіпкерлік нысандарының қатары еселеп артқанына қарасақ, шағын және орта кәсіпкерлік Қазақстан экономикасының аса маңызды секторына айналуға бет бұрды деуге болады. Әсіресе соңғы бірнеше жылдың ішінде ол айқын байқалды. 2014–2016 жылдары ІЖӨ-дегі шағын және орта бизнестің үлесі 17–18 пайызға дейін артса, өткен жылы 27 пайызға жетіпті. 2012 жылғы 6,1 пайызбен салыстырсақ, бұл – ауыз толтырып айтуға тұратын көрсеткіш. Оның үстіне, ірі бизнестің табысымен

салыстырғанда, шағын және орта бизнестің үлесіндегі табыстың өсім қарқыны айтарлықтай жоғары. 2016 жылы шағын бизнес нысандарының табыс көлемі 6,6 триллион теңгені құрап, өсім қарқыны 43 пайызға жеткені осыны көрсетеді.

(Арнұр Асқар)




5-тапсырма. «XXI ғасырда ақыл-ой еңбегі дене еңбегін мүлде ысырып тастады» деген пікірмен келісесің бе?



6-тапсырма. Графиктік мәтінді мұқият оқы. Деректердің маңызды тұсын анықтауда сан есімнің мағыналық түрлерін, сын есімнің шырайларын қолдан және мәтінде берілген көрсеткіштерді салыстырып жаз.

Үлгі: Қазақстанда 2009, 2011 жылдары ЖОО-ға түскен түлектер санының арасында айтарлықтай айырмашылық жоқ. Дегенмен 2009 жылға қарағанда, 2011 жылы мектеп бітіруші түлектер 1600-ге жуық т.б.

Түлектер, студенттер, мамандық иелерінің көрсеткіші



7-тапсырма. «Ата кәсіп» тақырыбына диалог құрыңдар. Сұрақ қою арқылы өзара дәлелдендер.

1. Ата кәсіп деген не?
2. Ата кәсібін жалғастырып жатқан қандай тұлғаларды білесің?



8-тапсырма. Төмендегі нақыл сөздерде айтылған ойға сәйкес еңбектің адам өміріндегі мәні зор екенін дәлелдеп жаз.

1. Ер дәулеті – еңбек. 2. Келген – дәулет, кеткен – бейнет. 3. Ер еңбегіне бір тойсын. 4. Бейнетің қатты болса, татқаның тәтті болар. 5. Қолы қимылдағанның аузы қимылдар. 6. Еңбегіне қарай өнбегі. 7. Жас кезінде бейнет бер, қартайғанда дәулет бер. 8. Еңбек ерлікке жеткізер, ерлік елдікке жеткізер.



9-тапсырма. Сабақтан алған әсерінді, ойыңды жаз.

1. Бүгінгі сабақтан қандай әсер алдың?
2. Нені үйрендің?
3. Бірлескен жұмыс түрлері қызықты болды ма?

3–4-сабақ

МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ – МАҢЫЗДЫ ІС



1-тапсырма. Өлең жолдарының мағынасын талда.

Сен де бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап да, бар қалан.

(Абай)



2-тапсырма. Мәтінді оқып, мамандық таңдаудағы жауапкершілік туралы диалог құрыңдар.

Мамандық... «Мамандық» сөзінің өзі латын тілінен аударғанда «жұрт алдында сөйлеу, жариялау» дегенді білдіреді екен. Ал қазір ше? Заман талабына сай нарықтық қарым-қатынас пайда болып, қоғам дамып, дүниеге түрлі жұмыс, өртүрлі мамандық келе бастады, әлі де олардың шегі көрінер емес. Мамандық таңдау деген өзің айналысқың келетін жұмысты таңдау ғана емес, өзің араласқың келетін органы да таңдау. Мамандық – қарапайым өмір сүру көзі болып табылатын және қандай да бір дайындықты, жауапкершілікті талап ететін еңбек қызметінің маңызды бөлігі. Мамандық таңдау – тағдырыңды таңдау деген сөз. Кейінгі өмірде өкінбейтіндей, өз қабілеті мен бейімділігіне сай кәсіп түрін таңдау... Бұл – өте жауапкершілікті және маңызды іс.

Мамандықты таңдау үшін, адам ең алдымен, өзін, өз бейімділігін таныуы қажет. Мамандық таңдауда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына сүйенуі керек.

(Баспасөз материалдарынан)



3-тапсырма. Еңбек туралы мәтін құраңдар, ой бөлісіңдер. Мәтінде грамматикалық норманың сақталуына (сөздерді дұрыс тіркестіру, сөйлемді дұрыс құрау) мән беріңдер.

Тілдік бағдар

Тілдегі сөздердің тұтас жиынтығы **сөздік құрам** деп аталады. Сөздік құрамға халықтың тұрмыс жағдайын, кәсібін, мәдени қалпын т.б. танытатын барлық сөздер енеді. Қазақ тілінің сөздік құрамына халқымыздың байырғы сөздері де, кейіннен пайда болған жаңа сөздер де, термин сөздер де, диалектизмдер мен кәсіби сөздер де кіреді.

Сөздік құрамдағы сөздер қолданылу жағдайына қарай жиі қолданылатын сөздер және сирек қолданылатын сөздер болып бөлінеді.



4-тапсырма. *Кәсіп, табыс, пайда.* Осы ұғымдар бойынша мәліметтер іздестіріп, эссе жаз.



5-тапсырма. Болашақ мамандығың туралы мәтін құрастыр. Сөздік құрамды талда.



6-тапсырма. Сұрақтарға жауап жаз. Жауабыңда грамматикалық және орфоэпиялық заңдылықтардың сақталуына мән бер.

1. Мамандық таңдауда ата-ананың ықпалы қандай дәрежеде болуы мүмкін?

2. Мамандық таңдауда ең бастысы не: қабілет пе, дарын ба әлде мамандықтардың қоғамдағы беделі ме?

3. «Мамандық – өмір таңдауы» дегенді қалай түсінесің?

4. Жүсіпбек Аймауытовтың «Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ оның кез келгеніне икемділік қажет, бұл жай күнелту, тамақ асыраудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе» деген мамандық туралы сөзін қалай түсінесің?

5. Болашақ мамандықты таңдауда кіммен ақылдасар едің?



7-тапсырма. Берілген суреттер бойынша сұхбаттасыңдар. Қай мамандық ұнайды? Не үшін бұл мамандықты таңдадың? Өз ойыңды дәлелде.





8-тапсырма. Газет-журналдардан еңбек, кәсіп туралы жазылған мақаланы таңдап алып, көтерілген мәселеге өз көзқарасыңды білдіріп, талдап жаз.



9-тапсырма. «Кәсіп» сөзіне бес жолды талдау жаса.

- Зат есім. Не?
- Сын есім. Қандай?
- Етістік. Не істейді?
- Синоним.
- Сөйлем ...



10-тапсырма. Сабақтан алған әсеріңді, мәліметтерді анықта.

«✓» – білемін	«+» – білмеймін	«-» – мен үшін жаңа ақпарат	«?» – мені таңғалдырды

5–6-сабақ

БОЛАШАҚ МАМАНДЫҚТАР



1-тапсырма. «Мамандық – өмір таңдауы» дегенді қалай түсінесіңдер? Ой бөлісіңдер.

- Болашақтың 10 мамандығы.
- Әлемге керек 10 маман.



2-тапсырма. Мәтінді мұғалімнің оқуында мұқият тыңда. Мұғалімнің дауыс ырғағына зер сал. Тыңдалған мәтін бойынша дұрыс жауабы бар үш сұрақ және дұрыс жауабы жоқ бір сұрақ дайында. Сұрақтарды сарала. Кім дұрыс жауап берді?

Дизайнер болу үшін не керек?

• Сәнді киімдер сататын компаниялардың немесе маркалардың тізімін жасап, олардың қай бағытта жұмыс істейтінін білу керек. Мысалы, жастарға арналған киім, күнделікті киім, балалар киімі, тағысын тағы.

- Сүйікті дизайнерлеріңнің жұмысын мұқият зертте. Олардың ойын, идеясын, көздеген мақсатын тап басып тануға тырыс. Біреудің ойын толықтай көшіріп алуға болмайды, бірақ үйренуге болады.

- Сән журналдарын жиі-жиі парақтап, ішіндегі ұнаған үлгілерді көрнекі жерге іліп қой. Сән әлемімен өмір сүр. Сонда идея өзінен-өзі туады.

- Сәнгер болғысы келетін адам әрдайым бабында болуы керек. Күн сайын жаңа үлгілерді ойлап тауып, солардың сызбасын сызып қой. Тың идея болмаса да, сыза беру керек. Бұл да өзгеге ұқсамайтын өз жолыңды табуға көмектесетін тәсіл.

- Дизайнер кереметтей суретші де болуы керек. Үлгінің өзін көргенде-ақ көз тоятындай етіп салуды меңгер. Үлгіні түсінікті етіп сызуды ғана емес, матаның түстерінің бір-біріне сай келуін де шебер меңгеру аса маңызды.

- Киім тігіп үйрен! Киімді нақты бір адамға өлшеп-пішіп тік. Әр адамның дене бітіміне қарай, жарасымды әрі сәнді етіп тігу – басты талап.

- Матаның түрлерін, бір-бірімен үйлесетін-үйлеспейтінін ажырата біл. Мысалы, шыт матадан тойға киетін көйлек тіге алмайтының секілді, жібектен қара жұмысқа киетін киім тіге алмайсың. Қандай да бір үлгіні ойластырған уақытта оны қандай матадан, қай түстен тігетініңді де ойластырып қой.

- Мүмкіндігінше, кәсіби білім алған жөн. Ең болмаса, дизайнерлер курсынан өткен дұрыс. Бұл сән әлеміндегі негізгі заңдылықтар мен матамен жұмыс істеуді үйрену үшін қажет.

- Сән әлеміндегі соңғы жаңалықтарды қалт жіберме. Арнайы веб-сайттарды үнемі қарап отыр, журналдарды оқы. Мүмкіндігінше, биылғы, келер жылғы сәнді киімдердің үлгісін ойластыр. Сондай-ақ он жылдан кейін қандай киім сәнде болатынын да болжап көргеннің артығы жоқ.

- Өзің сызған ең жақсы киім үлгілерін немесе олардың суреттерін жина. Бұл – өзіңнің жетістігіңді көрсетуде таптырмайтын тәсіл. Ауызбен айтқаннан гөрі көзбен көргеннің әсері де басқаша болатынын ұмытпаған жөн.

(Құралай Нұрқаділова)



3-тапсырма. «Кім боламын?» тақырыбында диалог құрыңдар. Диалог барысында жиі қолданылатын сөздер мен сирек қолданылатын сөздерді ажыратыңдар.

Кім боламын?



4-тапсырма. *Кәсіп, табыс, пайда.* Осы мәселе бойынша бейне, аудиоматериалдар іздестір. Табылған ақпараттар туралы топ мүшелерімен ой бөліс.



5-тапсырма. Көп нүктенің орнына жиі және сирек қолданылатын сөздерді қойып жаз.

Әрбір мамандықтың өз, сондықтан керексіз ... болмайды. Қазіргі жастар қарапайым ..., ..., ..., болғысы келмейді. Сол қарапайым маман иелері арасынан

Мамандық таңдамас бұрын ..., деген сұрақтар төңірегінде Мамандық таңдауда өмірлік тәжірибесі бар , олардың кеңесінің де зор екенін естен шығармаған абзал.



6-тапсырма. Заманауи мамандық атауларын қатыстырып, сөйлемдер құра.



7-тапсырма. «Еңбек пен жетістік» тақырыбына сөйлем құра. Сөйлемнен қанша сөз тіркесін табуға болатынын дәлелде.



8-тапсырма. Мәтінді жалғастырыңдар. Өз ойларыңды ортаға салыңдар, сұхбат құрыңдар.

Болашақ мамандықтары

1) **Инженерлер.** Қазірдің өзінде көп елде білікті инженерлердің жетіспеушілігі байқалады. Еліміздегі өндіріс пен техника саласының дамуында бұл мамандардың орны ерекше.



2) **IT саласының мамандары.** Әрине, қазір бұл саланың адамдары үлкен рөл атқарады. Өйткені күнделікті өміріміз ақпараттық технологияларға барынша бейімделіп жатыр. Бұл мамандар қанша көп болса, сонша сұранысқа ие.



3) **Нанотехнология саласының мамандары.** Әлемдік эксперттердің болжауынша, нанотехнология саласы болашақта ғарыш, мәшине жасау, тамақ өндірісі, медицина сияқты ірі салаларда үлкен рөл атқаратын болады. Сондықтан бұл саланы таңдасаңыз, өкінбейсіз.



4) **Электроника және биотехнология мамандары.** Бұл салалардың әлемдік сахнада өзіндік үлкен орны бар. Болашақта жаңа қуат көздері мен электроникалық жүйелерде, молекулярлық медицинада еңбек еткіңіз келсе, осы мамандықты таңдаңыз.



5) **Маркетологтер.** Маркетологтер жұмыс басқаруда, бизнесте, шаруашылық пен мемлекеттік жүйеде өте қажет. Болашақта өндіруші мен тұтынушы тығыз жұмыс жүргізіп, жетістікке жетуде бұл мамандардың орны ерекше болатыны сөзсіз.



6) **Логистер.** Мемлекетті әлемдік нарықпен интеграция жасауда бұл мамандардың қажеттілігі айқын көрінеді. Өнімді тасымалдап, сыртқа шығару мен мемлекетке кіргізуде халықаралық және ішкі тұтынушылар іздеуді жоғарғы сапада атқаратын мамандар қажет. Қазір әлемдік нарыққа шығудың мәні аса зор.



7) **Экологтар.** Қалалар үлкейіп, өндірістер көбейген соң, әрине, өте үлкен экологиялық мәселелер пайда болады. Оларды шешу үшін жоғарғы дәрежелі мамандар қажет-ақ. Үлкен қалалардағы кептелістер т.б. экологиялық мәселелер туындаған кезде экологтардың қосар үлесі жоғары болады.



8) **Дәрігерлер.** Адам адам болғалы бері ол – ауырады, өміріне қауіп төнеді. Бұл үрдіс тіршілік біткенше жалғасатыны сөзсіз. Қазір әлемдік медицина дамып, компьютерлік диагноз қою, лазер сәулесімен емдеу алға шықты. Сондықтан дәрігерлерге жұмыс таусылмас.



9) **Химиктер.** Химия – адамзатқа ерте заманнан жақсы таныс ғылым. Қазір оның биохимия, геохимия, электрохимия, компьютерлік химия, мұнай химиясы салалары ерекше даму үстінде.



7–8-сабақ

МАМАНДЫҚ



1-тапсырма. Қоғамның мамандықтарға сұранысы туралы ой бөлісіңдер.



2-тапсырма. Мәтінді мұқият тыңда. Тыңдалған мәтін бойынша ой бөлісіңдер.



3-тапсырма. «Жаман мамандық болмайды, ең бастысы, өз ісіңнің шебері болу керек» деген пікірмен келісесің бе? Сыныптасыңмен сұхбаттас.

Тілдік бағдар


Ежелден тілге әбден сіңісіп, жалпыхалықтық сипат алған кірме сөздер де (кітап, ғылым, намаз) сөздік қорға жатады. Сөздік қордың басты белгісі – тұрақтылық, онда жалпыхалықтық сипат басым келеді. Сөздік қордағы сөздер жаңа сөз тудыруға ұйытқы болып, сөздік құрамды байытады. Мысалы, *жер* сөзінен *жерлес*, *жер ұй*, *жертөле* т.б. сөздер жасалған.



4-тапсырма. Сөздік қордағы жаңа сөз тудыруға ұйытқы болатын сөздерді дұрыс қолданып, жастардың жұмысқа тұру мәселесі туралы ой бөлісіңдер.



5-тапсырма. Сызба бойынша өз пікіріңді айт. Сөз құрамына талдау жаса.



6-тапсырма. *Еңбек*, *кәсіп* сөздерін қатыстырып, шағын мәтін құрастыр.



7-тапсырма. «Кім қанша жазады?» Мамандық атауларына қатысты сөздерді 5 минутта жаз.



8-тапсырма. «Мамандықтар әлемі» тақырыбына диалог құрыңдар.

1-қадам: Сұхбат алу.

2-қадам: Орындарымен алмасу.

3-қадам: Диалог құру.



9-тапсырма. Сабақтан алған әсеріңді, ойыңды жаз.

1. Бүгінгі сабақтан қандай әсер алдың?

2. Нені үйрендің?

ҒАРЫШТЫ ИГЕРУ ЖЕТІСТІКТЕРІ

4-бөлім

1–2-сабақ

ҒАЛАМНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ



1-тапсырма. Мына сұрақтарға жауап бер.

- Ғалам дегенді қалай түсінесің?
- Жұлдыздар жайлы не білесің?
- Ғарыш туралы не айтар едің?



2-тапсырма. Мәтінді мұқият тыңда.



3-тапсырма. Тыңдалған мәтін бойынша мына сұрақтарға жауап бер. Болжам жаса.

- Ғалам қалай пайда болған?
- Ғаламның пайда болуы жайлы қандай пікірлер бар?

Тілдік бағдар

Толық мағыналы, кемінде екі сөздің тұлғалық және мағыналық жағынан байланысқан тобы **сөз тіркесі** деп аталады. Мысалы, *жібек жіп, қысқа айтты, кітап оқыды, досымның күшігі.*

Сөз тіркесінің негізгі белгілері:

- сөз тіркесі сөйлем ішінде танылады;
- толық мағыналы, кем дегенде екі сөзден тұрады;
- белгілі бір грамматикалық тәсілдер арқылы байланысады;
- қандай да бір синтаксистік қатынасты білдіреді.

Сөйлем ішіндегі сөздердің әртүрлі байланысуына қарай сөз тіркесі **еркін сөз тіркесі** және **тұрақты сөз тіркесі** болып бөлінеді.

Еркін сөз тіркесінің құрамындағы сөздерді өзгертіп айтуға болады. Мысалы, *көрікті* деген сөзді бірнеше сөзбен тіркестіруге болады: *көрікті адам, көрікті қыз, көрікті табиғат* т.б.

Сөз тіркесі құрамына қарай екіге жіктеледі: 1) **жай тіркес**; 2) **күрделі тіркес**.

Жай тіркестің құрамы екі сөзден ғана құралады. **Күрделі тіркес** үш немесе одан да көп сөзден құралады.

Жай тіркес

үйде қалды, өдемі қыз, гүлді суғару, үйдің есігі, қызыл түлкі, орындалған арман, ақ көйлек, гүрілдеген трактор, кенеттен тоқтау

Күрделі тіркес

телефон арқылы сөйлестім, көпір арқылы өтті, үйден кетіп қалды, кешке қарай келді, жиырма екі үй, күлімсірей қараған баланың күлкісі



4-тапсырма. Мәтінді оқып, түсінгеніңді айт. Көтерілген мәселені өз ойыңмен жалғастыр. Сөз тіркестерін орынды қолдан.

Құс жолы

Құс жолы – біздің Күн жүйеміз орналасқан, торланған спираль тәрізді галактика. Оның құрамына 200–400 миллиардтай басқа да галактика кіреді. Ал олар өз ішінде жүздеген, мыңдаған тұмандық пен жұлдыз шоғырынан тұрады. Құс жолы галактикасының бір бөлігін ашық, қараңғы түнде арнайы аспапсыз-ақ көзбен көруге болады, ол жалпақ, төгілген сүт жолағы тәрізді кейіпте көрінеді. Басқа да торланған спираль тәрізді галактикалар секілді Құс жолы да галактикалық дискіден, шар тәрізді шоғырдан және сәуледен тұрады.

Галактикалық дискінің құрамына ядро, орталық төмпешік және спираль тұтқалар кіреді. Ортасында ядро орналасып, оны тор пішінді орталық төмпешік қоршайды. Ал тұтқалар орталық төмпешіктің сыртында айналады. Шар тәрізді шоғырлар галактикалық орталықты айналып жүреді, ал сәуле ғаламшарды толығымен қоршап тұрады.

(«*Ғалам*» энциклопедиясынан)



5-тапсырма. Берілген суретті пайдаланып, «Ғарыш әлемі және ғарышкерлер» тақырыбында диалог құрастырыңдар. Сөз тіркестеріне мән беріңдер.



6-тапсырма. Екі топқа бөлініңдер. 1-топ – «Алғашқы ғарышкер», 2-топ «Қазақстанның тұңғыш ғарышкері» тақырыбында мәтін құрастырыңдар. Алынған мәліметтерге сілтеме жасаңдар.



7-тапсырма. «Шоқжұлдыздар және жұлдызнама» тақырыбында мақала немесе жинақы мәтін жаз. Жай және күрделі сөз тіркестерін қолдан және сыныптасыңа ереже бойынша дәлелде.



8-тапсырма. Жұмбақтардың шешуін тауып жаз. Шешуіндегі атаулар туралы материалдар жина. Сөз тіркестерін тап.

1. Бір тілім болып туады,
Күннен-күнге толады,
Дөп-дөңгелек болады.
(...)
2. Көкжиекті көмкеріп,
Шатыр жайдым кең керіп.
(...)
3. Басшысы жалғыз,
Сақшысы сан жүз.
(...)

4. Үй үстінде ұсақ тас,
Алайын десем, табылмас.
(...)

5. Бір түкті кілем, бір түксіз кілем.
(...)



9-тапсырма. БАҚ материалдарындағы «Құс жолы» туралы мақалаларға шолу жасап, өз ойыңды жинақтап, сөз тіркестерін қатыстырып, өзіндік болжам жаса.



10-тапсырма. Берілген мәтіннің баяндалу желісін сақтай отырып, өз ойыңмен жалғастыр. «Он сегіз мың ғалам» туралы жоба жазуды ойластыр. Сөз тіркестерінің түрлерін анықта.

Аспаннан жарқырап аққан жұлдызды алайық. Ол жол-жөнекей орасан мол жылу, жарық таратып, тозаңдарға бөлшектенеді. Бергі ауа қабатында жанып бітпеген бөлігі балқыма тас күйінде жерге құлайды. Олар бірте-бірте ұсатылып, жер топырағына айналады.

Өлемдегі жұлдыздар, Күн, Ай, тағы басқа да ғаламшар дүниесі, соның біреуі – біздің Жер, оны қоршаған қабаттар, мөлдір ауа, қалқыған бұлт, асқар таулар, мұхит-теңіздер, олардағы ірілі-ұсақты жан-жануарлар, бәрінен құдіреттісі бүгінгі жасампаз адам баласы, міне – мұның бәрі табиғат деген бір-ақ атпен аталады немесе халық тілімен айтқанда, «он сегіз мың ғалам» делінеді.

(Н. Аманжолов)



11-тапсырма. Сабақтан алған әсеріңді қорытындылап, кестені толтыр.

Мен нені білемін?	Менің нені білгім келеді?	Мен нені білдім?

3–4-сабақ

ҒАРЫШТЫ ЗЕРТТЕГЕН АСТРОНОМДАР



1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Астрономдар нені зерттейді?
- Ежелгі астрономдар туралы не білесің?
- Қазіргі ғарыш әлемі туралы қандай жаңалықтар білесің?



2-тапсырма. Мәтінді мұғалімнің оқуында тыңдап, төмендегі сұрақтарға сәйкес өз ойыңды жалғастыр. Сөз тіркестерін тауып айт.

Галилео Галилей

1609 жылы Галилео Галилей (1564–1642) тұңғыш рет телескопты аспанға бағыттап, Коперниктің ілімін көрнекі түрде дәлелдейтін жаңалық ашты. Ол Ай бетінен тауларды көрді. Юпитердің төрт серігін ашты. Юпитер серіктерінің айнала қозғалуы аспан денелерінің қозғалыс кіндігі Жер болуы мүмкін деген қате түсінікті жоққа шығарды. Шолпанның да Ай сияқты өз фазасын өзгертетінін байқады. Шолпан көрінісі өзгерістерінің ерекшелігін зерттей келе, Галилей «ол Жерді ғана емес, Күнді де айнала қозғалады» деген дұрыс тұжырым жасады. «Аспан тазалығын» көрсететін Күн бетінен Галилей дақтарды көрді, оларды бақылай жүріп, Күннің өз осінен айналатынын, «Күс жолы» – жай көзбен ажыратуға келмейтін сан түрлі көмескі жұлдыздар екенін анықтады.

Галилео Галилей – астрономияға теңдессіз үлес қосқан итальян философы, астрономы және математигі. Өз өмірі барысында Галилео бірнеше құрал жасап, солармен көптеген жаңалық ашты. Оның астрономияға қосқан үлесі: Айды картаға түсіруі, Күн дақтарын ашуы, Юпитердің төрт үлкен серігін ашуы, Сатурн сақиналары мен Шолпан кезеңдерін бақылауы.

(«Ғалам» энциклопедиясынан)



3-тапсырма. Тыңдалған мәтін бойынша мына сұрақтарға жауап бер.

1. Неліктен адамдарды «аспан әлемі» қызықтыра бастады?
2. Атақты астрономдардың қандай еңбектерін білесің?

Тілдік бағдар

Сөз тіркесі болу үшін сөздер белгілі заңдылықпен байланысады.

Сөздер бір-бірімен **төрт тәсіл** арқылы байланысады:

1) жалғау арқылы; 2) шылау арқылы; 3) орын тәртібі арқылы; 4) интонация арқылы.

Сөздердің **септік, жіктік, тәуелдік** жалғаулары арқылы байланысуы **жалғау арқылы байланысу** деп аталады. Мысалы, *достардың кеңесі, мектепке келу, ата-ананы құрметтеу, кітапта жазылған, көл беті, қарындаш ұштау* т.б. Сөздер **шылау** арқылы да байланысады. Мысалы, *досым үшін ұялдым, күн сайын жаттықты, ата-анасымен бірге барды, гүл мен жапырақ* т.б.

Сөздер бір-бірімен **орын тәртібі** арқылы байланысады. Мысалы, *ашық мінез, жапырақты ағаш, өнегелі өмір, берілген тапсырма, өткінші жаңбыр, биік мақсат, аталы сөз, кәсіби шеберлік* т.б.

Сөздер **интонация** арқылы да байланысады. Мысалы, *Абай – ақын, Сәбит – жазушы. Мектеп – кеме, білім – теңіз* т.б.



4-тапсырма. Мәтінді оқып, түсінгеніңді айт. Көтерілген мәселені өз ойыңмен жалғастыр. Сөз тіркестерін тауып айт.

Адамзат баласы ғарышты игеру арқылы көптеген таңғаларлықтай жетістікке қол жеткізді. «Байқоңыр» Қазақстанда орналасқан ғарыш айлағы ғана емес, ол – адамзат пайдасына жұмыс істеп отырған үлкен ғылыми-технологиялық кешен. Бүгінгі ақпараттық қоғамда сіз бен біз емін-еркін пайдаланып жүрген ғаламтор, радио, телевизия және өзге де коммуникациялық байланыс желілерінің жетілуі мен нанотехнологиялардың дүниеге келуі – ғарыш мамандарының еңбегі. Қалай десек те, қоғамдағы кез келген сала – ғарыштық технологиялардың көмегіне зәру. Қазіргі уақытта астрономия, картография, геодезия, биология, география, химия, медицина сияқты күрделі салалардағы жүзеге асырылып жатқан жаңа жобалардың дені – осы ғарыштық зерттеулердің тиімді нәтижесі. Жердің қойнауын, онда жатқан қазба байлықтарды, теңіз бен мұхиттардың астын зерттеу үшін де ғарышта жүргізілетін зерттеулер өте қажет. Сондықтан ғарыш саласын жаһанданған өлемдегі технологиялық прогрестің локомотиві десек, артық айтпаған болармыз.

(Балалар энциклопедиясынан)



5-тапсырма. Мәтінді оқы. Мәтіндегі сөз тіркестерін тауып жаз.

...Талай ғасыр өткеннен кейін Сергей Королев бастаған кеңес ғалымдары ғарыш айлағын салу үшін қазіргі Байқоңырды таңдап алды.

Бұл – Қорқыт ата жерленген өңірге таяу тұрған жер. Қателеспепті. Бірнеше ондаған ғарыш айлағы ішінде Байқоңыр өзінің орналасуы бойынша ең қолайлысы деп табылды. Ол экваторға әжептәуір жақын орналасқан. Механиканың заңы бойынша ғарышқа ұшыру үшін отын аз жұмсалатын көрінеді. Сонымен бірге Байқоңырдың экваторда орналасқан ғарыш айлақтарынан ерекшелігі – мұнда жауын-шашын жоқтың қасы. Күн жылдың 300 күнінде жарқырап тұрады.

Шынында, Байқоңыр дүниежүзі ғарышкерлігінің бесігіне, ғарыш орталығына, адамдар ғарышқа аттанатын Жердің айлағына айналды. Дәл осы жерде, қазақ жерінде, олар ғарышкер атанды...

(Нұрсұлтан Назарбаев. «Қазақстан жолы»)



6-тапсырма. Төменде берілген мәтінді сөз тіркестерін қатыстырып, жалғастырып жаз.

Астронавт – ғарыш кемесін жүргізуге немесе ғарышқа саяхат жасауға және сонда жұмыс істеуге маманданған адам. «Астронавт» сөзін НАСА 1958 жылдың желтоқсанында сол кезде өздері ғарышқа ұшуға дайындап жатқан адамдарды атау үшін пайдаланды. Орыстар мен қытайлар ғарышқа сапар шегетін адамдарды «космонавт» және «тайконавт» деп, ал француздар осы мағынада «астронавт» немесе «спатионавт» деп атайды. Ал қазақтар ғарышқа сапар шегетін адамдарды «ғарышкер» деп атайды.

(«Ғалам» энциклопедиясынан)



7-тапсырма. Төмендегі суреттер бойынша «Ғарыш жаңалықтары» тақырыбына тезис құрастырып жаз.





8-тапсырма. «Ғаламды зерттейтін обсерваториялар» тақырыбына диалог құрыңдар. Диалогте сөз тіркестерін пайдаланыңдар.

1-қадам: Сұхбат алу.

2-қадам: Орындарымен алмасу.

3-қадам: Диалог құру.



9-тапсырма. «Ғалам және мен» тақырыбына 220–250 сөзден тұратын эссе жаз. Сөз тіркестерінің түрлерін ата.



10-тапсырма. Сабақта алған әсерінді, ойыңды жаз.

1. Не ұнады?
2. Не ұнамады?
3. Нені өзгерткің келеді?
4. Саған не қиын болды?
5. Саған ең пайдалысы не болды?

5–6-сабақ

ҒАРЫШҚА ЖОЛ ЖЕРДЕН БАСТАЛАДЫ



1-тапсырма. Тақырыпқа болжам жаса. Әр сурет бойынша сөйлемдер құра.





2-тапсырма. Мәтінді мұғалімнің оқуында тыңдап, өз ойыңмен жалғастыр. Сөз тіркестерін теріп жаз.

Ғарышқа жол Жерден басталады

Бүгінде «ғарыш» сөзі қай-қайсымызға да түсінікті. Адам баласының ғарышқа ұшу ынтасы пайда болды. Әдеттегі әуе кемесі ғарышқа көтеріле алмайды. Арнайы ғарыш кемесіне арналған ғарыш айлағы қажет болды. Ондай ғарыш айлағы өзіміздің қазақ жерінен таңдалды. Өткен ғасырдың елуінші жылдарының аяғында әлемге әйгілі «Байқоңыр» ғарыш айлағы бой көтерді. Жердің ең алғашқы серігі, тұңғыш ғарышкер де осы «Байқоңырдан» ғарышқа жол тартты. Адамзат қасиетті Жер-анамызды кеңістіктен көргелі бері өткен жылдар ішінде көптеген жетістіктерге жетті. Адам баласы Айға қонып, оның бетінде көптеген зерттеу жұмысын жүргізді.

1991 жылы 2 қазанда қазақ ғарышкерлігінде жаңа парақ ашылды. Сынақшы-ұшқыш Тоқтар Әубәкіровтен кейін ел мақтанышына айналған Талғат Мұсабаев болды. Қазақстанның үшінші ғарышкері – Айдын Айымбетов.

(Жүніс Сахиев)



3-тапсырма. Тыңдалған мәтін бойынша мына сұрақтарға жауап бер.

1. Ғарыш айлағы деген не? Ол не үшін қажет?
2. Қазақстандағы ғарыш айлағы туралы не білесің?
3. Отандық және шетелдік ғарышкерлерден кімдерді білесің?
4. Интонация компоненттері мәтін мазмұнын ашуға қалай әсер етті?



4-тапсырма. Мәтінді талдап оқы. Мәтін мазмұнына түйіндеме (аннотация) жаз. Түйіндемедегі сөз тіркестеріне мән бер.

Ғарышты зерттеу стансылары – ішінде адам отырмайтын, ғарыштағы аймақтар мен денелерді зерттеп, Жерге мәлімет жіберуге аттандырылған ғарыш кемелері. Ғарыш кемелері ұшып бара жатып, аспан денелерін суретке түсіру үшін жоғары дәлдіктегі камералармен жабдықталады. Олар белгілі бір ғаламшарға немесе астероидқа қонатындай, оны зерттейтіндей етіп жасалады. Мұндай стансылар ғарыш денелері сипаттамаларын зерттейтін және оны бізге түсіндіретін сенсорлармен жабдықталады.

Ғарыш стансылары ұшып өтетін стансылар, орбитерлер, ландрерлер, атмосфералық стансылар және роверлер деп бөлінеді. Ұшып өтетін стан-

сылар ашық ғарышта жұмыс істейді; орбитерлер ғаламшарды айналып жүреді; ландерлер мен роверлер ғаламшарға қонуға жасалған. Ғарыш стансыларын олардың жұмыс істеуіне қарай бөлуге болады: кейбірі үлгілерді алып, Жерге оралады, кейбірі оралмайды.

(Энциклопедиядан)



Халықаралық ғарыш стансысы, қысқаша ХҒС (ағылш. International Space Station, қысқаша ISS) – ғарышты зерттеу кешені ретінде басқарылатын орбиталды стансы. ХҒС – Бельгия, Бразилия, Ұлыбритания, Дания, Испания, Канада, Нидерланд, Норвегия, Ресей, АҚШ, Франция, Швеция, Жапония – барлығы 15 мемлекет қатынасатын бірлескен халықаралық жоба.



5-тапсырма. Тоқтар Әубәкіровтің өмірі жайлы материалдарды бұқаралық ақпарат құралдарынан тауып оқыңдар. Ақпарат бойынша пікірлесіп, сөз тіркестерін табыңдар.



6-тапсырма. Мәтінді ақпарат көздерінен алынған немесе газет-журнал материалдарымен толықтырып жалғастыр. Оны мақалаға айналдырып жаз.

Талғат Амангелдіұлы Мұсабаев 1951 жылы 7 қаңтарда Алматы облысы Жамбыл ауданында дүниеге келген. Ол Рига азаматтық авиация инженерлері институтын және Ақтөбе жоғары ұшқыштар училищесін бітірген. Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының ұшқыш-ғарышкері, Қазақстан Республикасының Халық қаһарманы және Ресей Федерациясының Батыры, авиация генерал-лейтенанты, гимнастикадан және ұшақ спортынан КСРО спорт шебері, КСРО чемпионы, техника ғылымдарының докторы, «Экология» Қазақстан халық академиясының академигі. Ресей Федерациясының, Америка Құрама Штаттарының, Қазақстан Республикасы облыстарының, қалаларының, аудандарының Құрметті азаматы.

(Баспасөз материалдарынан)



7-тапсырма. Ғарыш агенттіктері жайлы БАҚ материалдарынан қажетті мағлұматтарды жинақтап, кестені толтыр.

Ғарыш агенттіктері	Қызметі
Еуропа ғарыш агенттігі (ЕҒА)	
Кеңес ғарыш бағдарламасы	
Ресей федералды ғарыш агенттігі	
Канада ғарыш агенттігі (КҒА)	



8-тапсырма. Төменде берілген мәліметтерді қатыстырып, «Ғарышты ғылыми-зерттеу стансылары» тақырыбына тезис жаз. Сөз тіркестерінің түрлері мен байланысу тәсілдерін дұрыс қолдан.

Ғарышты зерттеу стансылары – ішінде адам отырмайтын, ғарыштағы аймақтар мен денелерді зерттеп, Жерге мәлімет жіберуге аттандырылған ғарыш кемелері.

1. Ғарыш стансыларының түрлері.
2. Меркурийді ғылыми-зерттеу стансылары.
3. Шолпанды ғылыми-зерттеу стансылары.
4. Марсты ғылыми-зерттеу стансылары.
5. Юпитерді ғылыми-зерттеу стансылары.



9-тапсырма. Төмендегі мәтінді зерттеп, толықтырып, түйіндеме (аннотация) жаз. Сөйлемдердегі сөз тіркестерін тап.

«Байқоңыр» – әлемдегі тұңғыш өрі ең ірі ғарыш айлағы. Халықаралық маңызы бар нысан туралы қызықты деректерді көп адам біле бермейді. 1995 жылдан бері Байқоңыр – Ресей Федерациясының құрамындағы федералдық маңызы бар қала. Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті кеңестік зымырандардың құпиясын сақтау үшін ғарыш айлағы орналасқан жердің екі сызбасын құрастырды. Жасалған келісімшарт бойынша Байқоңырды жалға беру мерзімі 2050 жылы аяқталады. «Байқоңыр» ғарыш айлағының астанасы – Байқоңыр қаласы.

(Мирас Іргебаев)



10-тапсырма. Ғарыш жаңалықтарын хронологиялық тәртіппен жүйелеп, сызба құрастыр. Сызбада сөз тіркестерін қолдануға тырыс.



11-тапсырма. Жұптарға бөлініп, мына тақырыптарға сөзжұмбақ құрастырыңдар. Жиі қолданылатын сөздер және сирек қолданылатын сөздерді ажыратыңдар.

1-жүп: «Ғарышкер».

2-жүп: «Байқоңыр».

3-жүп: «Ұшақтар».

4-жүп: «Ғаламшарлар».



12-тапсырма. Сабақтан алған әсеріңді және мәліметтерді бөліс.

«✓» – білемін	«+» – білмеймін	«-» – мен үшін жаңа ақпарат	«?» – мені таңғалдырды

7–8-сабақ

ЖЕР СЕРІКТЕРІ



1-тапсырма. Мына сұрақтарға ғылыми стильде болжам жасап, жауап бер.

- Жасанды Жер серігі деген не?
- Ғарыш обсерваториялары туралы не білесің?



2-тапсырма. Мәтінді мұғалімнің оқуында тыңдап, ойыңмен бөліс. Жиі қолданылатын сөздер мен сирек қолданылатын сөздерді ажырат.

Алғашқы Жер серігін (Спутник-1) орбитаға 1957 жылдың 4 қазанында Ресей мемлекеті ұшырды. Ол орбитада 92 күн болды. Осы аралықта Жерді 1400 рет айналып шығуға үлгерді. Ғарышқа ұшқан алғашқы тіршілік иесі «Лайка» атты ит еді. Ит 1957 жылдың 3 қарашасында Мәскеу уақытымен таңғы алты жарымда Кеңес Одағының «Спутник-2» атты кемесімен ғарышқа аттандырылды. 1958 жылы Айға луноход ұшырылды. Ол – адамның қатысуынсыз, Жерден радио арқылы басқарылатын автоматты барлаушы. Осындай құралдардың көмегімен Айдың беті суретке түсірілді, топырағының үлгілері алынып, Айдың химиялық құрамы зерттелді. Мұнан кейін 1960 жылдың 20 тамызында

«Белка» және «Стрелка» атты иттер ұшты. Бұл екеуі ғарыштан Жер бетіне аман-есен оралған тіршілік иелері болып есептеледі. Астрономдар жұлдыздарды бақылаудың қолайлы жағдайларын жылдар бойы армандап келді. Жұлдыздар мен ғаламшарларды зерттеу үшін, сондай-ақ Жерді ғарыштан бақылау үшін адамдар ғарышқа ұшырылатын кемелерді ойлап тапты. Оларды өртүрлі ғылыми мақсатпен ұшырады. 1961 жылдың 12 сәуір күні әлемде тұңғыш рет Юрий Алексеевич Гагарин Байқоңырдан ғарышқа аттанып, «Восток» ғарыш кемесімен Жерді айналып шықты. Қазіргі заманда жасанды серіктер ауа райы туралы нақты мәліметтер алуға көмектеседі, радио және телебайланыстарды қамтамасыз етуге, теңіздегі кемелердің орнын анықтауға т.б. мүмкіндік береді.

Тілдік бағдар

Есімді сөз тіркестері – сөз тіркесінің басыңқы сыңары есім сөз болып келетін түрі. Мұндай сөз тіркесінің басыңқылары, негізінен, зат есім және сын есім, сан есім сияқты есім сөздер болады да, бағыныңқы сыңарлардың қызметін есім сөздердің бірі немесе етістіктің есімше түрі атқарады: *қалың тоғай, жақсының сөзі, екінің бірі, оқылған кітап.*

Есімді сөз тіркестерінің сыңарлары қабыса, матаса, меңгеріле байланысады.

Қабыса байланысқан есімді сөз тіркестері

Зат есім мен зат есімнің тіркестері (*қалта сағат*); сын есім мен зат есімнің тіркесі (*жақсы дос*); сан есім мен зат есімнің тіркесі (*оныншы сынып*); есімше мен зат есімнің тіркесі (*көрінген тау*); есімдік пен зат есімнің тіркесі (*мына ұй*); үстеу мен есімдердің тіркесі (*бүгін көңілді*)

Матаса байланысқан есімді сөз тіркестері

Ілік септігіндегі сөз бен тәуелдік жалғаулы сөздің тіркесі (*қораның шатыры*)

Меңгеріле байланысқан есімді сөз тіркестері

Басыңқы мен бағыныңқы сыңарлардың септік (іліктен басқа) жалғаулары арқылы тіркесуі (*жақсылыққа ұйір*)



3-тапсырма. Тыңдалған мәтін бойынша мына сұрақтарға жауап бер.

- Алғашқы Жер серігі қашан және не үшін ұшырылды?
- Лайка туралы қандай қосымша мәліметтер білесің?
- Аспан әлемін зерттеу қаншалықты маңызды деп ойлайсың?



4-тапсырма. Мәтінді мұқият оқы. Автордың негізгі ойына өз көзқарасыңды білдір. Мәтіннен сөздердің байланысу тәсілдерін анықтап, түрлеріне қарай ажыратып жаз.

Жер кіндігі


Осыдан он бес жыл бұрынғы оқиғаларды еске ала отырып, мен бір үлкен рәміздік мәні болған тарихи жағдайдың түйісуіне таңғалдым. Қазақстан егемендігінің орнауы ғарыштың өзінен басталды. Кеңес Одағының ыдырауы қарсаңында, 1991 жылы тамызда «Байқоңыр» ғарыш айлағы республиканың меншігі деп жарияланды. Осы жылдың қазанында ғарышқа бірінші қазақ ғарышкері ұшты, ал Қазақстанның тәуелсіздігі туралы Декларацияны біз желтоқсанда қабылдадық. Яғни ұлттық мемлекет болғымыз келген ниетімізді, біз, жерден гөрі, ғарышта

бұрынырақ мәлімдеген сияқтымыз! Бұл – бүкіл ғаламның, жерден тыс өркениеттердің кереметтей құпияларын бойына жинаған, ата-бабалар рухымен байланыстырып тұрған тылсым дүние. Ол мені қашан да қызықтыратын, жан дүниемді баурайтын...

(Нұрсұлтан Назарбаев. «Қазақстан жолы»)



5-тапсырма. Төменде көрсетілген ғарыш серіктері «KazSat-2» ғарыш кемесі және «KazSat-3» геостационарлы телекоммуникациялық ғарыш серігі туралы ақпарат көздерінен мәлімет іздестіріңіз. Олардың ғарыштағы жетістік екенін ғылыми тұжырымдарға сәйкес дәлелдеңіз. Сөз тіркестерін қатыстырып жазыңыз.



6-тапсырма. Мәтін бөліктерін кезектесіп оқыңдар. Мазмұнын мұқият есте сақтап, бөліктерден тұтас мәтін құрастырыңдар. Мәтіннің тақырыбын анықтаңдар. Сөз тіркестерінің түрлері мен байланысу тәсілдерін табыңдар.

1) Адамзат баласы санаулы жыл ішінде ғарыш кеңістігін игеруде үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Ғарыш технологияларының ғылымға, техниканың дамуына игі ықпалын тигізіп отырғаны сөзсіз. Осы уақытта

орбитада мыңдаған Жер серігі ұшып жүр. Олар адамзат үшін қажетті, аса маңызды стратегиялық міндеттерді орындайды. Ғарыш аппараттары Айға және Шолпанға, Марсқа ұшып, түрлі зерттеу жүргізді. Қазіргі заманғы жоғары технологиялардың барлығы да ғарышпен байланысты.

2) Ғарыш әлемінің құпиялары ғылымның арқасында ашылып, адамзат игілігіне қолданыла бастады. Ғарыш саласындағы зымыран-тасығыштар, ғарыштық аппараттар мен серіктер сияқты тағы да басқа күрделі әрі озық ақыл-ойды қажет ететін техникалардың барлығы – ғылымның жетістігі. Ғылым адамзатқа қанат бітірді, ғаламат істерге жетеледі, ғажайып жаңалықтар ашу тетігіне айналып, соның нәтижесінде адам ғарышқа қадам басты. Ғылымның одан әрі дамуымен қатар, Юрий Гагарин ғарышқа ұшқан 50 жылдан бері ғарышты зерттеу мен қолдануды дамыту саласында орасан зор жұмыстар жасалды. Мыңдаған ғылыми-зерттеу жобалары жүзеге асырылды.

3) Қазақстанның ғылым мен техникасының дамуын, жетістігін ғарышқа қадам басқан жолдарынан байқауға болады. 1991 жылы тұңғыш қазақ ғарышкері Тоқтар Әубәкіров Қазақстан Республикасының егемендік алуына орай аспан әлеміне аттанды. Онда тұңғыш ғарышкеріміз Қазақстан аймағындағы атмосфераны және Жер бетін, жұлдызды аспанды бақылады. Арал үстіндегі тұзды шаң борамасының пайда болуы мен таралуының ғарыштық суреттері алынды.

4) 1994 жылы «Байқоңыр» ғарыш айлағынан ғарышкеріміз Талғат Мұсабаев сапарға аттанды. Онда Талғат Мұсабаев Қазақстан мен Ресейдің ғылыми бағдарламасы бойынша тәжірибелер мен зерттеулер жүргізді. Адам баласының ғарыш кеңістігіне шығуы – ғылым мен техника дамуының баға жетпес жетістігі.

(«Негеш» энциклопедиясынан)



7-тапсырма. «Тілдік бағдар» айдарындағы ережелердің өзіне тән ерекшелігін, қызметін, маңызын талдап, кестені толтыр.

Семантикалық карта		
Тілдік бағдар	Сұрақтар	Жауаптар
<i>Сөз тіркесі</i>		
<i>Есімді сөз тіркесі</i>		
<i>Етістікті сөз тіркесі</i>		



8-тапсырма. Қазақ ғарышкерлері туралы деректі фильм түсіру үшін жарнама жаса. Жарнамадан меңгеріле және қабыса байланысқан сөз тіркестерін жылдам, тез табуды сыныптасыңа ұсын.



9-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға дұрыс әрі тез жауап бер.

- 1) «Байқоңыр» ғарыш айлағынан Жер серігі қай жылы ұшырылды?
- 2) Тұңғыш ғарышкері Ю. Гагарин қай жылы ұшты?
- 3) 1961 жылы 6 тамызда ұзағырақ ұшқан екінші ғарышкер кім?
- 4) Қазақтың қандай ғарышкерлерін білесің?
- 5) Күн жүйесінің ғаламшарларын кімдер зерттейді?
- 6) Күнді неше ғаламшар айналып жүр?
- 7) Күн жүйесіндегі ғаламшарлар қандай ретпен орналасқан?
- 8) «Байқоңырдан» қандай ғарыш кемелері ұшырылды?



10-тапсырма. Қазақстан ғарышкерлері жайлы әдебиеттен, ақпараттардан материалдар жинақтап, таныстырылым жаса. Таныстырылымда өзің лайық деп тапқан сөзге, сөз тіркесіне белгілі бір кідіріс жасауға дағдылан және басқаларға оның себебін анықтат.



11-тапсырма. Ғарышқа ұшқан жануарлар жайында жинақы мәтін жазыңдар. Мәтін бойынша таныстырылым жасаңдар. Оны мектептің веб-сайтында жариялаңдар. Етістікті сөз тіркестерін қолдануға назар аударыңдар.



12-тапсырма. Төмендегі сөйлемді қолданып, диалог құрастырыңдар. Нақты деректерді БАҚ материалдарынан, ғаламтордан іздестіріңдер. Диалогте қолданған сөз тіркестерін айтыңдар.

Ғарыш кеңістігінде Жер шарын айналып ұшып жүрген Жер серіктерін Астана маңындағы «Ақкөл» республикалық ғарыштық байланыс орталығы бақылап отыр.



13-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап бер.

- Не үйрендім?
- Қанша мәлімет алдым?
- Өлі де нені білгім келеді?
- Нені түсінбедім?

БИОАЛУАНТҮРЛІЛІК. «ҚЫЗЫЛ КІТАПҚА» ЕНГЕН ЖАНУАРЛАР МЕН ӨСІМДІКТЕР

5-бөлім

1–2-сабақ

«ҚЫЗЫЛ КІТАПҚА» ЕНГЕН ЖАНУАРЛАР МЕН ӨСІМДІКТЕР



1-тапсырма. Мына сұрақтарға болжам жасап, жауап бер.

- Биоалуантүрлілік дегенді қалай түсінесің?
- Қоршаған орта туралы не айтар едің?
- Осы мәселе қай пәнде айтылады?



2-тапсырма. Мәтінді мұқият тыңда. Тыңдаған мәселе бойынша өзіндік ой тұжырымда.



3-тапсырма. Тыңдалған мәтіннен ең қажетті ақпараттарды бөліп қарастыр. Ғылыми және халықаралық терминдерді орынды қолданып, сұрақтарға жауап бер.

1. Биоалуантүрліліктің адам өміріндегі маңызы неде?
2. Биоалуантүрліліктегі тұрақтылық пен экожүйенің арасындағы байланысты өз пікіріңмен дәйектеп айт.
3. Мәтіндегі ақпараттарды қазіргі өзекті мәселе ретінде болжап айт.
4. Тұрақты дамуды қамтамасыз ететін мәселелерді ғылыми стильде атап айт.

Тілдік бағдар

Сөйлем мүшелері – сөздердің мағыналық тұрғыдан өзара тіркесуі нәтижесінде синтаксистік қызметте жұмсалатын сөйлемнің дербес бөлшегі

Тұрлаулы мүшелер (бастауыш, баяндауыш)

Тұрлаусыз мүшелер (анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш)

Бастауыш – сөйлемде атау септігінде тұрып, ойдың кім, не жайында екенін білдіріп, баяндауышпен қыса байланысатын тұрлаулы мүше. Бас-

тауыш *кім? не? кімдер? нелер? кімім? нем? кімі? несі?* және басқа сөз топтарының заттанып, атау септігіндегі сұрақтарына жауап береді. Бастауыш атау септігінде зат есім мен есімдіктен болады. Мысалы: *Бәйге бригадаға берілді. Сіз өз басыңызды ғана ойламаңыз (Ф. Мұст.)*. Атау септігінде тұрып заттанған басқа сөз таптары да (сын есім, зат есім, етістік, есімше, тұйық етістік т.б.) бастауыш қызметін атқарады.

Баяндауыш – сөйлемде жіктеліп келіп бастауыштың қимылын, іс-әрекетін, кім екенін білдіріп, онымен жақ жағынан, кейде жекеше, көпше (1-2-жақтарда) түрде қиыса байланысып қолданылатын тұрлаулы мүше. Баяндауыш *не істеді? қайтті?* деген сұрақтарға жауап береді.

Кейде сөйлемде бастауыш жасырын тұрады, ал оның қай сөз екенін баяндауыштан анықтауға болады.



4-тапсырма. Сөйлем мүшелерін тауыш, мәтінге тақырып қой.

Экология ғылымы адам мен табиғаттың, қоршаған ортаның, жануарлар мен өсімдіктер әлемінің бір-бірімен арақатынасын, олардың үйлесімді дамуы мен сақталуын зерттейді. Ол биология, география, жаратылыстану, химия, физика ғылымдарымен тығыз байланыста дамиды. Оның биоэкология, геоэкология, әлеуметтік экология, инженерлік экология, медициналық экология сияқты салалары бар. Олардың басты мақсаты – табиғат пен жануарларды қорғау.

Арал – Қазақстандағы Каспий теңізінен кейінгі екінші үлкен көл. Ол өткен ғасырдың 70-жылдарынан бастап тартылып, экологиялық қауіпті аймаққа айналды. Сондықтан Қазақстанда Сырдария өзенінің сағасын реттеу мен Арал теңізін қалпына келтіруге арналған арнайы жоба жасалып, Солтүстік Арал теңізі сақталып қалды. Бұл – табиғатты қорғаудың үлгісі.

Қазақ даласын ерте замандардан бері мекендеген жануарлардың бірі – құлан. Кеңес заманында олардың саны күрт кеміп, жойылуға аз-ақ қалды. Қазақстанда құландарды сақтап қалудың арнайы жобасы аясында олар «Алтынемел» табиғи қорығына жеткізіліп, мемлекет қамқорлығына алынды. Соның нәтижесінде олардың саны қазір 3000-нан асты. Бұл – жануарларды қорғаудың үлгісі.

Табиғат – біздің досымыз. Оны қорғау – әркімнің абзал борышы.



5-тапсырма. Мәтінді оқып, болжам жасандар. Аңдардың азайып кету себебін қазіргі күннің мәселесі ретінде түсіндіріңдер. Тұрлаулы сөйлем мүшелерін тауыш, сұрақ қойып айтыңдар. Мәтінге сәйкес кестені толтырыңдар.

Аңдар азайып барады

Халқымыздың ұлттық қасиеттерінің бірі іштартқан адамын, жақын жұрағаттарын саяттыққа алып шығу болса, енді бір ерекшелігі жақсы көріп, ұнатқан адамын аққу, бұлбұл, сандуғаш, самұрық, тоты сияқты құстарға немесе ақмарал, ақбөкен секілді дала аңдарына теңеуі дер едік. Бұл – бүгіннің ғана емес, жүздеген жылдың жемісі. Өрі ертеңгі күннің де қадірменді еншісі болмақ. Небір таңғажайып ертегілер мен батырлар жырында, орақ ауыз, от тілімен халықты аузына қаратқан ақындарымыздың өлең-жыр, қисса-дастандарында осынау табиғат базары – аң-құстың атауын соншама мол кездестіресіз. Адамның өзі табиғаттың жемісі болса, адам мен аң-құс арасында сырт көзге болжана бермейтін үйірлік, қимас достық бар.

Өткен ғасырларда қазақ сахарасын құлан, жолбарыс, жабайы жылқы, жабайы түйе мекендеген деп естиміз. Ал қазір республиканың қай түкпірінен де құлан мен жолбарысты баяғыдай кездестіре алмайсыз. Жоңғар Алатауындағы бұғы, таутеке, арқар, түлкі, Іле, Балқаш және Арал теңізі қамысы арасындағы топ-тобымен жортып жүретін жолбарыс, Орал жағындағы үйір-үйір жабайы жылқылар; Алтай қойнауындағы сабылысып, бүкіл тауға сыймай жүретін маралдар; Барсакелместегі құландар, Сауыр, Тарбағатай, Қарқаралы, Баян тау, Ұлытау, Үстірт, Маңғыстау маңындағы тастан-тасқа секіріп, қойдай өріп жүретін қисапсыз арқар, таутекелер қайда бұл күндері? Оны қоя тұрғанда түлкі, қоян, еліктің азайып кетуі неден? Біздің қолымызда бұлтартпайтын бір факт бар. Ол – аң-құстың азайып бара жатқандығы. Иә, мүлдем азайып барады.

(Оралхан Бөкей)

Аңдар неліктен азайып барады?	Аңдар мен жануарларды қорғау үшін не істеу керек?



6-тапсырма. «Тілдік бағдар» айдарындағы ережелердің өзіне тән ерекшелігін, қасиетін, қызметін, маңызын талда.

Семантикалық карта		
Тілдік бағдар	Сұрақтар	Жауаптар, мысалдар
Тұрлаулы мүшелер	Неше түрге бөлінеді?	

<i>Бастауыш</i>	Басты ерекшелігі неде?	
<i>Баяндауыш</i>	Қандай сұрақтары бар?	



7-тапсырма. «Қазақстанның биоалуантүрлілігін сақтау шаралары» тақырыбына сызба жасап, ойыңды мысалдармен түсіндіріп жаз. Сөйлем мүшелерін анықта.



8-тапсырма. «Биоалуантүрлілік» ұғымына ғылыми тұрғыдан берілген түсініктемелерден сөздік (глоссарий) құрастырып жаз.



9-тапсырма. «Биоалуантүрліліктің жоғалуының басты себептері және оларды қалай тоқтатуға болады?» тақырыбында ойларыңды дәлелдеп жаз. Тұрлаулы мүшелердің астын сызып, сұрақ қой. Екінші сөйлеміңнен неше сөз тіркесі шығатынына мән бер.



10-тапсырма. Сабақтан алған әсерің мен мәліметтерді жаз.

1. Не ұнады?
2. Не ұнамады?
3. Нені өзгерткің келеді?
4. Саған не қиын болды?
5. Саған ең пайдалысы не болды?

3–4-сабақ

«ҚЫЗЫЛ КІТАПҚА» ЕНГЕН ЖАНУАРЛАР



1-тапсырма. Берілген сұрақтарға жауап бер.

- «Қызыл кітап» деген не?
- Ол туралы не білесің?



2-тапсырма. Мәтінді мұқият тыңдап, өзің білетін мәліметтермен толықтырып жалғастыр. Сөйлем мүшелерін талдап айт.



3-тапсырма. Тыңдалған мәтіннен ең қажетті ақпараттарды бөліп қарастыр. Ғылыми деректерді орынды қолданып, сұрақтарға жауап бер.

1. Қазақстанның географиялық ерекшеліктері туралы не білесің?
2. Дала жануарларының қандай түрлерін атап бере аласың?
3. Өздерің тұратын елді мекенде қандай жануарлар бар?



4-тапсырма. Мәтінді оқып, «Қызыл кітап» деп неге атаған?», «Неге қызыл түс?» деген сұрақтар арқылы талқылап, диалог құрыңдар. Сөйлем мүшелерін табыңдар.

«Қызыл кітап» деген сөз тіркесі ғылымға 1966 жылы енді. Мұндағы «қызыл» деген сөз «қауіп төніп тұр» дегенді адамзат баласына ескертеді. «Қызыл кітаптарда» жер бетінде жойылып кету қаупі төнген және сирек кездесетін өсімдіктер мен жануарлардың түрлері тіркеліп, ондай түрлерді сақтап қалудың және қорғаудың қажеттігі ерекше атап көрсетіледі. Әрбір «Қызыл кітап» шығарылу дәрежесіне сәйкес ең қажетті мемлекеттік құжат болып табылады.

Аталмыш кітапты шығару туралы пікірді алғаш ұсынған ағылшын ғалымы Питер Скотт болатын. Халықаралық «Қызыл кітап» халықаралық деңгейдегі құжат болып саналады. Бүгінгі таңда «Қызыл кітаптардың» бірнеше нұсқасы жарық көрген. Олар Халықаралық Табиғат Қорғау одағының (IUCN) «Қызыл кітабы», әрбір мемлекеттің (республиканың) «Қызыл кітаптары» және жергілікті аймақтың «Қызыл кітаптары» деп аталады. Халықаралық «Қызыл кітапқа» тіркелген өсімдік немесе жануар түрлері халықаралық жіктеу бойынша жойылу қаупі төнген түрлер, саны күрт азайып бара жатқан түрлер, сирек кездесетін түрлер,

толық зерттелмеген түрлер және қалпына келтірілген түрлер деп бес санатқа бөлініп көрсетіледі.

(Рысбай Сәтімбеков)



5-тапсырма. Мәтінді оқы. Мәтін мазмұнына сәйкес бірнеше сұрақ құрастыр. Өңгімелеу, сипаттау арқылы тақырыпты талда. Сөйлем мүшелеріне сұрақ қой.

«Қазақстанның Қызыл кітабы» – Қазақстан Республикасы аумағында жойылып кету қаупі төнген және сирек кездесетін жануарлар мен өсімдіктердің сипаттамасы берілген арнайы басылым. Ол 1978 жылдан бастап шығарыла бастады. Сол жылы омыртқалы жануарларға арналған бірінші бөлімі жеке кітап болып жарық көрді. «Қазақстанның Қызыл кітабының» жануарларға арналған бірінші басылымында омыртқалы жануарлардың – 87 түрі, соның ішінде, балықтың – 4, қосмекенділердің – 1, бауырымен жорғалаушылардың – 8, құстардың – 43, сүтқоректілердің 31 түрі тіркелді.

Кітаптың екінші басылымына омыртқалы жануарлардың 129 түрі мен түр тармақтары тіркелді. Онда балықтардың – 16, қосмекенділердің – 3, бауырымен жорғалаушылардың – 10, құстардың – 58, сүтқоректілердің 42 түрі мен түр тармақтары туралы мәлімет берілген. «Қазақстанның Қызыл кітабының» екінші басылымында алғаш рет омыртқасыз жануарлардың 105 түрі берілді, онда жәндіктердің – 96, шаянтөрізділердің – 1, ұлулардың – 6, құрттардың 2 түрі туралы деректер тіркелген.

«Қазақстанның Қызыл кітабының» үшінші басылымы қайта өңделіп, толықтырылып, қазақ тілінде шықты. Бұл үшінші басылымның бірінші томы – «Жануарлар», оның бірінші бөлімі «Омыртқалылар» деп аталды. Онда омыртқалы жануарлардың 125 түрі мен түр тармағы туралы деректер берілген.



(Баспасөз материалдарынан)



6-тапсырма. Екі топқа бөлініп, төмендегі суреттерде бейнеленген жануарлар туралы мәліметтерді жинап, зерттеу жобасын дайындаңдар. Зерттеу жобасында өзектілік, мәселе және оның шешу жолдарын көрсетіңдер. Сөйлем мүшелерінің астын сызыңдар.



7-тапсырма. Ақпарат құралдарынан, энциклопедиялардан мәліметтер алып, «Қазақстанның Қызыл кітабы» туралы мақала құрастырып жаз. Сөйлем мүшелерін орынды қолдан.



8-тапсырма. «Жоғалып кету қаупі бар жануарлар» тақырыбында оларды қалай сақтау керектігі жөнінде өз ережеңді ұсынып жаз. Сөйлемдердегі тұрлаулы мүшелердің орын тәртібіне, қолданылу ерекшелігіне мән бер.



9-тапсырма. 4-тапсырмадағы ақпараттарды өз пікіріңмен дәлелде.

Бірінші сөйлем. «Менің ойымша, ...».

Екінші сөйлем. «Себебі, мен оны былай түсіндіремін ...».

Үшінші сөйлем. «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын ...».

Соңғы сөйлем. «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім ...».



10-тапсырма. «Тілдік бағдар» айдарындағы ережелердің өзіне тән ерекшелігін, қызметін, маңызын талда.

Семантикалық карта		
Тілдік бағдар	Сұрақтары	Мысалдар
<i>Толықтауыш</i>		
<i>Анықтауыш</i>		
<i>Пысықтауыш</i>		



11-тапсырма. «Биоалуантүрлілік», «Қазақстанның Қызыл кітабы» туралы қосымша мәліметтер жинап, танымдық мәтін құрап жаз. Оның тақырыбы мазмұнға сай болуы тиіс. Сөйлем мүшелерінің астын сыз.



12-тапсырма. Сабақта алған әсеріңді, ойыңды жаз.

1. Не ұнады?
2. Не ұнамады?
3. Нені өзгерткің келеді?
4. Саған не қиын болды?
5. Саған ең пайдалысы не болды?

5–6-сабақ

«ҚЫЗЫЛ КІТАПТАҒЫ» ӨСІМДІКТЕР ӘЛЕМІ



1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Өсімдіктерді неліктен «Қызыл кітапқа» енгізеді?
- Өсімдіктердің адам өміріне қандай пайдасы бар?



2-тапсырма. Мәтінді мұқият тыңда. Тақырыпқа қатысты төрт-бес сұрақ құрастыр.



3-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер. Жауабыңда бастауыш пен баяндауыштың орын тәртібін сақта.

1. Қазақстанның қай аймағы өсімдіктерге өте бай?
2. Сырдария-Қаратау флорасындағы өсімдіктер несімен ерекшеленеді?
3. Алтай таулы даласында өсімдіктердің қандай түрлері кездеседі?
4. Шөлді аймақтарда қандай өсімдіктер өседі?



4-тапсырма. Тыңдалым мәтіні бойынша кестені толтыр.

Мәтіннен үзінді	Өз пікірім	Ой-тұжырым



5-тапсырма. Төмендегі сөздердің анықтамасын энциклопедиядан, түсіндірме сөздіктен тауып, кестені толтырып жаз. Сөйлем мүшелерінің астын сыз.

«Қызыл кітап»	
Жануарлар	
Өсімдіктер	
Аңдар	
Қоршаған орта	
Биоалуантүрлілік	



6-тапсырма. «Қазақстанның Қызыл кітабы» тақырыбына топтық жұмыс орындаңдар. Әр топ берілген тақырып бойынша материал жинап, постермен қорғауы қажет.

1-топ: «Жануарлар».

2-топ: «Өсімдіктер».

3-топ: «Құстар».

4-топ: «Балықтар».

Тілдік бағдар

Бастауыш болатын сөз таптары

Сөз табы	Мысалдар
Зат есім	Жетімкөлге биыл аққулар (<i>нелер?</i>) оралмады.
Сын есім	Үлкендер (<i>кімдер?</i>) төрге, кішілер (<i>кімдер?</i>) есік жаққа жайғасты.
Сан есім	Алтау (<i>кім?</i>) ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу (<i>кім?</i>) түгел болса, төбедегі келеді.
Есімдік	Кейбіреулер (<i>кімдер?</i>) бұл сұрақтан тосылып қалды.
Есімше тұлғалы етістік	Оқыған (<i>кім?</i>) жетер мұратқа, оқымаған (<i>кім?</i>) қалар ұятқа.
Тұйық етістік	Сыпайы сөйлеу (<i>не?</i>) – әдептіліктің белгісі.
Одағай	Әжемнің үнлі (<i>несі?</i>) көбейіп кетті.
Үстеу	Еріншектің ертеңі (<i>несі?</i>) бітпес.
Еліктеу сөз	Дабыр-дүбір (<i>не?</i>) жақыннан естіле бастады.



7-тапсырма. Екі топқа бөлініп, төмендегі суреттерде көрсетілген өсімдіктер туралы мәліметтерді жинап, зерттеу жобасын дайындаңдар. Зерттеу жобасында өзектілік, мәселе және оның шешу жолдарын көрсетіңдер. Сөйлемдерден сөз таптарын тауып жазыңдар.





8-тапсырма. Ақпарат құралдарынан, жыр-жинақтарынан С. Сейфулиннің «Ақсақ киік» өлеңін тап. Экологиялық тақырып ретінде талдау жасап жаз. Сөйлем мүшелерінің астын сыз. Үшінші сөйлемнен неше сөз тіркесі шығатынына мән бер.



9-тапсырма. «Мен және мені қоршаған орта» тақырыбына эссе жаз.

Жазба жұмысына қойылатын талаптар:

- Кіріспе, негізгі және қорытынды бөлім дұрыс құрылуы шарт.
- Тақырыптан ауытқымай, мазмұндық желі сақталуы керек.
- Тезистерді ұтымды, нақты дәлелдермен растау қажет.
- Мазмұндық құрылым өмірмен байланысты болуы керек.
- Өзіндік ой топшылаулар, тың пікірлер келтірілуі шарт.
- Баяндау стилі, көркемдік ерекшелігі нақты болуы керек.



10-тапсырма. Сабақта алған әсерінді, ойыңды жаз.

Пікір. Оқыған мәтін бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз.

Дәлел. Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.

Мысал. Пікіріңді өмірмен байланыстырып, бір мысал келтір.

Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды жаз.

7–8-сабақ

«ҚЫЗЫЛ КІТАПҚА» ЕНГЕН ҚҰСТАР МЕН БАЛЫҚТАР



1-тапсырма. Халықаралық табиғат қорғау одағының халықаралық дәрежедегі құжаты – «Қызыл кітап» туралы білетін ақпаратыңды ортаға салып пікірлес.

- Неліктен құстарды «Қызыл кітапқа» енгізеді?
- Балықтар туралы не білесің?



2-тапсырма. Мәтінді оқып, тақырыбын қой.

Арал теңізі соңғы отыз жылда өз жағалауынан жүз шақырым шегінді, тереңдігі он төрт метрге төмендеді. Осының салдарынан 800 мың гектар тоғай жойылды, 57 түрлі аң мен құстың 13 түрі ғана қалды. Жел 2600 шаршы шақырым тақырдағы тұзды шартарапқа алып ұшты. Жыл сайын «сапар шеккен» тұздардың салмағы 77 млн тоннаға дейін жетеді.

Арал теңізіне құятын Сырдария мен Өмудария өзендерінің 40 пайызы өндіріс қалдықтарын құрайды. Қазіргі кезде бұл өзендерден су ішу, оған шомылу өте қауіпті. Республика бойынша балалар өлімі жөнінен Арал теңізінің маңайы ең алдыңғы орында.

Тарихта тұңғыш рет алып теңіз бір ұрпақтың көз алдында жойылып барады. Сондықтан Арал тағдыры – ел тағдыры, әлемдік мәселе. Осыны түсінген Орталық Азия мемлекеттерінің басшылары жыл сайын осы мәселеге байланысты кездесу өткізеді, бірлесіп шешу жолын іздейді. Қазіргі таңда Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан мемлекеттері бірігіп құрған Халықаралық Арал қоры жұмыс істейді.

(Баспасөз материалдарынан)



3-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Арал теңізі еліміздің қай аймағында орналасқан?
2. Бұл теңіз туралы қандай көркем шығармаларды білесің?
3. Теңіздің экологиялық жағдайы туралы не айтар едің?
4. Арал теңізін әлемдік мәселе деп айтуға бола ма? Неліктен?



4-тапсырма. Төмендегі суреттермен топтық жұмыс жүргізіп, постер қорғандар. Суреттерге қарап, тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелерді қатыстырып, сөйлемдер құрап жазыңдар.





5-тапсырма. Мәтінді оқы. Мәтінде аталған құстардың атауын теріп жазып, сипаттап айт. Мәтіннен тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелерін тап.

Сен де құстардың досы бол!

(Сұхбат)

Баласы: – Әке, сіз маған жерімізді мекендейтін құстар туралы айтып беріңізші.

Әкесі: – Айтайын, балам. Ұмытып қалмас үшін дәптеріңе жазып ал. Білгенімді айтайын. Оларды мекендейтін жерлеріне қарай бірнеше топқа бөлуге болады. Алдымен көбінде өзен-көлдерде, теңіздерде тіршілік ететін су құстарын атайық. Олар: аққу, қарақу (оның түсі қара, тұмсығы қызыл болады), қоқиқаз, қаз, үйрек, шүрегей, бірқазан, аққұтан, көкқұтан, жылқышы, бұлдырық, қасқалдақ, шағала, балықшы т.б. Түз құстарына дуадақты, тырнаны, саралақазды, безгелдекті, бозторғайды, қараторғайды, құладыңды, жалбағайды, қарға-сауысқанды жатқызуға болады. Көбінде таулы жерді ұлар, саралақаз, кекілік, бөдене, құр, шіл сияқты құстар мекендейді. Әрине, біз еске сақтауға жеңіл болсын деп топтағанымызбен бұлардың біразы далалық жерлерде де, ормандарда да, тауда да тіршілік ете береді. Ал енді қыран құстар деп топтайтын болсақ, оларды қасқырға түсуден де қаймықпайтын бүркіт батырдан бастайық. Әрі қарай лашын, сұңқар, қаршыға, жапалақ, түйғын, қыранқара, үкі, ителгі, қырғи деп тізе беруге болады. Осыларды дұрыстап біліп алсаң, кейін толықтыра бересің ғой. Аталғандардың ішінде «Қазақстанның Қызыл кітабына» енген құстар да бар. Оны өзің кейін біліп аларсың.

Баласы: – Рақмет, әке! Шынымен жаттап алмаса, бәрін бірдей есте сақтау қиын екен.

Әкесі: – Жаттап алсаң, тіпті жақсы, алайда құстардың аттарын білу аз, әрқайсысының түр-түсін, бір-бірінен айырмашылығын, ерекшелігін біліп, оларға қамқорлық жасай біл. Сонда сен де құстардың досы бола аласың.

(Кәдірбек Сегізбайұлы)



6-тапсырма. *Адам, табиғат* сөздеріне түйіндеме (аннотация) жаз. Тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелерді белгіле.



7-тапсырма. «Жануарлар», «Өсімдіктер», «Құстар» және «Балықтар» деп аталатын төрт топқа бөлініңдер. Қазақстанның «Қызыл кітабына» енген жануарлардың аттарын үш тілде айтыңдар.



Табиғат – халық қазынасы. Сондықтан біз оның байлығын пайдалана отырып, қорғай білуіміз қажет. Соған байланысты 1966 жылы біздің елімізде «Халықаралық табиғат қорғау қоғамы» құрылды. Оның басты мақсаты – саны сиреп, құрып баратқан аң, құстарды, өсімдіктерді қамқорлыққа алып, арнайы кітапқа тіркеу. Мұндай кітапты «Қызыл кітап» дейді.




8-тапсырма. Берілген суреттермен мәтін құрастырып жаз. Кем дегенде үш сөйлеміңе сөйлем мүшелерінің барлығы қатысуын қадағала.



9-тапсырма. Сызбадағы «Қызыл кітапқа» енген омыртқалыларды салыстырып жаз.

Үлгі: Берілген сызбада Қазақстанның «Қызыл кітабына» енген жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету алдындағы түрлерінің тізімі топтастырылған. Жеке тоқталсақ, балықтардың – 18 түрі, ал қосмекенділердің үш-ақ түрі кірген т.б.

«Қызыл кітапқа» енген жануарлар, жәндіктер, құстар





10-тапсырма. Жануарлар туралы берілген қызықты мәліметтерді пайдаланып, олардың біреуі туралы көрген кинофильм, оқыған кітаптарыңнан үзінді келтіре отырып, кестенің екінші бағанын толықтырып айт. Сөйлем мүшелеріне талдап, астын сыз.

Піл – төрт тізесі бар жалғыз жануар.	
Өркешінің қисықтығына қарамастан, түйенің омыртқасы түзу келеді.	
Дельфиндер бір көзін ашып ұйықтайды.	
Түйеқұстың жұмыртқасын суда пісіруге 40 минут уақыт кетеді.	
Ақ аюлар сағатына 40 шақырым жылдамдықпен жүгіре алады.	



11-тапсырма. Сұраққа жауап бер. Жауабыңды дәйектеп жаз. Ұсыныстарыңды дәлелде. Сөйлем мүшелерін ата.

Қазақстан Республикасының «Қоршаған ортаны қорғау Заңы» бар. Сол Заңның 38-бабында «Табиғатты қорғау, оны таза ұстау – әр адамның міндеті» делінген. Сен өз міндетіңді қалай атқарып жүрсің?



12-тапсырма. Сабақтан алған әсеріңді, ойыңды жаз.

1. Не ұнады?
2. Не ұнамады?
3. Нені өзгерткің келеді?
4. Саған не қиын болды?
5. Саған ең пайдалысы не болды?

ҚОРШАҒАН ОРТА ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯ РЕСУРСТАРЫ

6-бөлім

1–2-сабақ

ОТАН! ТАБИҒАТ! ЖЕР-АНА!



1-тапсырма. Отан, туған жер туралы ой бөлісіңдер.

- Неліктен отансүйгіштік қасиет басты құндылығымыз болып саналады?
- Туған жерің туралы не айта аласың?
- «Отан үшін отқа түс – күймейсің» деген мақалдың астарында қандай ой жатыр?



2-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқы. Отан, туған жер туралы пікірлеріңді бөлісіңдер.

Отан!

Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем,
 Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем,
 Мен оның қасиетті тілін сүйем,
 Мен оның құдіретті түнін сүйем.
 Бар жәндігін сүйемін қыбырлаған,
 Бәрі маған «Отан» деп сыбырлаған.
 Жаным менің,
 Кеудемді жарып шық та,
 Бозторғайы бол, шырылдаған!
 Отан! Отан!
 Бәрінен биік екен.
 Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем.
 Отанды сүймеуің де күйік екен,
 Отанды сүйгенің де күйік екен.

(*Мұқағали Мақатаев*)

Тілдік бағдар

Сөйлемнің бірыңғай мүшелері

Сөйлемдегі қызметі, тұлғасы бірдей, бір сұраққа жауап беретін, бір ғана мүшемен байланысатын екі не одан көп мүшелерді **бірыңғай мүшелер** дейді. Сөйлемнің барлық мүшесі: бастауыш та, баяндауыш та, толықтауыш та, анықтауыш та, пысықтауыш та бірыңғай мүше бола алады. Бірыңғай мүшелер жалғаулықсыз да, жалғаулық (*мен, да, және*) арқылы да байланысады. Жалғаулық шылаулар қайталанбай, бір-ақ рет келсе, арасына үтір қойылмайды.

Жалғаулықсыз

*Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер, мал шашпақ,
Бес дұшпаның білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым,* ойлап қой,
Бес асыл іс, көнсеңіз.

Жалғаулықты:
*мен, да, де,
және, әрі, я, не,
немесе т.б.*

(Абай)



3-тапсырма. Мәтінді мұқият оқындар. Адам әрекетінің салдарынан табиғи ресурстар қандай өзгеріске ұшырайтыны туралы пікірлесіндер. Мәтіннен бірыңғай мүшелерді тауып, қай сөз табынан жасалғанын анықтаңдар.

Табиғи ресурстарды себепсіз және жөнсіз пайдалану, өндіріс қалдықтарының көбеюі, адам әрекетінің салдарынан табиғи ресурстар аумағы, саны, көлемі азая бастады. Сапасы уытты заттар әсерінен өзгерді, кеміді. Кейбір табиғи нысандар, әсіресе өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің кейбір түрлері жойылып немесе жоғалып кету алдында болды. Азаюы жылдан-жылға арта бастады. Мұндай табиғаттағы кері әсерлер адамның, қоғамның өзіне де, келешек ұрпағына да зиян екені анық сезіле бастады. Сондықтан қоршаған ортаның құрамдас бөліктері: жерді, суды, жер қойнауын, өсімдіктерді, ормандарды, жануарлар дүниесін қорғау қатынастары пайда болды. Табиғи қорларды қорғау, оларға тиісті экологиялық жағдай жасау, өсімін молайту, сапасын жақсарту мәселелері де қоршаған ортаны және оның табиғи қорларын қорғаудың ең негізгі мазмұнын құрады.

(*Ө.С. Стамқұлов. «Қазақстан Республикасының экология құқығы»*)



4-тапсырма. Берілген сөз тіркестерін пайдаланып, бірыңғай мүшелерді қатыстырып, диалог құрыңдар. Бірыңғай мүшелер мен интонациялық кідіріс туралы түсінігінді сыныптасыңа айт.

табиғатты қорғау

табиғат байлықтарын тиімді пайдалану

дүниежүзілік мәселе

тиімді пайдалану

қондырғылар орнату

ластанған ауа



5-тапсырма. Қандай мәселе өзекті болып отыр? «Табиғатқа жақын болу керек» дегенді қалай түсінесіңдер? Суреттер бойынша ойларыңды дәйектеп жазыңдар.





6-тапсырма. Суретте берілген жылдың төрт мезгіліндегі табиғат көріністері бойынша бірыңғай мүшелерді қатыстырып, сөйлемдер құрап жаз.




7-тапсырма. Экологиялық апат аймағындағы қоршаған ортаның лас-тануының адам өміріне зияны туралы сөйлемнің бірыңғай мүшелерін қатыстырып, пікірлесіңдер. Өз ойларыңды қорғандар.



8-тапсырма. Ой бөлісіңдер.

Су – табиғат байлығы. Тіршіліктің қайнар көзі. Жер бетіндегі ең көп таралған зат – су. Глобусқа қарасаң, Жер шарының төрттен үш бөлігі көгілдір түске боялған. Ол – су: мұхиттар, теңіздер, өзен-көлдер. Су – тіршілік көзі. Суды үнемдей білесің бе?



9-тапсырма. «Менің сабақтан кейінгі әсерім» кестесін толтыр.

Білдім	Білемін	Білгім келеді

3–4-сабақ

ТАБИҒИ РЕСУРСТАР



1-тапсырма. Сұраққа жауап беріңдер. Сұрақтар бойынша ой бөлісіңдер.



- Дүниежүзінде халықаралық көрме өткізудің маңыздылығы неде?
- Энергияны баламалы энергия көздерінен (күн, жел, су энергиясынан) алу неліктен дүниежүзілік үрдіске айналып отыр?
- ЭКСПО-ға келген мемлекеттер туралы не білесіңдер?
- ЭКСПО-2017 көрмесі келген қонақтарды несімен қызықтырды?



2-тапсырма. Сөйлемнің бірыңғай мүшелерін қатыстырып, энергия көздері туралы ақпарат тауып жаз.



3-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Бір-біріңе сұрақ қою арқылы тақырыпта айтылған мәселені жан-жақты қарастырып, жауап беріңдер. Сөйлемдерден бірыңғай мүшелерді табыңдар.

Энергетикалық ресурстарға барлық механикалық, химиялық және физикалық энергия көздерін жатқызуға болады. Энергетикалық ресурстар олардың табиғатына, алу жолдарына және басқа да нышандарына (белгісіне) байланысты топтастырылады. Қатты органикалық отын және уран ресурстарының көп мөлшері өнеркәсібі дамыған елдердің жерінде болса, мұнай ресурстары мен гидроэнергия негізінде дамып келе жатқан Азия, Африка және Латын Америкасы елдерінде жер қойнауындағы отын қоры көмір, мұнай, газ және уран рудалары болып саналады.

Су энергетикасы (гидроэнергетика; грекше «hydro» – су, ылғал, «energia» – қызмет, әрекет) – 1) бөгет салу арқылы немесе бөгетсіз ағын судан энергия алу. Дүниежүзіндегі ең үлкен су электр стансысы (СЭС) Венесуэлада және Бразилияда Парана өзенінде салынған. Қазақстанда Бұқтырма СЭС-і, Қапшағай СЭС-і, Шардара СЭС-і т.б. бар.

Су электр стансыларының экологияға нұқсан келтіретін факторлары да бірталай. Мысалы, жазық жерлерде СЭС салу құнарлы жерлерді пайдалануға жарамсыз етіп қана қоймай, өзеннің экожүйесін толық бұзады. Суқойма түбінде мыңдаған тонна шөгінділер (өнеркәсіп және тұрмыстық ақпа суымен бірге өзенге түсетін улы заттектер) жиналады. Бұл суқойманы жойғанның өзінде аумақты пайдалануға жарамсыз етеді. Таулы жердегі өзендер СЭС-тер салуға қолайлы.



4-тапсырма. Төмендегі сұрақтарды қолданып, сөйлемнің бірыңғай мүшелерін қатыстырып, диалог құрыңдар.

1. Қазақстандағы көрікті жерлер туралы қандай мәлімет білесің?
2. Қазақстандағы ең танымал орындар қайсы?
3. Өз еліңнің көрікті жерлерін басқа елдермен салыстыра аласың ба?
4. Минералды судың пайдасы қандай?
5. Қазақстандағы қандай шипажайларды білесің?

Тілдік бағдар

Айқындауыш мүше сөйлемде белгілі бір мүшенің мағынасын басқа сөзбен түсіндіріп, нақтылап көрсетеді.

Түрлері	Ерекшелігі	Үтір	Сызықша
Оңашаланған айқындауыш	Өзінен бұрын тұрған сөзді дәлелдеп, түсіндіріп тұратын бір немесе бірнеше сөз.	<i>Бала туған жеріне, өз еліне қайтып оралды.</i>	<i>1928 жылы Қазақстандағы тұңғыш оқу орны – ҚазПИ ашылды.</i>
Қосарлы айқындауыш	Айқындайтын мүшесіне қосалқы атау болады.	<i>Ғарышкер ағаның, Тоқтардың естелігін оқыдық.</i>	<i>Біз, жастар – болашақ ел тірегіміз.</i>
Қосалқы айқындауыш	Өзінен бұрын тұрған сөзді айқындап, нақтылап тұрады.	Қосарлы айқындауышқа ешбір тыныс белгісі қойылмайды. Мысалы, <i>әнші Ермек, Алпамыс батыр</i> т.б.	



5-тапсырма. «Мен және мен өмір сүретін әлем» тақырыбында айқындауыш мүшелер мен сөйлемнің бірыңғай мүшелерін қатыстырып, берілген сөздермен шағын мәтін жаз.

Жер, су, ауа, күн, табиғат, экология, Күн энергиясы, су, адам, ұсынылды, ұйымдастырылды, өткізілді, жарияланды, басталды, берілді.



6-тапсырма. «ЭКСПО–2017 жобалары». Кезең бойынша әр топ тақырыпқа талдау жасаңдар.

1-топ: «Болашақ Қазақстан».

2-топ: «Энергия ресурстары».

Сайыс төрт кезеңнен тұрады:

1-кезең: Дүниежүзілік көрменің тарихы.

2-кезең: Баламалы энергия көздерін қолдану және пайдалану.

3-кезең: Баламалы энергетиканың жүзеге асырылуы.

4-кезең: Қазақстандағы ЭКСПО көрмесі туралы мәлімет.



7-тапсырма. Берілген айқындауыш мүшелерді қатыстырып, сөйлемдер құраңдар.

Күйші Құрманғазы, Райымбек батыр, Қаздауысты Қазыбек би, әнші жігіт.



8-тапсырма. Төменде берілген сұрақтардың бірін таңдап, өз жауабыңды екі дерек арқылы дәлелдей отырып, жауап бер.

- Қазіргі кезде адамзат неліктен қоршаған ортаның жағдайына алаңдайды?
- Адамзат болашақта қандай жаһандық мәселелерге тап болуы мүмкін?
- Қоршаған табиғи ортадағы өзгеріс адамзаттың денсаулығына, өсімдіктер мен экожүйелердің жай-күйіне қалай әсер етеді?
- Күнделікті өрекетінде үнем жасау арқылы қоршаған ортаға қандай пайда әкелесің?
- Болашақ ұрпаққа таза әлем қалдырғымыз келсе, не істеуімізге болады?
- Энергияны тиімді пайдалану дегенді қалай түсінесің?



9-тапсырма. Төменде берілген мәтінді мұқият оқы. Ғаламдық мәселелерді қозғай отырып, «*Электр және электроника*» тақырыбында сұхбат жүргіз.

Өмірді электрсіз елестету мүмкін емес. Электрлі техниканы жүз жылдан астам уақыт бұрын пайдалана бастаған. Осы уақыт ішінде электрлі техника техниканың басқа саласын әкелді, мысалы, электроника мен радиотехника. Қазіргі әлемде есептеуіш техника ерекше орын алады, оның пайда болуына да электрлі техника – себепкер. Есептеуіш техниканы көбінесе IT-ақпараттық технологиялар деп атайды.

(Балалар энциклопедиясынан)



10-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Не үйрендім?
- Қанша мәлімет алдым?
- Әлі де нені білгім келеді?
- Нені түсінбедім?

5–6-сабақ

ҰЛТТЫҚ БАЙЛЫҚ



1-тапсырма. «Ұлттық байлық», «Қазба байлықтар», «Мен үшін ең қымбат жер» тақырыптарына жоба құрастыр. Сөйлемнің бірыңғай мүшелері мен айқындауыштарды қатыстырып жаз.



2-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтінде көтерілген мәселені талқыла. Сөйлемнің бірыңғай мүшелерін тап.



3-тапсырма. Берілген мәтіннен қандай ой түйдің? Өз достарыңа қандай мәлімет айтар едің? Сөйлем мүшелерін тап.

Қазақстан – табиғи байлықтың бай қоры. Біздің табиғатымызды қорғау, жер қойнауын қорғау – қасиетті іс. Ғылым мен еңбек – біздің басты күшіміз. Бейбітшілік! Ол еркін еңбектің, шығармашылық пен жасампаздықтың бақытын түсінген, қайта түлеп туған қазақ халқы үшін қымбат әрі жақын сөз.

(Қаныш Сәтбаев)



4-тапсырма. Үш топқа бөлініп, суреттер бойынша мәтін құрастырындар. Мәтінді сөйлемнің бірыңғай мүшелері мен айқындауыштарды қатыстырып жаз. Газет-журнал беттерінен табиғат, табиғи байлықты қорғау туралы мақалаларды талдаңдар.

Су ресурстары



2030 жылы Қазақстанда 13 млрд текше метр су тапшы болуы мүмкін. Траншегаралық өзендердің суы жыл сайын 2–3% азаяды. Табиғи ресурстарды дұрыс пайдаланбау – ел экономикасына 6–7 млрд шығын келтіреді.



Дүниежүзіндегі ең терең көл – Ресейдегі Байкал көлі. Ең терең жері – 1620 м.





Жер шарының ең үлкен тұйық көлі – Каспий теңізі. Оның суы 5 мемлекеттің жағалауын шайып жатыр (Қазақстан, Түрікменстан, Ресей, Әзірбайжан және Иран).



5-тапсырма. Қоршаған ортаға, экология мен аспан әлеміне қатысты тыйым сөздерді есте сақта. «Қазақстанның табиғат байлығы» деген тақырыпта қосалқы айқындауышты қатыстырып, мәтін жаз.

Егінді, шалғынды бейсауат баспайды. Обал болады. Ағын суды бұруға болмайды. «Судың да сұрауы бар». Өсіп тұрған ағашқа балта тигізуге болмайды. От жағуға қураған ағашты пайдаланады. Қара суды сапырмайды. Жұлдыздарды санамайды. Айды қолмен көрсетпейді.



6-тапсырма. Берілген мәтінді жалғастырып, бірыңғай анықтауыштарды қатыстырып, қысқаша мәтін жаз. Алғашқы сөйлем қанша сөз тіркесінен тұрады?

Жапондар Су текті мәшине ойлап тапты. Болашақта мінсіз қоғам құрудың кілті болмақ. Үйде энергияны тұтыну әдетін өзгерту арқылы энергияны үнемдеуге болады.

Күнделікті әрекетімізде үнем жасау арқылы қоршаған ортаға қандай пайда әкелесің?



7-тапсырма. «Ұлттық байлыққа не жатады?» деген сұраққа жауап беріп, сызбаны толықтыр.



8-тапсырма. Бірыңғай мүшелерді қатыстырып, сұрақтарға жауап бер.

- Су тасқыны болған кезде адамдар не істеу керек?
- Қауіпсіздік ережелерін білесің бе?

ЖАСӨСПІРІМ ЖӘНЕ ЗАҢ

7-бөлім

1–2-сабақ

ЖАСӨСПІРІМДІК КЕЗЕҢ ЖӘНЕ БАЛА ҚҰҚЫҒЫ



1-тапсырма. Төменде берілген сөздердің қайсысы кәмілетке толған немесе кәмілетке толмаған жастарға қатысты екендігін анықта және жасөспірімдік кезең туралы ой бөліс.

Жастық кезең	Бойы өсіп, бұғанасы қатады	Ақыл-ойы, рухани-моральдік жағынан жетіледі	Албырттықпен қызу-қандылыққа бой ұрады	Заңды мүдделерін ата-аналары, басқа заңды өкілдер жүзеге асырады	Азаматтық қабілеттілік басталады
Кәмілетке толған жас					
Кәмілетке толмаған жас					

Тілдік бағдар

Сөйлем құрылысына қарай *жай сөйлем* және *құрмалас сөйлем* болып екіге бөлінеді. Бір ғана ойды білдіріп, бір ғана интонациямен айтылатын сөйлем *жай сөйлем* деп аталады. Сөйлем айтылу мақсаты мен интонациясына қарай *хабарлы, сұраулы, бұйрықты* және *лепті сөйлем* болып бөлінеді.

Айтылу мақсаты хабарлау, суреттеу, баяндауды білдіретін сөйлемнің түрін *хабарлы сөйлем* дейміз. Мысалы: *Көктем келді. Жиналыс сағат сегізде басталады.*

Жауап алу мақсатымен сұрай айтылған сөйлемді *сұраулы сөйлем* дейміз. Сұраулы сөйлемдер мынадай жолдармен жасалады:

1. Сөйлемде сұрау есімдігінің қолданылуы арқылы. Мысалы: *Не айтасыз? Неге күлдіңіз?*

2. Сөйлемде *ма, ме, ба, бе, па, пе, ша, ше* шылауларының қолданылуы арқылы. Мысалы: *Сабаққа барасың ба?*

3. Сөйлемде *ғой, қой, -ау, -еу* шылауларының, *ә, сірә* сияқты оқшау сөздердің, *болар, шығар, қайтеді, білемін* деген көмекші сөздердің сұрау мәнінде қолданылуы арқылы жасалады.

Біреуге бұйыру, тілек-өтініш ету мақсатында айтылған сөйлемді **бұйрықты сөйлем** дейміз. Мысалы: *Керек-жарағын ала келсін! Ертең жиналысқа кешікпей кел.*

Бұйрықты сөйлем – біреуге бұйыру, тілек-өтініш ету мақсатында айтылған сөйлем. Бұйрықты сөйлемде интонация біркелкі бола бермейді: бірде хабарлы сөйлем интонациясымен айтылса, бірде лепті сөйлем интонациясымен айтылады да, соған сәйкес сөйлем соңында нүкте (.) я леп белгісі (!) қойылады. Бұйрықты сөйлемнің баяндауышы етістіктің бұйрық рай тұлғасынан және бұйрық не шартты рай тұлғасына тілек-өтініш мәнді *-шы, -ші* жұрнағын жалғау арқылы жасалады. Мысалы: *Бар! Шап! Жиып кел тегіс! – деді... Отпен ойнама! Мөлдір, мені күтіп ал.*

Лепті сөйлем – айтушының көңіл күйін (қуану, ренжу, зеку, өкіну т.б.) білдіретін сөйлем. Лепті сөйлем ерекше әуенмен айтылып, дауыс ырғағы сөйлем соңында да көтеріңкі қалыпта болады. Соған сәйкес сөйлем соңында леп белгісі (!) қойылады. Мысалы: *Құнанбай қатты зекіп қалып: – Жә, тоқтат! – деді. (М.Ә.) Мысалы, Бейбітшілік жасасын! Мерекеңізбен құттықтаймын!*



2-тапсырма. Мәтінді мұқият тыңда. Тыңдаған мәселе бойынша өзіндік ой тұжырымда. Жай сөйлемдерді тап.



3-тапсырма. Тыңдалған мәтіннен ең қажетті ақпараттарды бөліп қарастыр. Сұрақтарға жауап беріп, тапсырмаларды орында. Сұрақтарды жай сөйлемдерге айналдырып айт.

- Жасөспірім неліктен өзін үлкенмін деп есептейді?
- Мектепке немесе ортаға бейімделу дегенді қалай түсінесің?
- Тәртіп бұзатын баланы сынып қалай қабылдайды?
- «Қиын бала» деп кімді айтады?



4-тапсырма. «Жасөспірім. Ол – кім?» тақырыбына диалог құрындар. Диалогте жай сөйлем түрлерін пайдаланыңдар.



5-тапсырма. Келесі беттегі суреттерде берілген заңдардың қазақ қоғамындағы маңызы туралы ой бөлісіп, сыныптасыңмен әңгімелес.



Қасым ханның қасқа жолы



Есім ханның ескі жолы



Тәуке ханның «Жеті жарғысы»



Қазақстан Республикасының Конституциясы



6-тапсырма. Олеңді оқы. Автордың нені айтып отырғанын анықта және қазіргі заңмен салыстыр. Айтылу мақсатына қарай ажырат. Бұйыру, тілек-өтініш ету мақсатында айтылған сөйлемдердегі баяндауыштың жасалу тұлғасына талдау жүргіз.

Ұлы Заң

Өлеңім, шарла ауылды,
 Тыңда, дала, Жамбылды!
 Өмірде заңды көп көрдім,
 Сол заңдар бүгіп белімді,
 Көзімнің жасын қан қылды.
 ...Заңның тартып зардабын,
 Зарлады налып қалың ел.
 Ұстап заңды қолына,
 Халықтың мініп мойнына,
 Бай, мырза, шора алды бел.
 Ажал, аштық, жауыздық,
 Даланы кезіп құйындай,
 Көздің жасын етті сел.
 Шарла, өлеңім, ауылды,
 Тыңда, дала, Жамбылды...

(Жамбыл Жабаев)



7-тапсырма. Жасөспірімдердің мінез-құлқы, қызығушылықтары туралы әлеуметтік-қоғамдық тақырыпқа мәтін құрастыр. Мәтін ішінде жай сөйлемдердің қолданылуына назар аудар.

1. Бала құқығының Декларациясы.
2. ҚР Бала құқықтары туралы Заңы.
3. ҚР Конституциясы.
4. Білім туралы Заң.
5. Неке және отбасы туралы Заң.
6. Балалар құқығының Конвенциясы.
7. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекс.



8-тапсырма. Өз ойыңды тұжырымдап айт.

«Жаңа жағдайға сай біздің бөрімізді алаңдататын мәселе – білімді, кәсіби даярлығы бар адам тәрбиелеу ғана емес, қоғамдық өмірдің барлық саласында ұлттық және дүниежүзілік құндылықтарды қабылдауға қабілетті рухани және әлеуметтік адамгершілік мүмкіндігі мол тұлғаны қалыптастыру».

(Нұрсұлтан Назарбаев)



9-тапсырма. «Бала құқықтары» тақырыбында өз ережеңді ұсын. Сөйлемдердің айтылуына қарай тыныс белгілерін дұрыс қойып жаз. Жазу мәнеріңе көңіл бөл.



10-тапсырма. 6-тапсырмадағы ақпараттарды өз пікіріңмен дәлелде.

Бірінші сөйлем. «Менің ойымша, ...».

Екінші сөйлем. «Себебі, мен оны былай түсіндіремін ...».

Үшінші сөйлем. «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын ...».

Соңғы сөйлем. «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім ...».



11-тапсырма. Сабақтан алған әсеріңді, ойыңды жаз.

- Не жақсы өтті?
- Не жақсы өтпеді?
- Нені өзгерткің келеді?
- Саған не қиын болды?
- Саған ең пайдалысы не болды?

3–4-сабақ

ЗАҢДЫ БІЛГІМ КЕЛЕДІ



1-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып, сөйлемдерді толықтыр. Төменде айтылған заң тармақтары қандай қоғамдық қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық акт болып табылатыны жөнінде сыныптасыңмен ой бөліс.

1. Әрбір баланың ... құқығы бар.
2. Бала өз мүддесіне қатысты ... мәселелерді шешкенде өз ... еркін білдіруге құқылы.
3. Баланың құқықтары жөніндегі конвенцияға байланысты әрбір баланың өзінің ... сақтауға қақысы бар.



2-тапсырма. Мәтінді мұқият тыңдап, өзің білетін мәліметтермен толықтырып жалғастыр. Жай сөйлем түрлерін қолдан.



3-тапсырма. Тыңдалған мәтіннен ең қажетті ақпараттарды бөліп қарастыр. Сұрақтарға жауап бер.

1. Заң дегеніміз не?
2. Қандай заңдарды білеміз?
3. Құқық дегенді қалай түсінесің?
4. Жасөспірімдерге арналған арнайы заң бар ма?



4-тапсырма. Төмендегі кітаптардың қандай заңнамалық құжат екенін ғылыми термин, деректер арқылы сипаттап, жай сөйлем түрлерін қатыстырып, диалог құрыңдар.



Тілдік бағдар

Жай сөйлемдер құрылысына қарай 7 топқа бөлінеді

♦ **Жалаң** – тек қана бастауыш пен баяндауыштан тұратын сөйлем.
Мысалы: *Жаңбыр жауады.*

♦ **Жайылма** – тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелерінен тұратын сөйлем.
Мысалы: *Далада жаңбыр жауады.*

♦ **Жақты** – бастауышы бар, кейде айтылмай тұрса да, баяндауыш арқылы табуға болатын сөйлем.
Мысалы: *Ертең мен театрға барамын.*

♦ **Жақсыз** – бастауышы жоқ және баяндауыш арқылы табуға болмайтын сөйлем. Мысалы: *Осы сабақты оқу керек.*

♦ **Толымды** – сөйлемде ойға қатысты сөйлем мүшелері бар жай сөйлем. Мысалы: *Марат бір ытқып сыртқа шықты.*

♦ **Толымсыз** – айтылуға тиісті тұрлаулы я тұрлаусыз мүшенің бірі түсіп қалған жай сөйлем. Мысалы: *Қазақстан Еуразия құрлығында орналасқан.*

♦ **Атаулы** – ойды білдірмей, тек соған байланысты заттың, құбылыстың, мезгілдің, мекеннің аты аталып көрсетілетін жай сөйлем.
Мысалы: *Алтын күз.*



5-тапсырма. Заңда жазылған мына қағиданы өз ойыңша тұжырымдап айтып бер. Осы заңға сөйкес өз міндетің мен құқығыңды кесте түрінде көрсет.

«Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 49-бабы: «Ата-аналар және өзге де заңды өкілдердің құқығы мен міндеті: балаларға өмірі мен оқуы үшін саламатты және қауіпсіз жағдай жасауға, олардың ой-өрісі мен дене күшін дамытуға, имандылық тұрғысынан қалыптасуын қамтамасыз етуге жауапты».



6-тапсырма. Мақал-мәтелдерді жалғастырып жаз. Жай сөйлемдерді құрылысына қарай талда.

1. Біреуге ор қазба,
2. Заңның құрығы

3. Ұрлық түбі –
4. Тура биде
5. Қолыңмен істегенді
6. Тек жүрсең,
7. Заңды сыйлаған



7-тапсырма. Төменде көрсетілген бала құқықтарының қай заңнамалық құжатта, қай бапта айтылғанын іздеп тауып, осы баптарға сәйкес деректі, дәйекті эссе жаз.

- Әр баланың денсаулығын сақтауға құқығы бар.
- Әр бала туған сәтінен бастап аты, әкесінің аты, ұлты, тегі және азаматтығы болуына құқылы.
- Әрбір баланың өмір сүруге, жеке басының бостандығына, қадір-қасиетіне және өміріне қол сұғылмауға құқығы бар.
- Баланың сөз және ар-ұждан бостандығына, ақпаратқа, қоғамдық өмірге араласуына құқығы бар.
- Әр баланың білім алуға құқығы бар.



8-тапсырма. Мәтінді қосымша мәліметтермен толықтырыңдар. Нәтижесін (кесте, сызба, диаграмма, сурет, ойын, дидактикалық ойын, тренинг және т.б.) қорытынды түрінде жинақтаңдар. 3-кезеңде әр топ өз жұмыстарыңды қорғандар.

Құқық дегеніміз – мемлекет тарапынан заңдастырылған және қорғалатын, жалпыға бірдей міндетті нормалар жүйесі. Құқықтың ерек-

шелігі – оның нормалары бұзылған жағдайда кінәлінің заңды жауапқа тартылатындығында. Моральдық тәртіпті бұзғаны үшін адам заңды жауапкершілікке тартылмайды, бірақ көпшіліктің назарына ілігеді, айналасына жағымсыз пікір туғызады. Біздің елімізде адам құқықтары Ата Заңымызда – Қазақстан Республикасының Конституциясында жазылған. Ол 9 бөлім, 98 баптан тұрады. Оның екінші бөлімі – 30-бабы – құқыққа арналған. Ата Заңның 1-бабының 1-тармағында «Қазақстан өзінің ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылатын демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықты» деген. Адам құқығына үлкен үлестерін қосқан Ш. Монтескье, И. Кант, Т. Джефферсон сияқты ойшылдар адам құқығының негізгі ережелерін алғаш рет анықтап, белгілеген.

Ойшылдарымыз Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және Абай адам құқығы мен бостандығын қорғаған. Адам дүниеге келгеннен кейін оның өмірін, денсаулығын, тыныштығын біздің мемлекетіміздің Ата Заңы қорғайды.

(Баспасөз материалдарынан)



9-тапсырма. «Тілдік бағдар» айдарындағы ережелердің өзіне тән ерекшелігін, қасиетін, қызметін, маңызын талда.

Семантикалық карта		
Тілдік бағдар	Сұрақтар	Жауаптар, мысалдар
<i>Хабарлы сөйлем</i>		
<i>Сұраулы сөйлем</i>		
<i>Лепті сөйлем</i>		



10-тапсырма. Мәтін бойынша кестені толтырыңдар.

Ассамблея туралы Заң

Қазақстан Республикасының «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заңына 2008 жылдың 20 қазанында қол қойылды. Осы заң этносаралық қатынастар саласындағы негізгі ұстанымдарды айқындай отырып, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен оның құрылымдарының мәртебесін заң деңгейінде бекітті.

Заң Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік ұлттық саясатты іске асыруға, қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге, мемлекеттік және қоғамның азаматтық институттарының этносаралық қатынастар саласындағы өзара іс-қимылының тиімділігін арттыруға бағытталған. Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысын ұйымдастыру тәртібін айқындайды. Заңға сәйкес Қазақстан халқы Ассамблеясы – Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен құрылған, мемлекеттік ұлттық саясатты өзірлеуге және іске асыруға ықпал ететін мекеме.

Ассамблеяның мақсаты қазақ халқының топтастырушы рөлін арқау ете отырып, қазақстандық патриотизм, Қазақстан халқының азаматтық және рухани-мәдени ортақтығы негізінде қазақстандық азаматтық бірегейлікті және бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыруда Қазақстан Республикасында этносаралық келісімді қамтамасыз ету болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президентіне – Елбасына – Қазақстан халқы Ассамблеясын өмір бойы басқару құқығы тиесілі. Ассамблеяның құрылымын Ассамблея сессиясы, Ассамблея Кеңесі, Ассамблея хатшылығы, облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) Ассамблеялары құрайды. Ассамблея сессиясы – Ассамблея мүшелерінің жиналысы, Ассамблеяның жоғары басқарушы органы болып табылады. Сессияны Қазақстан Республикасының Президенті қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде бір рет шақырады.

(Ұлттық энциклопедиядан)

Мәтіннен үзінді	Өз пікірім	Ой-тұжырым



11-тапсырма. Жасөспірімдер құқығы туралы пікір білдір. Пікірді жалаң, жайылма сөйлемдерді қатыстырып жаз.

5–6-сабақ

ЖАСӨСПІМ ҚҰҚЫҒЫ



1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Құқық дегеніміз не?
- Жасөспірімдер арасындағы қылмыс туралы не білесің?
- Өз құқықтарыңды білесің бе?



2-тапсырма. Мәтінді мұқият тыңда. Тақырып қой. Осы мәтін бойынша 5–6 сұрақ құрастыр.



3-тапсырма. Төмендегі заңдардың анықтамасын энциклопедиядан, түсіндірме сөздіктен тауып, кестені толтырып жаз.

Ата Заң	
Неке туралы Заң	
Білім туралы Заң	
Бала құқықтары туралы Конвенция	
Дала Заңдары	
Тіл туралы Заң	



4-тапсырма. Республикалық «Заң» газеті және басқа да ресми ақпарат құралдарынан кәмелетке толмағандардың қылмысы туралы деректер жинап, талдау жасап жаз. Жақты, жақсыз, толымды, толымсыз сөйлемдерді дұрыс қолдан.



5-тапсырма. «Менің құқықтарым мен міндеттерім» тақырыбына эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілігін салыстыра отырып, өз ойыңды дәлелдеп, деректі, дәйекті эссе жаз.

Жазба жұмысына қойылатын талаптар:

- Кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдер дұрыс құрылуы шарт.
- Тақырыптан ауытқымай, мазмұндық желі сақталуы керек.
- Тезистерді ұтымды, нақты дәлелдермен растау қажет.
- Мазмұндық құрылым өмірмен байланысты болуы керек.
- Өзіндік ой топшылаулар, тың пікірлер келтірілуі шарт.
- Баяндау стилі, көркемдік ерекшелігі нақты болуы керек.

Тілдік бағдар

Бастауышы қатысқан немесе жасырын тұрғанда баяндауышы арқылы қиыстыра байланыстырып табуға болатын сөйлем **жақты сөйлем** деп аталады.

Жақты сөйлемнің негізгі белгілері:

1) Баяндауышы бастауышпен жақ жағынан қиыса байланысады. Мысалы: *Бұл кезде тоғай да кемеліне келіп толықсып тұрады.*

2) Жақты сөйлемнің бастауышы сөйлем ішінде ерекше айтылмаса да, оның қай сөз екені айқын болып тұрады. Мысалы: *Бір кезде қасқа атты қалт тоқтатып, артына бұрылды. Былтыр жазда демалыс алып, ауылға бардым.* Бірінші сөйлемде бастауыш ашық айтылмағанмен, баяндауышына қарап, *ол* екенін, ал екінші сөйлемде *мен* деген жіктеу есімдігі екенін тауып алуға болады. Сонымен жақты сөйлемде бастауыш ашық тұрады. Бастауыш қатыспайтын, бастауышты баяндауыш арқылы тауып алуға болмайтын сөйлем **жақсыз сөйлем** деп аталады. Мысалы: *Менің Тортайдың қасынан кеткім келмеді.*

Жақсыз сөйлемнің жасалу жолдары:

Жақсыз сөйлемнің баяндауышы күрделі болып келеді:

1. Баяндауышы *-қы, -ғы, -кі, -гі* жұрнақты қалау райлы етістіктен болады: *Абайдың ұғына түскісі келеді.*

2. Барыс септік жалғаулы тұйық етістіктен соң, *бол, тура, кел* деген көмекші етістіктердің келуі арқылы жасалады: *Енді сізге айтуға тура келеді (Ғ. Мұст.).*

3. Атау немесе барыс септік тұлғалы тұйық етістіктен соң, *керек, жөн, мүмкін* деген бейтарап сөздердің тіркесіп келуі арқылы жасалады: *Біздің ашық сөйлесуіміз керек (Б. Бұлқ.).*

4. Баяндауышы *-ып, -іп, -п* жұрнақты көсемшеден кейін *бол* деген көмекші етістіктің болымсыз тұлғада келуі арқылы жасалады: *Нені айтып отырғанын түсініп болмайды.*



6-тапсырма. Мәтінді мұқият оқып, «Жеті жарғы» туралы Ө. Марғұланның пікіріне мән беріп, талқылаңдар. Қарамен берілген жайылма сөйлемді жалаң сөйлемге айналдырыңдар.

Жеті жарғы

...Қазақ ғалымдарының ішінде «Жеті жарғы» туралы алғашқы пікір білдіргендердің бірі – академик Ө.Х. Марғұлан. Ол «**Жеті жарғыны**» – **жеті жарғыш, жеті, яғни жеті әділ, қара қылды қақ жарған билердің**

билігі дегенді қолдады. Сонымен бірге Ә.Х. Марғұлан «Қазақ совет энциклопедиясындағы» «Жеті жарғыға» арналған мақаласында оның мазмұнының жеті түрлі ережеден құралатындығы жайлы жазады. «Жеті жарғыға» кірген ережелер жетеу.

Олар:

- Мүлік заңы;
- Қылмыс заңы;
- Әскери заң;
- Елшілік жоралары;
- Жұртшылық заңы;
- Жесір дауы;
- Құн дауы.

(Жамбыл Артықбаев. «Жеті жарғы» – мемлекет және құқық ескерткіші)



7-тапсырма. Сабақта алған әсерінді, ойынды жаз.

Пікір. Оқыған мәтін бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз.

Дәлел. Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.

Мысал. Пікіріңді өмірмен байланыстырып, бір мысал келтір.

Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды жаз.

7–8-сабақ

ЖАСӨСПІРІМДЕР ТӘРБИЕСІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ БҮЗУШЫЛЫҚ



1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Қоғамдағы тәртіпке кім жауапты?
- Жасөспірімдер арасындағы қылмысты болдырмаудың қандай жолдарын ұсынар едің?



2-тапсырма. Мәтінді оқып, оған тақырып қой. Төмендегі сұрақтарға жауап бер.

Бөріне өзім айыптымын!

Мен өзім соңғы күндері бастан кешкен халімді көз алдыма осылай әкелемін. Дауыл сапырып өтті, жан қалды. Енді ес жиып ойлануыма, өзіме-өзім есеп беріп толғануыма болады!

Әрине, бәріне өзім айыптымын. Осының бәрі – тәртіпсіздіктің, мінез-құлқымның нашарлығының кесапаты. Әйтпесе ана Темір құсап өзімді-өзім үлгілі ұстап тек жүріп, тек тұрсам, мұндай жағдай болар ма еді? Жоқ, жетеді! Ақымақтықты енді доғаруым керек!

Бұл менің түзелемін деп, өзіме-өзім бірінші рет уәде беруім емес. Талай рет уәде бердім, шындап бердім. Бірақ қанша тыныш жүрейін деп тырыссам да, олай болмай шығады. Не ет қызуымен, не басқа бір себеппен тәртіпсіздік істеп қойғанымды өзім де байқамай қалам. Жоқ, енді бұлай болмауға тиіс.

Таңертең апам жайлауға қайтпақшы болды. Атын әкеп ерттеп бердім. Ол менің басымнан сипап тұрып:

– Ал, Қожатай, ақылың бар баласың. Бәрін өзің түсінуің керек. Егер сен тағы бір шу шығаратын болсаң, онда маған өкпелеме... Әкеңнен қалған мал мүлікке ие бол, мен бұл үйден кетемін, – деді.

Анамды құшақтай алдым.

– Жоқ, апатай, кетпеші, жаным апа! Ендігәрі тәртіпсіздік жасасам, оңбай, көгермей кетейін...

Көңілім босап, көзіме жас қаймақшып келіп қалды.

Анам қолын иығыма салды.

– Сен жақсы жүрсең, мен ешқайда да кетпеймін... Мен үшін сенің адам болғаныңнан артық ешқандай бақыт жоқ, – деді.

(Бердібек Соқпақбаев)

Сұрақтар:

1. Қожаның уәдесінде тұра алмауының себебі неде деп ойлайсың?
2. Анасының айтқан сөздері оған неліктен қатты әсер етті?
3. Өзіңнің де осындай жағдайға тап келген кезің болды ма?



3-тапсырма. Мәтіннен ең қажетті ақпараттарды бөліп қарастыр. Мәтінді қоғамдық-әлеуметтік мәселе ретінде талдап, өз пікіріңді дәлелдеп айт, өмірмен байланыстыр. Жай сөйлемдерді түрлеріне қарай ажырат.



4-тапсырма. «Заңсыз аралдағы өмір» тақырыбына өткір сюжетті ертегі құрастыр. Ертегідегі шытырман оқиғалардың соңын адамгершілік нормаларына сай әдептілік ережелерімен аяқта. Ертегіде жақты, жақсыз, толымды, толымсыз, атаулы сөйлемдердің болуын қадағала.



5-тапсырма. «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды» деген Б. Момышұлының ғибратты сөзіне мәтін құрастырып жаз. Жай сөйлемдерді түрлеріне қарай ажырат.



6-тапсырма. Төменде берілген сөйлемдердің айтылу мақсатына сай тыныс белгісін қойып жаз.

- Кейбір адамдар жасаған қателігі үшін шын ниетпен өкінеді
- Өз айыбын мойындаған кінәлілерге кешірім беру керек пе
- Кінәлі адам кәметке толмаса, оның мүддесін кім қорғайды
- Кәметке толмағандарға арнайы жаза тағайында
- ҚР заңдарын бұлжытпай орындау керек



7-тапсырма. «Жасөспірім», «Тәртіп», «Мінез-құлық», «Заң» деп аталатын төрт топқа бөлініңдер. Әр топ осы ұғымдарды үш тілде айтуы керек.



8-тапсырма. «Менің еркін болғым келеді». Еркіндікті екі түрлі түсінуге болады: бір нәрседен «азат, еркін, тәуелсіз болу» және бір нәрсе үшін «еркін, азат, ерікті болу». Осы екі ұғым нені білдіретіні туралы ойланшы, кестені толтыр.

Неден
ерікті болғым
келеді?

Менің ерікті
болғым
келеді...

Не үшін
ерікті болғым
келеді?



9-тапсырма. *Жасөспірім, заң* ұғымдарына ғылыми тұрғыдан берілген түсініктемелерден сөздік (гlossарий) құрастырып жаз.



10-тапсырма. Мәтінді оқып, жағдаятқа байланысты сыныптасыңмен ой бөлісіп, сұрақтарға жауап бер.

Аулада бір топ бала асық ойнап жүр. Олардың жандарына қолында сақасы бар бейтаныс бала келді. Балалар тез танысып, асыр салып, асық ойнады. Бір кезде бейтаныс бала «менің сақам жоқ» деп баж ете қалды.

Менің ең жақын досымның сақаны ұрлап алғанын байқап қалған едім. Енді не істесем екен? Мен үндемей, төмен қарадым.

1. Заңды асық ұрлаған бала бұзды ма, әлде асықты ұрлаған баланы көре тұра, үндемеген бала бұзды ма?

2. Кінәлілерге қандай жаза қолдануға болады?



11-тапсырма. Жасөспірімдер арасындағы заң бұзушылықтың алдын алу мақсатында өз пікіріңді жаз.

- Ата-ананың жауапкершілігі болуы керек.
- Мемлекет қылмыстың алдын алуы керек.

ТЕАТР ӨНЕРІ МЕН МӘДЕНИЕТІ

8-бөлім

1–2-сабақ

ТЕАТР ӨНЕРІ



1-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап бер. Пікірлесу барысында жай сөйлем түрлерін орынды қолдан.

- Руханият әлемінен хабардар болудағы театрдың рөлі қандай?
- Театр өнерінің табиғатын қалай тануға болады?
- Мәдениетті, парасатты, қарапайым көрерменді қайдан табуға болады?



2-тапсырма. Мәтінді оқы. Берілген мәтін бойынша сұрақ құрастыр.

Бүкіләлемдік театр күні

Бүкіләлемдік театр күні 1961 жылы Халықаралық театр институтының ІХ конгресінде белгіленді. «Театр» – көне грек сөзі, «көретін орын» деген қарапайым мағынаны білдіреді. Сахналық қойылым жайлы ең көне дерек біздің дәуірімізге дейінгі 2500 жылы қағазға түскен. Оқиға орны – Ежелгі Египет. Қойылымда Осирис құдайдың тарихы

баяндалған. Театр жеке-дара өнер, өнер ордасы болып Ежелгі Грекияда қалыптасты. Сахналық өнердің комедия және трагедия жанрлары да сол дәуірден бастау алады. Эллада елінің әртістері қолданған маскалар театр символына айналды.

Театр – ойын-сауық орны. Қазақ театры өнері де ертеден келе жатқан салт-дәстүрімізге негізделеді. Үйлену салты, қыз ұзату, шілдехана тойына байланысты өтетін ойын-сауықтар, ақындар айтысы т.б. салт-дәстүрлеріміз театр өнерінің алғашқы көріністері болып есептеледі. Театр алғаш рет құрылған жылы онда Иса Байзақов, Әміре Қашаубаев, Қалибек Қуанышбаев, Елубай Әмірзақов, Серке Қожамқұлов, Жұмат Шанин, Шара Жиенқұлова және т.б. өнер тарландары қызмет етті.

(«Театр әлемі» кітабынан)



3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріп, жай сөйлем түрлерін қатыстырып, театр туралы ой бөлісіңдер.

1. «Театр киімлігіштен басталады» деген қанатты сөздің мағынасын қалай түсінесің?
2. Бүгінгі қазақ театры туралы қандай ақпарат білесің?
3. Театр өнері туралы не білесің?
4. Театр мәдениеті дегенді қалай түсінесің?




4-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойып жаз.

1. А. Әшімов – Жамбыл және Шымкент университеттерінің ... профессоры.
2. Театр өнерінде айрықша еңбегімен ... бір топ актер «Алғыс хатпен» марапатталды.
3. Олардың қатарында М. Әуезов театрының талантты актері, Қазақстанның еңбек сіңірген ... Дулыға Ақмолда да бар.
4. Талантты жас актер Еркебұлан Дайыров ... туралы кинода басты рөлде ойнады.
5. Өнер ... шабыттандырады.
6. Өнерге ... бар таласы.

Қажетті сөздер: талантты, әркімнің-ақ, құрметті, көзге түскен, актері, Бауыржан Момышұлы.



5-тапсырма. Сызба бойынша материал жинақтап, тезистік жоспар құрып жаз.





6-тапсырма. Берілген сөздер мен сөз тіркестерінен мәтін құрап жаз. Мәтінге тақырып қой.

Театр, сахна, қойылым, опера, комедия, актер, музыка, тұңғыш режиссер, балет, шымылдық, қазақ актерлері, талантты актер, драмалық шығарма, көрермен ықыласы.



7-тапсырма. Мәтіннің мазмұнын ұғына отырып, ұсынылған ақпараттан астарлы ойды анықта. Жай сөйлемдерді айтылу мақсатына қарай топтастыр.

Өмірдің өзінен алынған драма

Кешегі 90-жылдардан бастап көрермендер келмегеннен кейін театрлар ойын-сауық, шоу өткізетін орындарға айналып бара жатыр еді. Жалпы театрдың негізгі бағыты ойын-сауық емес, заманмен тілдесетін, ойландыратын орын болған.

Біз көрген «Үміт үзгім келмейді» қойылымы көрермендеріне осындай ой салады. Оқырман қауым жазушы Немат Келімбетовті, оның тағдырын да, шығармаларын да жақсы біледі. Спектакльдің басты кейіпкері Мейірбек автордың өз прототипі деуге болады. Кейіпкер кенеттен жары Қарлығаштан айырылғаннан кейін, денсаулығы күрт нашарлап, өмірден түңіле бастайды. Жалғыз қызы арқылы күйеу баласынан көп ақша сұратып, өзіне жақсылық жасаған достары – Советбек, Дәулет, Асылханды аурухана палатасына шақыртып алады... Пьесаның ұтымды жағы – осы төрт тағдыр арқылы бүгінгі қазақ қауымының басында бар көкейкесті мәселелерді көтеруі.

(Смағұл Елубай)



8-тапсырма. Жай сөйлем түрлерін қатыстырып, театр өнері мен мәдениеті туралы таныстырылым жаса.



9-тапсырма. «Менің сүйікті қойылымым» тақырыбында эссе жаз. Эсседе жай сөйлем түрлерін қолдан.

3–4-сабақ

ҚАЗАҚТЫҢ КӘСІБИ ТЕАТР ӨНЕРІ



1-тапсырма. Жай сөйлем түрлерін қатыстырып, сұрақтарға жауап жаз.

- Абай атындағы опера және балет театры қашан ашылды?

- Бүгінгі қазақ театры туралы қандай ақпарат білесің?
- Қазақ мәдениетіндегі тарихи өнер қайраткерлері туралы қандай мәлімет білесің?
- Қазақты әлемге танытқан тұлғалар туралы не білесің?



2-тапсырма. Театр туралы ой бөлісіңдер. Жақты, жақсыз, толымды, толымсыз, атаулы сөйлемдердің болуын қадағала.



3-тапсырма. Берілген сұрақтарға жазбаша жауап жаз. Сөйлем түрлеріне ажырат.

1. Драматургиялық шығарма туралы не білесің?
2. Достарыңмен театрға жиі барасың ба?
3. Саған опера ұнай ма?
4. Астана қаласында қай театрға баруға кеңес берер едің?
5. Қазақ театры туралы қандай ақпарат білесің?



4-тапсырма. Мәтіндегі негізгі ойды айқындап тұрған сөйлемді тауып жаз. Сөйлемдерден матаса, меңгеріле, қабыса байланысқан сөз тіркесін тап.

Мұхтар Әуезов атындағы қазақ академиялық драма театры



Мұхтар Әуезов атындағы қазақ академиялық драма театры – Алматыдағы ірі қазақ театрларының бірі.

Қызылордада 1926 жылы 13 қаңтарда М. Әуезовтің «Еңлік–Кебек» пьесасымен және халық өнерпаздары қатысқан концертпен тұңғыш рет театр шымылдығы ашылды.

Алғашқы құрылған жылдары театр құрамында көркемөнерпаздық пен халық шығармашылығының танымал шеберлері – И. Байзақов, Ә. Қашаубаев, С. Қожамқұлов, Е. Өмірзақов, Ж. Шанин, Қ. Қуанышбаев, Қ. Жандарбеков, Қ. Бадыров, Қ. Мұңайтпасов т.б. ойнады. 1929 жылы театр труппасы Алматыға қоныс аударды. 1937 жылы 27 ақпанда академиялық театр атағын алды. Театр 20 жылдығына орай 1946 жылы Еңбек Қызыл ту, ал 50 жылдығына байланысты 1976 жылы Халықтар достығы ордендерімен марапатталды.

Театрға 1961 жылы жазушы, драматург М.О. Әуезовтің есімі берілді.

Театр сахнасында ерлікке толы ұлы өмірлер, патриоттық, отаншылдық сезімдер, жанқиярлық ерен еңбектер жан-жақты жырланатын қойылымдармен қатар, халқымыздың рухани асыл армандары мен мұң-мұқтаж, талап-тілегін бейнелейтін тарихи-эпостық тақырыптағы шығармаларға да көп ден қойылды. М. Әуезовтің «Абай», «Еңлік–Кебек», «Қобыланды», С. Мұқановтың «Шоқан Уәлиханов» спектакльдері ерекше шығармашылық табыс болды.

Театр ұжымы өз еліміздің алыс аймақтарына, Оңтүстік Қазақстан, Маңғыстау, Қызылорда, Жамбыл облыстарына, Астана, Павлодар, Семей, Қарағанды, Өскемен қалаларына, Омбы қаласына (Ресей Федерациясы) қойылымдарымен барып қайтты.

(Ұлттық энциклопедиядан)



5-тапсырма. Мәтін бойынша жай сөйлем түрлерін қатыстырып, сұрақтарға жауап бер.

1. М. Әуезов атындағы қазақ драма театры туралы қандай ақпарат білесің?
2. Қай театрға жиі барасың?
3. М. Әуезов атындағы қазақ драма театрында соңғы рет қашан болдың?
4. Қандай спектакль көрдің?
5. Актерлердің ойындары ұнады ма?
6. М. Әуезов атындағы қазақ драма театрының қандай атақты актерлерін білесің?



6-тапсырма. Берілген мәтін негізінде диалог құрыңдар. Сөйлемнің бірыңғай мүшелері қатысқан сөйлемді табыңдар. Сөйлемдерді сұраулы сөйлемдерге ауыстырып жазыңдар.



М. Өуезов атындағы Қазақ Мемлекеттік академиялық драма театрында Қазақстан Театр қайраткерлері одағының ұйымдастыруымен «Еңлікгүл–2014» кәсіби сыйлығы табысталды. Бұл сыйлық 2010 жылдан бері халықаралық театр күніне орай беріліп келеді. Шараға мәдениет майталмандары, Республика театрларының директоры, Қазақстан Театр қайраткерлері одағының мүшесі қатысып, арнайы қазылардың шешімімен жеті аталым бойынша жеңімпаздар анықталды.

Жүзден қара үзіп шыққан жылдың үздіктері – «Еңлікгүл–2014» сыйлығына ие болды.

«Жылдың ең үздік актері» номинациясын – М. Өуезов атындағы Қазақ Мемлекеттік академиялық драма театрының актері Азамат Сатыбалды жеңіп алды.



7-тапсырма. Сұраулы сөйлемді қатыстыра отырып, танымал тұлғалар туралы сұхбаттасындар.



8-тапсырма. Лепті сөйлемді қатыстыра отырып, «Менің сүйікті қойылымым» тақырыбында эссе жаз.

5–6-сабақ

ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТ



1-тапсырма. Берілген сұрақтарға жауап жаз.

- Ұлттық мәдениет туралы қандай ой айтасың?
- Бүгінгі қазақ өнері мен мәдениеті туралы қандай ақпарат білесің?
- Әлемге танымал тұлғалар туралы не білесің?
- Театр мәдениеті қандай болу керек?



2-тапсырма. Төмендегі мәтінді мұқият оқып, негізгі ақпараттарды анықта. Сандық ақпараттарды басшылыққа алып, графиктік мәтін (деректік диаграмма) құрастыр.

Соңғы 10 жылда елімізде театрға барушылар саны – 50%, мұражайларға – 25%, кітапханаға – 40%, концерт залдарына – 100%-ға өссе, киноға деген қызығушылық – 400%-ға дейін күрт өскен. Ranking.kz жобасының зерттеуіне сенсек, өткен жылдары қазақстандық кинопрокатшылар 10 млрд теңге пайда тапқан сияқты. Олар 420 мың киносеанс көрсетіп, 13 млн билет сатқан. Бұл – еліміздегі киноөндіріс нарығында бұрын-соңды болмаған құбылыс, рекордтық көрсеткіш.



3-тапсырма. Театрдың жаңа маусымындағы қойылған спектакльдер немесе теледидардан тамашалаған драмалық туынды бойынша жай сөйлем түрлерін қатыстырып, ой бөлісіңдер. Театр маусымындағы өздеріңе ұнаған спектакль мен ең үздік актерлік ойын туралы пікірлесіңдер.



4-тапсырма. «Менің сүйікті кейіпкерім» тақырыбында диалог құрыңдар. Жай сөйлем түрлерін қолданыңдар.



5-тапсырма. Мәтінде қандай мәселе туралы сөз қозғалады? Ұлттық мәдениет туралы пікірлесіңдер. Сөйлемдерді сұраулы сөйлемдерге айналдырыңдар.

Тәуелсіз қазақ елінің алдында даму мен өсіп-өркендеудің бұрын-соңды болмаған зор мүмкіндіктері тұр. Елбасы Қазақстанды бәсекеге қабілетті ең дамыған елу елдің қатарына қосу міндетін алға қойды. Бұл – еліміздегі саяси реформалар мен экономиканы дамытудағы қол жеткізген табыстардың айқын бір көрінісі. Әйтсе де, кез келген елдің даму деңгейі

мәдени-рухани саладағы табыстарымен де өлшенеді. Ал мәдениет пен өнердің ең үлкен салаларының бірі – театр. Ол – елдің төлқұжаты, мәдени дәрежесінің көрсеткіші. Халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтаушы. Кеңес өкіметі тұсындағы қиын кезеңде қазақтың рухы, бай ана тілі, тарихы, салт-дәстүрі Өуезов атындағы академиялық театр бастаған ұлттық өнер ұжымдарында сөнбей, сақталып тұрды. Театрлардың арқасында көптеген ұлттық қадір-қасиетіміз, асыл мұраларымыз бүгінгі заманға аман жетті.

(Сұлтанәлі Балғабаев)



6-тапсырма. Жай сөйлемдердің айтылуын басшылыққа алып, мәтін бойынша төмендегі сөйлемдерді толықтырып жаз.

... Қазақстанды бәсекеге қабілетті ең дамыған елу елдің қатарына қосу міндетін алға қойды. Бұл – еліміздегі саяси реформалар мен экономиканы дамытудағы қол жеткізген табыстардың айқын бір Ал мәдениет пен өнердің ең үлкен салаларының бірі – Ол – елдің ... , мәдени дәрежесінің Халықтың мұңын мұңдап, жоғын



7-тапсырма. Мәтін бойынша ой бөлісіңдер. Мәтіндегі 1-абзацты сұраулы және лепті сөйлемдерге айналдырыңдар.

Өнер жолында

Өнер жолына түскен отызыншы жылдардың орта кезінен бастап тыңдаушысын әсем дауысымен, актерлік шебер өнерімен баурап алған үлкен өнер дарын иелерінің бірі – Қазақ КСР халық әртісі Кәукен Кенжетәев. 1936–1941 жылдары Мәскеу консерваториясы жанындағы қазақ студиясында оқыған ол сұрапыл соғыс кезінде Хәбаровскідегі шеғарашылар ансамблінде қызмет етті. К. Кенжетәев – 1946 жылдан бастап Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік опера және балет театрының солисі. Осы театр сахнасында өткен қырық жылдың ішінде талантты әнші әр қырынан танылып, небір күрделі рөлдерді атқарды.

К. Кенжетәев көп жыл режиссерлік қызметпен де айналысты. Ол халық әндерін, халық композиторлары мен қазіргі қазақ сазгерлерінің туындыларын насихаттауға да зор үлес қосты. 1957 жылдан бері бір-сыпыра кинофильмге түсті.

Кәукен кинода жиырмаға жуық рөлде ойнады. Солардың ішінде ерекше аталатындары – «Ел басына күн туса» фильміндегі Бауыр-

жан Момышұлының, «Мәншүк» фильміндегі Мәншүктің әкесінің, «Тұлпардың ізіндегі» шопанның әкесінің, «Гауһартастағы» ақсақалдың рөлі. Әрине, айрықша ауызға алатын – «Қыз Жібек» фильміндегі Төлегеннің әкесі Базарбайдың бейнесі.

Ел Президенті Алматыдағы опера және балет театры ғимаратының қалай жөнделіп жатқанын көруге келді. Сол жерде өнер қайраткерлерінің үлкен тобы Елбасымен кездесіп, әңгіме-сұхбат жүргізді. Сонда Нүрекең Кәукене ерекше ілтипат көрсетіп, жағдайын, денсаулығын сұрады. Қазыналы өнердің серкесі Кәукен аға Мәдениетті қолдау жылында «Отан» орденімен марапатталды.

(Камал Смайыл)



8-тапсырма. «Менің сүйікті актерім» тақырыбына хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерді қатыстырып, эссе жаз.

7–8-сабақ

ТЕАТР ТУРАЛЫ ОЙЛАР



1-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап жаз.

- Актерлік шеберлік кез келген адамның бойында бола ма?
- Операның қандай түрлері бар?
- Операдағы қандай басты элементтерді білесің?
- Қазақстандық танымал өнер адамдары туралы не айтасың?
- «Өнерліге өріс кең» дегенді қалай түсінесің?



2-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтінде айтылған ойды талқыла.




3-тапсырма. Театр мен киноның айырмашылығы туралы лепті сөйлемдерді қатыстырып, диалог құрыңдар.




4-тапсырма. «Біздің қаладағы театр» немесе «Ауылға театр келгенде» тақырыбында жай сөйлем түрлерін қатыстырып, мәтін құрастыр. Құрастырған мәтінді сөйлемнің айтылу мақсатына қарай баянда.



5-тапсырма. Суретке қарап, театр туралы ой бөлісіңдер. Жай сөйлем түрлерін қолданыңдар.



6-тапсырма. Сызба бойынша жай сөйлем түрлерін қатыстырып, мәтін құрап жаз.



7-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Бүгінгі сабақтан не білдің, бұрын нені білетінсің?
- Жай сөйлем түрлерінің тыныс белгілерін дұрыс қолдана аласың ба?

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТУРИЗМ ЖӘНЕ ЭКОТУРИЗМ

9-бөлім

1–2-сабақ

ҚАЗАҚСТАН ТУРИЗМІ



1-тапсырма. Сұрақтарға ойланып жауап бер.

- Туризм дегенді қалай түсінесің?
- Саяхат пен туризмнің айырмашылығы неде?
- Демалыстың адамға қандай пайдасы бар?



2-тапсырма. Мәтінді мұқият тыңда. Дауыс кідірісінің мәтін мазмұнын жеткізудегі рөліне мән бер. Көтерілетін мәселені болжа.



3-тапсырма. Тыңдалған мәтін бойынша мына сұрақтарға жауап бер.

1. Қазақстан туризмі қалай дамып келеді?
2. Туризм туралы қандай мәліметтерді білесің?
3. Қазақстанда туризм туралы заң қашан қабылданды?



4-тапсырма. Мәтінді түсініктеме жасап оқы. Мәтін соңындағы сұрақтарға жауап бер. Сөздік құрам жайлы ойыңды осы тақырыппен байланыстыр.

Туризм тарихы

Туризм тарихының тамыры өте тереңде жатыр. Туризмнің даму кезеңі үшке бөлінеді: 1. XVIII ғасырдың соңына дейінгі туризм; 2. XIX–XX ғасырлардағы туризм – Екінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі; 3. Қазіргі туризм.

Туризм саяхат, сауда-саттық сапарлар өзінің мәнін жоғалтқанда басталды. Алғашқы діни саяхаттар б.з.б. төртінші мыңжылдықта жүргізілді. Ол Ежелгі Египетте басталды. Б.з.б. 1501–1484 жылдары Египет ханшасы Хатшепсуттың ұйымдастыруымен саяхат жасалды. Ал б.з.б. VI ғасырда египеттік фараон Нехо Африка төңірегінде атақты ұшжылдық саяхат құрған. Осы кезеңде көптеген саяхаттар болды.

Туризмнің алғашқы қадамдары XVII–XVIII ғасырларда басталды. Ең бірінші туристік саяхат Англияда пайда болған. Онда 1841 жылы Томас Кук 600 адамнан құрылған топты Лейстерден Лафбороға дейін апарып, теміржолмен саяхат жасаған. 1882 жылы ең алғашқы әлемдік «Куктың Жер шарын айналған» саяхаты болды. Ол теміржол және пароход компанияларымен, қонақүй және мейрамханалармен келісім құжат жасады. Томас Кук ең алғашқы болып туристік «тур» деген сөзді ашты. Ол бірінші болып туристік маркетинг пен менеджментке жол ашты. Сол үшін Кук бірінші туризм менеджері болып саналады. Халықаралық курорттардың дамуы Германия, Швейцария, Франция, Италия, Чехия мемлекеттерін халықаралық дәрежеге жеткізді. XVIII ғасырдың аяғында басқа елдерге саяхат жасап жүрген адамдарды туристер деп атай бастады.

(Баспасөз материалдарынан)

Сұрақтар:

1. Туризмнің алғашқы қадамдары қай ғасырда басталды?
2. Ең бірінші туристік саяхат қай жерде пайда болған?
3. Туризм менеджері атанған кім?



Алматы қаласы өзінің ең алғашқы шетелдік туристерін 1956 жылы қабылдаса, 1974 жылы бұл сан 8 мыңнан асып үлгерді. 1974 жылы Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанынан шетелдік туризм жөніндегі басқарма құрылды. Қазақстанның табиғи байлығының молдығы, әсем табиғаты шетелдік туристерді қызықтырады.



5-тапсырма. Берілген суреттерді саяхатшы ретінде талдап, ойынды дәлелдеп айтып бер.





Тілдік бағдар

Тыныс белгілерінің қабаттаса қолданылуы

<p>Сұраулы сөйлем лептік интонациямен (екіүдай сезіммен) айтылғанда, сұрақ басым болса, сұрау белгісі бұрын, көңіл күй екпіні басым болса, леп белгісі бұрын қойылады.</p>	<p>Ой аяқталмаған жағдайда бірінші бөлігі сұрау мағыналы болса, алдымен сұрау белгісі, сосын көп нүкте қойылады.</p>	<p>Жалғаулықсыз қарсылықты салалас құрмалас құрамындағы жай сөйлемдер арасына үтір, сызықша қойылады.</p>	<p>Төл сөз бен автор сөзі арасына сызықша үтірмен, леп белгісімен, сондай-ақ тырнақша мен үтір, көп нүкте, нүкте, сұрау, леп белгілері қабаттаса қойылады.</p>
<p>Мысалы: <i>Осылай боларын білдім бе мен?!</i></p>	<p>Мысалы: <i>Мына жайды байқадың ба?..</i></p>	<p>Мысалы: <i>Көңгім келмеді, – амалым не?</i></p>	<p>Мысалы: <i>«Көзіңе қарамайсың ба?!» – деп шаңқ етті.</i></p>



6-тапсырма. Саяхат, туризм туралы шағын мәтін таңдап алыңдар. Мәтінді бір бет қағазға жазып, мазмұнына қарай бірнеше бөлікке бөліңдер. Бөліктерді жинап, мәтін құраңдар. Сөйлемдердегі тыныс белгілеріне мән беріңдер.



7-тапсырма. Төменде берілген тақырыптардың бірін таңдап, зерттеу жүргізіңдер. Тапсырманы постермен қорғаңдар.

- ♦ **1-тақырып.** Қазақстандағы туризмді дамыту іс-шаралары.
- ♦ **2-тақырып.** Алматы қаласындағы туристік компаниялар.
- ♦ **3-тақырып.** Туристік саяхатқа шығу дайындығы.
- ♦ **4-тақырып.** Туристердің қауіпсіздігін сақтау мәселесі.



8-тапсырма. «Туризм» ұғымына энциклопедияда, түсіндірме сөздікте берілген анықтамаларды жинақтап, сөздік (гlossарий) құрастырып жаз.



9-тапсырма. Төмендегі қосымша мәліметтер бойынша түйіндеме (аннотация) түрінде айқындауыш мүшелер қатысқан үш сөйлем құрастырып жаз.

1. **Келу туризмі** – Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұрмайтын адамдардың Қазақстан Республикасы шегіндегі саяхаты.

2. **Шығу туризмі** – Қазақстан Республикасының азаматтары мен Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын адамдардың басқа елге саяхаты.

3. **Ішкі туризм** – Қазақстан Республикасының азаматтары мен оның аумағында тұрақты тұратын адамдардың Қазақстан Республикасының шегіндегі саяхаты.



10-тапсырма. Өзіңнің қай жерге туристік сапармен барғаныңды әңгімелеп, сыныптасыңмен диалог құр. Интонация компоненттерінің сақталуына, тыныс белгілеріне мән бер.



11-тапсырма. Қазақстандағы туризм саласын дамыту бойынша мақала жаз. Мақала жазу барысында тыныс белгілердің қабаттаса қолданылуын пайдалан.



12-тапсырма. Бұқаралық ақпарат құралдарынан, ғаламтордан, мақала, деректерден қазіргі туризм туралы ақпарат жина. Жинаған ақпараттарыңа сәйкес сұрақтар құрастыр. Оларды салыстырып, ой бөліс өткізіңдер.

Ой бөліске қойылатын талаптар:

- Тақырыптан ауытқымау.
- Уақыттан асырмау.
- Сөз әдебін ұстану.
- Тіл сауаттылығына мән беру.
- Фразеологиялық тіркестерді қолдану.
- Өзіндік көзқарасыңды дәлелді жеткізу.
- Ақпараттардың шынайылығын сақтау.



13-тапсырма. Өздеріңнің көңіл күйлеріңді, сабақта алған әсерлеріңді әңгімелеңдер. Бір-біріңе жақсы тілек, жылы лебіз сыйлаңдар. Достарыңа, ата-аналарыңа, мұғалімдеріңе біздің еліміздегі туристік орындар, саяхатқа шығу жөнінде смайликтер, SMS жіберіңдер.

3–4-сабақ

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТУРИЗМ



1-тапсырма. Сұрақтарға ойланып, жауап бер.

- Неліктен туризмнің бір түрін экологиялық туризм деп атайды?
- Оның басқа туристік нысандардан айырмашылығы неде?
- Қазақстанның экологиялық туризмі туралы не білесің?



2-тапсырма. Мәтінді мұқият тыңда. Дауыс тембріне мән бер.



3-тапсырма. Тыңдалған мәтін бойынша төмендегі сұрақтарға жауап бер.

1. Экотуризмнің дамуы туралы не білесің?
2. Қазақстандағы экотуризм қай бағыттарда дамып отыр?
3. Өзің тұратын аймақта қандай экологиялық жағдай қалыптасқан?
4. Тыңдалған мәтіндегі астарлы ой қайсы?

Тілдік бағдар

Леп белгісі қойылатын сөйлемдегі ой толық аяқталмай үзіліп қалғанда, алдымен леп белгісі, одан соң көп нүкте қойылады.

Мұндайды күтпеп едім!..



4-тапсырма. Мәтінді оқып, оған тақырып қой. Мәтіннің мақала түрінде рәсімделуін дәлелде. Ойды жалғастыр. Мәтіннен сөйлемнің бірыңғай мүшелерін тап.

Бүгінгі таңда туризм – экономиканың ең жоғары кірісті және үдемелі дамитын салаларының бірі. Туризм еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдетумен қатар өлкеміздің абырой-беделін арттыруға, жұртшылықтың білім-танымының жоғарылауына, ақпарат таратудың жаңа түрлерін енгізуге ықпал етеді. Туризм дамуының жоғары қарқыны, валютаның зор түсімдері экономиканың өртүрлі секторларына белсенді әсер етеді, бұл туристік индустрияның қалыптасуына көмектеседі.

Туристiк индустрия туризм жүйесiнiң бiр жағын құраса, туризм жүйесiнiң екiншi жағы – туристiк ресурстар. Туристiк-рекреациялық ресурстар дегенiмiз – табиғи, тарихи, әлеуметтiк-мәдени нысандар, туристiк көрсету нысандары, сонымен қатар туристердiң рухани қажеттiлiктерiн қанағаттандыруға, олардың физикалық және рухани күштерiн қайта қалпына келтiру үшiн көмек беруге қабiлетi бар басқа да нысандар.

Туристiк-рекреациялық ресурстар – туристердiң рухани, рекреациялық қажеттiлiгiн қанағаттандыратын, күш-жiгерiн қалпына келтiрiп, сергiтетiн табиғи (теңiз, көл, өзен жағалауы) және антропогендiк (тарихи-архитектуралық көрiктi жерлер) нысандар. Туристiк-рекреациялық ресурстар қатарына: курортты немесе емдiк демалыс (минералды су, тау баурайы, орман iшi, теңiз жағалауы), сауықтыру (ландшафты климат жағдайлары, қолайлы жыл мезгiлдерi, суға түсу маусымы), спорттық-альпинистiк (тау тiзбегi, қия жарлар, шатқалдар немесе шөлдi-шөлейттi, халық сирек орналасқан жерлерге) және экскурсия-туристiк (тарихи, мәдени, археологиялық ескерткiштер, табиғаттың көрiктi орындары, этнографиялық нысандар, мұражайлар, бiрегей таңғаларлық техникалық құрылыстар) нысандар жатады.

(Ұлттық энциклопедиядан, 8-том)



5-тапсырма. Кестенi өздерiң тұратын аймақтағы экотуризм нысандары бойынша толтыр. Туристiк орындарға сипаттама жаз.

Аймақтар бойынша туризм түрлерi				
Оңтүстiк Қазақстан	Солтүстiк Қазақстан	Орталық Қазақстан	Шығыс Қазақстан	Батыс Қазақстан
экологиялық	экологиялық	экологиялық	экологиялық	экологиялық
тау	шаңғы	экскурсиялық	тау	су
жаяу	жаяу	су	танымдық	жаяу
велосипедтiк	экскурсиялық	спелеологиялық	экскурсиялық	экскурсиялық
экскурсия-лық		тарихи		тарихи
тарихи				дiни
дiни				



6-тапсырма. «Бурабайға» туристік жолдама алу үшін туристік қызмет көрсету фирмасын таңдап, онымен сұхбат жүргізу мәтінін құрастырыңдар. Мәтінде төл сөз бен автор сөз арасында қабаттаса қолданылатын тыныс белгілеріне көңіл бөл.



7-тапсырма. «Туризм және бүгінгі экотуризм» тақырыбына эссе жаз. Өз ойыңды дәлелдеп, келтірілген деректердің маңызды тұсын анықтап көрсет.



8-тапсырма. Оқылым мәтіні бойынша кестені толтыр. Негізгі ақпаратты, маңызды бөліктерді түсіндір.

Дәйексөз	Түсіндірме



9-тапсырма. Төмендегі суреттер бойынша әңгіме құрастырыңдар. Әңгіме құрастыруда леп белгісі, одан соң көп нүкте қойылатын сөйлемдерді жиі пайдаланыңдар.





10-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша өз пікіріңді дәйектеп жаз. Дәйектемеде мақал-мәтелдерді орынды қолдан.

- 1) Менің пікірім – *бір сөйлем.*
- 2) Дәлел – *екі сөйлем.*
- 3) Пікіріңді дәлелдейтін мысал – *екі-үш сөйлем.*
- 4) Өз пікіріңе қарсы ой топшылау – *бір сөйлем.*
- 5) Қарсы пікіріңді ақтап алатын пікір – *екі-үш сөйлем.*
- 6) Қорытынды сөз – *екі сөйлем.*



11-тапсырма. Сабақтан алған әсеріңді, ойыңды сұраққа жауап бере отырып айт.

1. Бүгінгі сабақта жаңа әрі қызықты ақпарат ала алдым ба?
2. Топтық жұмыстарда мен өзімді көрсете алдым ба?
3. Бүгінгі сабақтан алған ақпараттар менің өмірім үшін маңызды ма?
4. Бүгінгі сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

5–6-сабақ

МӘДЕНИ ТУРИЗМ



1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Мәдени туризм дегенді қалай түсінесің?
- Еліміздегі қандай құнды ескерткішті білесің?
- Қазақстандағы мәдени туризм туралы не білесің?



2-тапсырма. Мәтінді мұқият тыңдап, өзің білетін мәліметтермен толықтырып жалғастыр.

Тілдік бағдар

Сұрау белгісі қойылатын сөйлемдегі ой толық аяқталмай, үзіліп қалғанда, алдымен сұрау белгісі, одан кейін көп нүкте қойылады.

Көңілің неге жабырқау?..



3-тапсырма. Қазақстандағы танымал ескерткіштер туралы не білесің? Сөйлем соңында қабаттаса қойылатын тыныс белгілерді қатыстырып, берілген сурет бойынша шағын мәтін құрап жаз.



Қожа Ахмет Ясауи кесенесі




Айша бибі кесенесі



«Есік» қорымы



Бекет ата ескерткіші



Арыстан баб кесенесі



Қозы Көрпеш–Баян сұлу мазары



4-тапсырма. Мәтінді түсініктеме жасап, іріктеп оқы. Мәтін бойынша сұрақтар дайында. Бір сөйлем соңына қабаттаса қойылатын тыныс белгілерін қойып, сөйлемдегі мағына қалай өзгертетінін дәлелде.

Бүкіл әлемдегі сияқты біздің елімізде де мәдени туризм жеке бағытқа бөлініп, жыл сайын одан әрі дамып келе жатыр. Бүгінгі таңда елде республикалық 9 тарихи-мәдени қорық-мұражайлар қызмет етеді. Олар: «Өзірет Сұлтан», «Ұлытау», «Отырар», «Жидебай–Бөрілі», «Ордабасы», «Таңбалы», «Ежелгі Тараз ескерткіштері», «Есік» және «Берел» тарихи-мәдени қорық-мұражайлары. Олардың құрамындағы мәдени тарихи ескерткіштер аталған Тұжырымдаманың туристік кластерлеріне енген. Мысалы, Алматы кластеріне ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мәдени мұра тізіміне енген Тамғалы петроглифтері, Есік қорғандары, Ешкіөлмес петроглифтері, «Жібек жолы» сериялық трансұлттық номинациясына енгізілген нысандар (Талғар қалашығы, Боралдай сақ қорғандары) ұсынылды.

(Баспасөз материалдарынан)



5-тапсырма. Мәтінді жалғастырып жаз, сөйлем соңында қабаттаса қойылатын тыныс белгілерін дұрыс қолданып, жауаптарыңды дәлелде. Пунктуациялық норма бойынша сыныптасыңа сұрақтар қой.

Мәдениет – рухани құндылықтар жүйесі, қоғамдық сананың, ұлттың даралығын қалыптастыратын негізгі құрылымдардың бірі, Қазақстан халқының рухани мұрасы мен мүмкіндіктерінің маңызды бөлігі. Әлемдік мәдени кеңістікке ену дегеніміз – мәдени жетістіктердің шетелге танылуы, қазақстандық және әлемдік мәдениеттердің мақсат-мүдделерінің тоғысуы, мәдени тәжірибелермен, ғылыми жобалармен және бағдарламалармен бөлісу.



6-тапсырма. Берілген суреттерді пайдаланып, «Қазақстандағы мәдени туризм» тақырыбында диалог құрастырыңдар.





7-тапсырма. Қазақстандағы мәдени мұралар туралы ақпарат құралдарынан, энциклопедиялардан мәліметтер алып, сөйлем соңында қабаттаса қойылатын тыныс белгілерін қатыстырып, эссе жаз.



8-тапсырма. Қазақстандағы туризмнің қазіргі жағдайы және оны дамыту мәселелері туралы ой бөлісіңдер. Қаратпа, қыстырма сөздерді жиі қолданыңдар.



9-тапсырма. Төменде берілген мәтіндегі сандық ақпараттарды графиктік мәтінге айналдыр. Қазақстанның туризм саласында көшбасшы елдер қатарына қосылуының тиімді жолдарын ұсынып таныстыр.

Қазақстандағы ішкі және келу туризміне 2000–2007 жылдар кезеңінде сұраныстың артуы, кейіннен оның экономикалық дағдарысқа байланысты 2008 және 2009 жылдары төмендеуі байқалды. 2010 жылы экономиканың қайта қалпына келуімен 2011 жылы туризмге сұраныс жаңғыртылды, кейін 2014 жылы рекордтық деңгейге дейін жетті. 2016 жылы келушілер санының өсуі 2010 жылмен салыстырғанда, 65,5%-ды құрады.

(«Әділет» АҚЖ)



10-тапсырма. Сабақтан алған әсеріңді, ойыңды жаз.

1. Не ұнады?
2. Не ұнамады?
3. Нені өзгерткің келеді?
4. Саған не қиын болды?
5. Саған ең пайдалысы не болды?

CӨЗДІК

- Адам** – Жер бетіндегі ең жоғарғы даму сатысындағы тіршілік иесі.
- Астронавт** – ғарыш кемесін жүргізуге немесе ғарышқа саяхат жасауға және сонда жұмыс істеуге міндетті адам.
- Атамекен** (араб. – мекен-орын, жай) – туған жер, өлке. Түркі қауымына ортақ «ата» сөзімен қосылып, әуелде «атақоныс» ұғымында қолданылған. Кейін келе мәні кеңейіп, ата-бабалар ғұмыр кешкен, олардың өз ұрпақтарына мәңгілікке қалдырған иелігі, ең қымбат мұрасы деген ұғымды білдіреді.
- Биоалуантүрлілік** – адамзатты шексіз ұзақ уақыт энергетикалық, техникалық және басқа ресурстармен қамтамасыз етудің жалғыз көзі.
- Галактика** – ғаламды құрайтын, өлшемдері өте үлкен жұлдыздар жүйесі. Ғаламның бізге байқалатын бөлігіндегі галактикалар жиынтығын кейде *метагалактика* деп атайды.
- Глобалды ластану** – Жер шарының кез келген нүктесіндегі ластану. Мысалы, атмосфераның көміртегі оксидтерімен, күкірт, азот, пестицидтермен, әлемдік мұхиттың мұнай өнімдерімен ластануы.
- Ғарыш** (араб. – кеңістік, космос) – Ғаламның астрономиялық анықтамасының синонимі.
- Ғарышты ғылыми-зерттеу стансылары** – ішінде адам отырмайтын, ғарыштағы аймақтар мен денелерді зерттеп, Жерге мәлімет жіберуге аттандырылған ғарыш кемелері.
- Демэкология** – популяциялар мен оларды қоршаған орта арасындағы қарым-қатынастарын зерттейтін экологияның бөлімі.
- Еңбек** – материалдық және рухани байлықтардың көзі, сонымен бірге, ол адам өмірінің ең бірінші шарты. Бір жағынан, ол адамның өмір құралдарын табудағы өзара әрекеттесуі.
- Еңбек келісімшарты** – жұмысшы мен жұмыс берушінің еңбек қатынастарын реттейтін құқықтық акт.
- Жасөспірімдік жас** – бұл дүниетанудың, адамгершілік сенімнің, қағидалар мен арман-мұраттың, бағалау ұғымы жүйелерінің белсенді қалыптаса бастау жасы.
- Жер** – Күн жүйесіндегі Күннен әрі қарай санағанда үшінші ғаламшар, адамзаттың тіршілік ететін бесігі. Табиғи серігі – Ай.
- Жұлдыздар** – мол жарық пен қуат бөлетін алып газ төрізді денелер. Жұлдыздардың өлшемі өртүрлі.
- Жұлдыздар шоғыры** – ортақ гравитациялық байланыс арқылы бірге орналасқан жұлдыздардың үлкен топтары. Жұлдыздар шоғыры – аспандағы ең әдемі нысандардың бірі.
- Заң** (ағылш. *law*) – мемлекет белгілеген бүкіл нормативтік-құқықтық актілер, жалпыға бірдей міндетті ережелер; мемлекеттік биліктің жоғары өкілетті

- органы қабылдаған немесе тұрғындардың тікелей ерік білдіруі арқылы (мысалы: референдум тәртібімен) қабылданған, неғұрлым маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін нормативтік акт.
- Кәсіпкерлік қызмет дегеніміз** – тауар өндіру мен қызмет көрсету түрлері бойынша табыс табу мақсатымен тәуекелге баратын адамның өзіндік іс-әрекеті мен қызметі.
- Кәсіп** – дәстүрлі қазақи ортада қол еңбегімен айналысып, қосалқы табыс табу мақсатында белгілі бір материалдық құндылықтар өндірудің түрі.
- Көне Түркі жазуы** (басқаша Орхон-Енисей жазуы) – V ғ. б.з.б. – X ғ. б.з. түркі тайпаларының жазуы.
- Көне түркі тілдері** – Орхон-Енисей жазба ескерткіштері, көне жазба ескерткіштері.
- Контент** – ақпараттық толтыру (мәтіндер, графика, мультимедиа және басқа ақпараттық мәнді толтыру).
- «Қазақстанның Қызыл кітабы»** – Қазақстан Республикасы аумағында жойылып кету қаупі төнген және сирек кездесетін жануарлар мен өсімдіктердің сипаттамасы берілген арнайы басылым.
- Қоршаған ортаны қорғау** – ғарыш кеңістігі және табиғат ресурстарын қайта өңдеу мен тиімді пайдалануға бағытталған ғылыми, құқықтық, техникалық шаралардың жиынтығы.
- Қоршаған орта** – тіршілік ету ортасы, табиғаттың барлық материалдық денелері, күштері мен құбылыстарының, заттары мен кеңістігінің жиынтығы, тірі организмдермен тікелей байланыста болатын адамның қызметі.
- Құқық дегеніміз** – мемлекет тарапынан заңдастырылған және қорғалатын, жалпыға бірдей міндетті нормалар жүйесі.
- Құс жолы** – біздің Күн жүйеміз орналасқан, торланған спираль тәрізді галактика.
- Құндылықтар** – адамның рухани-адамгершілік қасиеттерін, өмірлік бағытын, мақсатын, тілек-арманын білдіретін қажеттіліктер.
- Мәдениет** – рухани құндылықтар жүйесі, қоғамдық сананың, ұлттың даралығын қалыптастыратын негізгі құрылымдардың бірі.
- Рухани қажеттіліктер** – әрбір адамның жан дүниесінің тереңінде жатқан, оны түрлі әрекеттерге ұмтылдыратын өмірдің идеалды формасы.
- Сайт** немесе **веб-сайт** – бір ұйымға немесе жеке адамға тиісті және әдеттегідей, белгілі бір тақырыпқа арналған өзара байланысты веб-беттердің тобы.
- Туризм** (франц. *tourisme, tour* – серуендеу, жол жүру) – адамның бос уақытында негізінен айтқанда жұмыстық немесе мәлім міндеттік мәжбүрлеумен емес, туысшылаумен емес, өз еркінше көңіл көтеру мен демалу үшін, тәуекел жасау үшін, көріп қызықтау үшін, яғни субъективті рухани қажеттілік бойынша басқа бір жерге ерікті саяхаттап, серуендеп баруы.
- Экологиялық сараптама** – адамның шаруашылық және басқа қызмет түрлерінің экологиялық талаптарға сәйкестігін анықтайтын сараптама.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
---------------	---

1-бөлім. КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБАЛАРЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЖАЗУЫ

1–2-сабақ. Көне түркі жазба ескерткіштері	4
3–4-сабақ. Енисей, Талас, Орхон ескерткіштері	6
5–6-сабақ. Қазақ жазуы	8
7–8-сабақ. Ескерткіштер – ел тарихы	11

2-бөлім. АДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ ӘЛЕМ МӘДЕНИЕТІ

1–2-сабақ. Құндылықтар әлемі	13
3–4-сабақ. Адам – ең жоғары құндылық.....	17
5–6-сабақ. Өмірлік құндылықтар	22
7–8-сабақ. Әлем мәдениеті	28

3-бөлім. КӘСІП ПЕН ЕҢБЕК. БОЛАШАҚ МАМАНДЫҚТАР

1–2-сабақ. Кәсіп пен еңбек	33
3–4-сабақ. Мамандық таңдау – маңызды іс	36
5–6-сабақ. Болашақ мамандықтар	39
7–8-сабақ. Мамандық	45

4-бөлім. ҒАРЫШТЫ ИГЕРУ ЖЕТІСТІКТЕРІ

1–2-сабақ. Ғаламның пайда болуы.....	47
3–4-сабақ. Ғарышты зерттеген астрономдар	51
5–6-сабақ. Ғарышқа жол Жерден басталады	54
7–8-сабақ. Жер серіктері	58

5-бөлім. БИОАЛУАНТҮРЛІЛІК. «ҚЫЗЫЛ КІТАПҚА» ЕНГЕН ЖАНУАРЛАР МЕН ӨСІМДІКТЕР

1–2-сабақ. «Қызыл кітапқа» енген жануарлар мен өсімдіктер.....	64
3–4-сабақ. «Қызыл кітапқа» енген жануарлар	68
5–6-сабақ. «Қызыл кітаптағы» өсімдіктер әлемі	71
7–8-сабақ. «Қызыл кітапқа» енген құстар мен балықтар	74

6-бөлім. ҚОРШАҒАН ОРТА ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯ РЕСУРСТАРЫ

1–2-сабақ. Отан! Табиғат! Жер-Ана!	79
3–4-сабақ. Табиғи ресурстар	83
5–6-сабақ. Ұлттық байлық	86

7-бөлім. ЖАСӨСПІРІМ ЖӘНЕ ЗАҢ

1–2-сабақ. Жасөспірімдік кезең және бала құқығы	89
3–4-сабақ. Заңдарды білгім келеді	93
5–6-сабақ. Жасөспірім құқығы	98
7–8-сабақ. Жасөспірімдер тәрбиесі және құқық бұзушылық	100

8-бөлім. ТЕАТР ӨНЕРІ МЕН МӘДЕНИЕТІ

1–2-сабақ. Театр өнері.....	103
3–4-сабақ. Қазақтың кәсіби театр өнері	105
5–6-сабақ. Ұлттық мәдениет	109
7–8-сабақ. Театр туралы ойлар	111

9-бөлім. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТУРИЗМ ЖӘНЕ ЭКОТУРИЗМ

1–2-сабақ. Қазақстан туризмі	113
3–4-сабақ. Экологиялық туризм.....	117
5–6-сабақ. Мәдени туризм	120
Сөздік	124

Оқу басылымы
Өрінова Бақыт Айтуқызы
Молдасан Қуаныш Шорманқызы
Байшағырова Амангүл Пірімжарқызы

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық

Редакторы *Р. Райбаева*
Әдіскері *Л. Жұмекенова*
Суретшісі *Г. Искакова*
Фотосуреттерді түсірген *А. Устиненко*
Көркемдеуші редакторы *Д. Омарова*
Техникалық редакторы *Ұ. Рысалиева*
Корректоры *Е. Амангелді*
Компьютерде беттеген *Э. Омарова*

ИБ № 071

Теруге 22.01.2018 берілді. Басуға 04.06.2018 қол қойылды. Пішімі 70x90^{1/16}.
Офсеттік қағаз. Мектептік өріп. Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 9,36.
Есептік баспа табағы 8,58. Таралымы 50 000 дана. № 3505 тапсырыс.

«Атамұра» корпорациясы» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.
Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясы» ЖШС-нің Полиграфкомбинаты,
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.

